ТІЛ және ҚОҒАМ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ
INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№2 (66) 2026

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті

Republic of Kazakhstan Ministry of Science and Higher Education
Committee on Language Policy

Министерства науки и высшего образования
Комитет языковой политики Республики Казахстан

«ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖУРНАЛЫ

«TIL ZHANE KOGAM»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC ELECTRONIC JOURNAL

«ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ»

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЭЛЕКТРОННЫЙ ЖУРНАЛ

№2 (66) 2026

Астана, 2026
Astana, 2026

ТІЛ және ҚОҒАМ

Халықаралық ғылыми журнал

Алғашқы есепке қою нөмірі мен мерзімі: 2993-Ж; 27. 05. 2002 жыл
«Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлігі берілген.
Куәлік нөмірі: №KZ68VPY00111810
Атауы: «Тіл және қоғам»
Шығу жиілігі: жылына 4 рет
Тілі: қазақ, ағылшын және орыс
Тақырыптық бағыты: халықаралық ғылыми электрондық журнал, лингвистика және жасанды интеллект, терминология, тіл оқыту әдістемесі
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы, алыс-жақын шетелдер

Бас редактор
А. ҚОЖАХМЕТ

Жауапты редактор
Ж. ИСКАКОВА

Редакцияның мекенжайы:
Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7А,
til.qogam@tilqazyna.kz

Primary registration number and date: 2993-ZH; May 27, 2002
A certificate of re-registration of the periodic printed publication has been issued by the Republican State Establishment «Committee of Information of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan»
Certificate number: №KZ68VPY00111810
Title: «Тіл және қоғам» *(Language and Society)*
Publication frequency: 4 times a year
Languages: Kazakh, English, and Russian
Thematic focus: International scientific electronic journal, linguistics and artificial intelligence, terminology, language teaching methodology
Distribution area: Republic of Kazakhstan, near and far abroad

Первичный регистрационный номер и дата: 2993-Ж; 27.05.2002 год
Выдано свидетельство о повторной регистрации периодического печатного издания Республиканским государственным учреждением «Комитет информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан».
Номер свидетельства: №KZ68VPY00111810
Название: «Тіл және қоғам» *(Язык и общество)*
Периодичность выхода: 4 раза в год
Языки: казахский, английский и русский
Тематическое направление: международный научный электронный журнал, лингвистика и искусственный интеллект, терминология, методика преподавания языков
Территория распространения: Республика Казахстан, дальнее и ближнее зарубежье

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Отандық ғалымдар

Ербол Тілешов	*филология ғылымдарының кандидаты*
Шерубай Құрманбайұлы	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Бекен Сағындықұлы	*филология ғылымдарының докторы, профессор,*
Гүлбаршын Сыздықова	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Алмагүл Әділова	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Сабира Исакова	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Шынар Қапантайқызы	*педагогика ғылымдарының докторы, профессор*
Болат Хасенов	*философия докторы (PhD), профессор*
Бану Ергеш	*философия докторы (PhD)*

Шетелдік ғалымдар

Валентина Маслова	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Марина Пименова	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Рустам Шадиев	*философия докторы (PhD), профессор*

EDITORIAL BOARD

Domestic experts

Erbol Tileshov	*Candidate of Philological Sciences*
Sherubay Kurmanbayuly	*Doctor of Philology, Professor*
Beken Sagyndykuly	*Doctor of Philology, Professor*
Gulbarshyn Syzdykova	*Doctor of Philology, Professor*
Almagul Adilova	*Doctor of Philology, Professor*
Sabira Isakova	*Doctor of Philology, Professor*
Shynar Kapanatayeva	*Doctor of Pedagogical Sciences*
Bolat Khasenov	*PhD in Philosophy, Professor*
Banu Ergesh	*PhD in Philosophy*

Foreign Scientists

Valentina Maslova	*Doctor of Philology, Professor*
Marina Pimenova	*Doctor of Philology, Professor*
Rustam Shadiev	*PhD in Philosophy, Professor*

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Отечественные ученые

Ербол Тлешов	*Кандидат филологических наук*
Шерубай Курманбайулы	*Доктор филологических наук, профессор*
Бекен Сагындыкулы	*Доктор филологических наук, профессор*
Гульбаршын Сыздыкова	*Доктор филологических наук, профессор*
Алмагуль Адилова	*Доктор филологических наук, профессор*
Сабира Исакова	*Доктор филологических наук, профессор*
Шынар Капантайкызы	*Доктор педагогических наук*
Болат Хасенов	*Доктор философии (PhD), профессор*
Бану Ергеш	*Доктор философии (PhD)*

Иностранные ученые

Валентина Маслова	*Доктор филологических наук, профессор*
Марина Пименова	*Доктор филологических наук, профессор*
Рустам Шадиев	*Доктор философии (PhD), профессор*

МАЗМҰНЫ

ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

БАЙБОСЫН Ә.М., КЕНЖАЛИН Қ.К.
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ КӨНЕ ТОПОНИМДЕР..... 8

АБДИРОВ Ө.Қ., AYAN E.
ҚАЗАҚ ПАРЕМИЯЛАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТКЕ БЕЙІМДЕЛУІ..... 22

БАЛТАБЕКОВА А.Т., ТУСУПОВА Г.Б.
ҚАУЫМДАСТЫҚ АУДАРМАШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ТУЫНДЫ ТРАВМАЛЫҚ СТРЕСС: ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АУДАРМАТАНУЛЫҚ КӨЗҚАРАС..... 34

ТЕРМИНОЛОГИЯ

АУБАКИРОВА А.Е.
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАҢА ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖАСАЛУЫ МЕН ҚАЛЫПТАНУЫ..... 45

ИІСБЕКҰЛЫ Б.
НОРМАТИВТІК СӨЗДІК ЖАСАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ..... 57

ТІЛ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ЗИНЕДИНА А.С.
«ГҮЛІСТАН БИТ-ТҮРКІ» МӘТІНІ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ СИНТАКСИСІН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ..... 70

РЕЗУАНОВА Г.К., ШНАЙДЕР В.А., ЕРТАЕВА М.К.
ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ МӘТІНДЕРДІҢ ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ..... 83

ТОЛЕУОВА А.Б., ТӨЛЕУ А.Б.
ҚАЗАҚ ЫМ-ИШАРА ТІЛІ МЕН ДАКТИЛЬ ӘЛІПБИІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ: ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ..... 97

CONTENT

LINGUISTICS AND ARTIFICIAL INTELLIGENCE

BAIBOSSYN A.M., KENZHALIN K.K.
ANCIENT TOPONYMS OF EAST KAZAKHSTAN..... 8

ABDIROV O.K., AYAN E.
TRANSFORMATION OF KAZAKH PROVERBS AND SAYINGS IN DIGITAL DISCOURSE AND THEIR ADAPTATION FOR ARTIFICIAL INTELLIGENCE SYSTEMS..... 22

BALTABEKOVA A., TUSSUPOVA G.
SECONDARY TRAUMATIC STRESS AMONG COMMUNITY INTERPRETERS: LINGUISTIC AND TRANSLATION PERSPECTIVES..... 34

TERMINOLOGY

AUBAKIROVA A.E.
FORMATION AND STANDARDIZATION OF NEW TERMS IN THE KAZAKH LANGUAGE... 45

IISBEKULY B.
INTERNATIONAL PRACTICES AND DOMESTIC RESEARCH IN THE COMPILATION OF NORMATIVE DICTIONARIES..... 57

LANGUAGE TEACHING METHODOLOGY

ZINEDINA A.S.
THE EXPERIENCE OF TEACHING THE HISTORICAL SYNTAX OF THE KAZAKH LANGUAGE BASED ON THE TEXT «GÜLISTAN BIT-TÜRKI»..... 70

REZUANOVA G.K., SCHNEIDER V.A., YERTAEVA M.K.
THE ROLE OF THE SOCIAL NETWORK IN SHAPING PUBLIC OPINION..... 83

TOLEUOVA A.B., TOLEU A.B.
THE LINGUISTIC POTENTIAL OF KAZAKH SIGN LANGUAGE AND THE DACTYL ALPHABET: INCLUSIVE EDUCATION AND INTERNATIONAL EXPERIENCE..... 97

СОДЕРЖАНИЕ

ЛИНГВИСТИКА И ИСКУСТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ

БАЙБОСЫН А.М., КЕНЖАЛИН К.К.
ДРЕВНИЕ ТОПОНИМЫ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА..... 8

АБДИРОВ О.К., AYAN E.
ТРАНСФОРМАЦИЯ КАЗАХСКИХ ПАРЕМИЙ В ЦИФРОВОМ ДИСКУРСЕ И АДАПТАЦИЯ К ИСКУССТВЕННОМУ ИНТЕЛЛЕКТУ..... 22

БАЛТАБЕКОВА А.Т., ТУСУПОВА Г.Б.
ВТОРИЧНЫЙ ТРАВМАТИЧЕСКИЙ СТРЕСС СРЕДИ КОМУНАЛЬНЫХ ПЕРЕВОДЧИКОВ: ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ И ПЕРЕВОДОВЕДЧЕСКИЙ ВЗГЛЯД..... 34

ТЕРМИНОЛОГИЯ

АУБАКИРОВА А.Е.
ОБРАЗОВАНИЕ И НОРМАЛИЗАЦИЯ НОВЫХ ТЕРМИНОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ..... 45

ИИСБЕКУЛЫ Б.
МЕЖДУНАРОДНАЯ ПРАКТИКА И ОТЕЧЕСТВЕННЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБЛАСТИ СОСТАВЛЕНИЯ НОРМАТИВНЫХ СЛОВАРЕЙ..... 57

МЕТОДИКА ПРЕПОДОВАНИЯ ЯЗЫКА

ЗИНЕДИНА А.С.
ОПЫТ ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СИНТАКСИСА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА НА ОСНОВЕ ТЕКСТА «ГУЛИСТАН БИТ-ТЮРКИ»..... 70

РЕЗУАНОВА Г.К., ШНАЙДЕР В.А., ЕРТАЕВА М.К.
РОЛЬ МЕДИАТЕКСТОВ В ФОРМИРОВАНИИ ОБЩЕСТВЕННОГО МНЕНИЯ..... 83

ТОЛЕУОВА А.Б., ТОЛЕУ А.Б.
ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ КАЗАХСКОГО ЖЕСТОВОГО ЯЗЫКА И ДАКТИЛЬНОГО АЛФАВИТА: ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ..... 97

ҒТАХР 16.21.07
DOI

Ә.М. БАЙБОСЫН[1], Қ.К. КЕНЖАЛИН[2]
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі[1]
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті[2]
(e-mail: ali_baibosin@mail.ru[1], kenkk@mail.ru[2])

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ КӨНЕ ТОПОНИМДЕР

Аңдатпа. Мақалада Шығыс Қазақстан өңіріндегі көне топонимдердің тілдік табиғаты тарихи-хронологиялық, этимологиялық және семантикалық тұрғыдан қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде қазақ мемлекеттігі дәуіріне дейінгі қабатқа жататын Арқат, Қалба, Берел, Шар, Қарагем, Үржар, Бұқтырма, Аягөз сияқты бірқатар оронимдер мен гидронимдер алынды. Мақаланың мақсаты – Қазақстанның шығыс аймағындағы көне топонимдерді лингвистикалық тұрғыдан саралап, топонимдік объектілерді атаудағы өлке этностары мен тілдердің қатысын анықтау. Зерттеу барысында қазақ топонимдерін тарихи-хронологиялық тұрғыдан дәуірлеген Т.Жанұзақ, Е.Қойшыбаев, Б.Әбдуәлиұлы, А.Әбдірахманов, Б.Бияров сынды ғалымдардың тұжырымдары салыстырылып, атаулардың тарихи қабаты мен уәждік негізі талданды. Жер-су атауларының диахрондық өзгеру динамикасы нақты мысалдар арқылы айқындалды. Талдау нәтижесінде Шығыс Қазақстандағы көне топонимдердің бір бөлігі түркі-моңғол ортақ қабатына, бір бөлігі көне түркі гидронимиялық және оронимиялық терминдеріне, енді бір тобы табиғи-географиялық белгіге негізделетіні көрсетілді. Арқат, Қалба, Шар тәрізді атауларда моңғол және түркі-моңғол ортақ элементтері байқалса, Берел, Қарагем, Аягөз, Бұқтырма атауларында су, тау, түс, ағыс, жер бедері сияқты географиялық белгілердің атау жасауға қатысы анық көрінеді. Мұндай атаулар белгілі бір этностың ғана емес, өңірде ұзақ уақыт бойы қабаттасқан тілдік, тарихи және мәдени үдерістердің куәсі ретінде бағаланады. Мақала көне топонимдерді зерттеуде этимологиялық болжамды тарихи дерекпен, фонетикалық сәйкестікпен және географиялық сипатпен ұштастыра қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Мақаланы гуманитарлық бағытта білім алушыларға, топонимия саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін ізденушілерге және тарихи ономастика мәселелерімен айналысатын мамандарға пайдалануға болады.

Түйін сөздер: лингвистика, топоним, тарихи атау, этимология, семантика, Шығыс Қазақстан, көне қабат, гидроним.

Кіріспе

Топонимдерге тарихтың қатынасы олардың адам өмірімен, қоныстану кеңістігімен және табиғи ортамен тікелей байланысында көрінеді. Тарихи жер-су атауларын зерттеу ел тарихын тануға, жекелеген өлкенің тарихи-мәдени бейнесін анықтауға мүмкіндік береді. C. Hough жер атауларының этимологиясын ашуда ерте жазба деректерді ғана емес, әртүрлі аймақтар мен кезеңдердегі мәліметтерді салыстыру қажеттігін атап көрсетеді [1, 613]. Қ.Қ. Рысберген де географиялық атаудың пайда болуына тарихи дерек немесе оқиға әсер ететінін айтады [2, 38]. А.В. Суперанскаяның пікірінше, әрбір атау тарихи сипатқа ие, ал топонимика өткен қоғамның тұрмысы, әлеуметтік жағдайы, этнографиялық ерекшелігі және тілдік қалпы көрінетін айна іспетті [3, 147]. Т.Жанұзақ қазақ ономастикасының лексикалық құрамында көне дәуірден бүгінге дейінгі тарихи-мәдени өрістің ізі сақталғанын, оның құрамында төл атаулармен бірге өзге тілдерден енген атаулар да бар екенін көрсетеді [4, 64]. Демек, жер-су атаулары жаугершілік, отаршылдық, әкімшілік-аумақтық өзгеріс және саяси-идеологиялық ықпал сияқты факторлармен сабақтаса өзгеріп, тарихи жадтың маңызды белгісі ретінде сақталады.

Қандай да бір ел, жер болмасын, ондағы жер-су атаулары тарихи-әлеуметтік оқиғаларға байланысты өзгеріске түседі. Топонимикалық атаулар ертедегі халықтық номинация негізінде қалыптасқанымен, кейінгі әртүрлі басқыншылық, саяси-әлеуметтік және әкімшілік жағдаяттарға байланысты бірде баяу, бірде жылдам өзгерістерден қалыс қала алмайды. Осы себепті көне атауды тек тілдік дерек ретінде емес, тарихи жадтың, этномәдени сабақтастықтың және кеңістікті игеру тәжірибесінің көрсеткіші ретінде қарастыру қажет.

Шығыс Қазақстан аймағы бұл тұрғыдан ерекше мәнге ие. Өңір Алтай, Тарбағатай, Сауыр, Қалба сияқты тау жүйелерімен, Ертіс, Бұқтырма, Күршім, Үлбі, Шар, Аягөз тәрізді ірі гидронимдермен ерекшеленеді. Табиғи-географиялық орта мен тарихи көші-қон бағыттарының тоғысуы бұл кеңістікте сақ, ғұн, түркі, қыпшақ, моңғол және кейінгі қазақ қабаттарының ізін сақтап қалды. Сондықтан аймақ топонимдерін талдау бір ғана атаудың этимологиясын ашумен шектелмейді; ол белгілі бір кеңістіктегі тілдік қабаттардың өзара байланысын, атау берудегі уәжді және халықтың табиғи ортаны тану тәсілін айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақалада талдауға түсіп отырған материалдың ерекшелігі және қойылған міндеттерді орындау қажеттілігіне байланысты жүйелеу, талдау, сипаттау, салыстыру, тарихи-салыстырмалы және этимологиялық талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер көне топонимдердің халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық санадағы орнын және тарихи-лингвистикалық сипатын қарастыруда

пайдаланылды. Материал ретінде Шығыс Қазақстан мен Абай облыстары аумағында кездесетін көне қабатқа жататын оронимдер мен гидронимдер, қазақ топонимикасына қатысты сөздіктер, анықтамалықтар, тарихи-этимологиялық еңбектер және аймақтық тілдік деректер алынды.

Этимологиялық талдауда төрт өлшем басшылыққа алынды: біріншіден, атаудың көне және қазіргі тұлғалары арасындағы фонетикалық сәйкестік; екіншіден, атау құрамындағы түбір мен қосымшаның тарихи мағынасы; үшіншіден, географиялық нысанның нақты табиғи белгісі мен атау мағынасының үйлесуі; төртіншіден, бұрынғы зерттеушілер ұсынған болжамдарды өзара салыстыру. Мұндай тәсіл көне топонимдерге қатысты бір ғана нұсқаны абсолютті ақиқат деп қабылдамай, ғылыми тұрғыдан ықтимал нұсқаларды дәлел деңгейіне қарай саралауға мүмкіндік береді.

Қазақ топонимиясында әртүрлі кезеңдерде қалыптасқан түрлі тіл бірліктері кездеседі. Бұл жөнінде орыс ғалымдарының да, қазақ ғалымдарының да еңбектерінде айтылады. Т.Жанұзақ қазақ онимдері туралы: «Қазақ онимдері құрамында ежелгі заман мен орта ғасыр, орта ғасырлық және жаңа заманды топонимдердің бары тарихи құбылыс. Бұл атаулардың кейбіреулері Сақ, Қаңлы, Үйсін, Ғұн дәуірлеріне тән болса, біразы Орал-Алтай тіл бірлестігі кезеңіне, енді бір тобы көне түркі тіліне, ал басым көпшілігі қазақ тіліне, байырғы сөздерімізге тән болса, шағын тобы араб, парсы, моңғол тілдерінен енгенін» айтады [5, 7]. Осы бағытта зерттеу жүргізген Е.Қойшыбаев Қазақстан аумағындағы 5 тілдік қабатты бөліп көрсетеді:

1) Ежелгі тілдер элементтерін сақтап келе жатқан тым көне қабаттар (санскрит, үнді-иран тілдері элементтері: тал, ар, бал, сар, ғар, қан);

2) Шартты түрдегі түркі-моңғол тіл бірлестігі элементтерін сақтап келе жатқан көне қабаттар (ал, ала, бала, қар, шар, чар, бай, тоғай және -ас, -ес, -аш қосымша түрлері);

3) Түркі тіл қабаттары немесе түркі тілдер семьясы құрамының ерекшеліктерін көрсететін қабаттар (й-шыл, ч-шыл, ж-шыл, дь-шыл тілдер және -ты, -сы қосымша түрлері;

4) Осы күнгі түркі тілдері ерекшеліктерін көрсететін қабаттар;

5) Орыс тіл негізіндегі топонимикалық қабаттамалар деп топтастырады. Ғалым қазақ жер-су атауларын тұтастықта қарастыра отырып, тілдік қабаттарға жіктеген [6, 9]. Ғалым Б.Әбдуәлиұлы қазақ топонимдерін шығу тегіне болжам жасағанда екі түрлі дәлелге жүгіну керектігін айтады.

1) Жинақталған түрлі тарихи деректердің негізінде тарихшылар белгілеген уақыт;

2) Топоним құрамындағы көне тұлғалар арқылы көрінетін ғылыми-этимологиялық талдаулардағы болжамды уақыт [7, 210]. Топонимдерді тарихи дәуірлеу

күрделі мәселелердің біріне жатады. Ол тіл ғылымдары мен тарихи талдау-зерттеу нәтижесін қажет етеді. Б.Әбдуәлиұлы жоғарыдағы ұстанымдарды негізге алып, тарихи-хронологиялық тұрғыдан қазақ топонимдерін былай бөледі:

Ежелгі дәуір б.д.д. VI – б.д V ғ.;

Жалпы түркі дәуірі VI – XIV ғ.;

Қазақ мемлекеттігі дәуірі XV- XXI ғ. аралығын қамтиды [7, 210].

Ғалымның бұлай дәуірлеуінде сол аралықта мекен еткен этностардың мемлекет құру мүмкіндігі мен тілдік ерекшелігі назарға алынған. Себебі жер-су атауларының пайда болуы мен қолданылуы сол жерді игерген, мекендеген және атау берген қауымның тілімен, шаруашылық өмірімен, дүниетанымымен тығыз байланысты болады. Біз бұл мақалада Шығыс Қазақстан өңіріндегі қазақ мемлекеттігі дәуіріне дейінгі кейбір топонимдерді этимологиялық тұрғыдан талдаймыз.

Ежелгі дәуірлерде Қазақстан аумағын тілі мен дәстүрі жағынан сабақтас сақ, ғұн, қаңлы, үйсін, сармат сияқты тайпалар мекендеді. Қазақ халқының этногенезінде осы жергілікті тайпалар мен кейінгі түркі бірлестіктерінің орны ерекше болды; көптеген тайпалар 552 жылы құрылған Түрік қағандығы құрамына енді [8, 399-б]. Т.Жанұзақ Каспий теңізі, Арал теңізі, Арыс, Талас, Сырдария, Ертіс, Есіл, Іле, Шу, Алтай, Тарбағатай, Күршім сияқты атауларды көне топонимдер қатарында атаса, А.Әбдірахманов Арқат, Қалба, Қарагем, Шар тәрізді атауларды Алтай дәуірінен жеткен топонимдерге жатқызады. Сондықтан Шығыс Қазақстан атауларын тарихи топонимдер ретінде қарастыруға толық негіз бар.

Талқылау

Зерттеу нысаны болып отырған Шығыс Қазақстанның бірқатар географиялық атаулары қазақ тілінің өз ішкі мүмкіндігі арқылы жасалған. Сол себепті олардың көпшілігінің мағынасы қазіргі тіл тұтынушысына түсінікті болып көрінеді. Дегенмен көне қабатқа жататын атауларды тек қазіргі қазақ тілі негізінде түсіндіру жеткіліксіз. Мұндай атауларды көне түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ өңірде тарихи кезеңдерде ықпал еткен тілдермен салыстыра қарастыру қажет. Көне түбір топонимдер тілдің алғашқы кезеңдерінде жасалғандықтан, олардың этимологиясын анықтау қиындық туғызады. Зерттеушілер бұл кезеңдердегі атауларға талдау жасағанда көбіне болжамға сүйенеді. Алайда ғылыми болжам кездейсоқ ұқсастыққа емес, дыбыстық сәйкестікке, мағыналық уәжге, тарихи дерекке және географиялық нысанның нақты сипатына негізделуі керек. Сондықтан төменде қарастырылатын әрбір атау бойынша бұрынғы пікірлер салыстырылып, олардың ішінен тілдік және географиялық жағынан негізді нұсқалар сараланады.

Арқат – Семей маңындағы тау атауы. Шығыс Қазақстан жеріне экспедиция

жасаған Ж.Болатов Арқат топонимі жайында былай дейді: «Шәкеннің атасы – Байкісі. Байкісінің Архат, Бұрхат, Алжан, Қылжан деген төрт ұлы болған екен. Байкісінің Архат, Бұрхат, Алжан балалары Ертістің батысында туған соң, осы қойылуы мүмкін» (Ж.Болатов. Шығыс Қазақстан облысы... қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 5-шығуы, Алматы, 1963, 178-179 б.). Ғалымның осы атауға байланысты пікірі бұрынғы бір мақаласында да кездеседі: «Бұл жерде Архат, Бұрхат деген қатар орналасқан екі тау бар. Архат батыс жағында болса, Бұрхат шығыс жағында орналасқан. Монғол тілінде аргат – айлалы, әдісті деген сөз бар. Бұрхат сөзі монғол тілінде бұр – өте, тым ал хатан – беріктік қайтпас, қайсарлық деген екі сөздің бірігуінен жасалуы мүмкін» (Ж.Болатов. Семей облысының... қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Жинақ 2-шығуы, Алматы, 1960, 123 б.). Ж. Болатовтың бұл пікірін А. Әбдірахманов қисынға келмейтінін айтып себептерін анықтап көрсетеді. Біріншіден, «айлалы, тым берік» деген сөздер тау атауына қойылмайды, екіншіден, жер-су атауларына ұқсас келетін сөздерді жапсыра салу сөз этимолгиясы ашылмайтынын нақты айтады.

Ғалым Ғ.Қоңқашпаев бұл атаудың моңғол тіліндегі ар (солтүстік), хад (тау, жартас) деген сөздердің бірігуі арқылы жасалғанын айтқан. Сөзінің дәлелі ретінде таудың оңтүстік тұсында Борхат деген тау аты бар екенін, бұл моңғолдың убор (оңтүстік), хад (тау, жартас) сөздерінен жасалғанын көрсетеді (Г.Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН ҚазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 88 б.). Ғ.Қоңқашпаев айтқан пікірдің негізі дұрыс болғанымен, оны тілдік жағынан нақтылайтын тұстар бар. А.Әбдірахманов бұл атауды лингвистикалық жағынан талдап, нақты деректер келтіреді: «Атаудың бірінші компоненті ар сөзі – арқа, арт-қы деген сөздердің түбірі. Ал –қа, -т+қы түркі тілдерінде өлі жұрнақтар. Ертеректе түркі-моңғол халықтарында батыс пен солтүстік арт жақ, ал шығыс пен оңтүстік алдыңғы жақ болып есептелген. Мысалы, якут тілінде Арға қуол гидронимі «батыс көлі» дегенді білдірсе, арға – батыс деген сөз. Осы пікірлер ар сөзі арқа, арт сөздерінің түбірі екенін дәлелдесе, ар сөзі түркі-моңғол тілдеріне бірдей ортақ екенін дәлелдейді» [9, 75-76]. Қорыта келгенде Арқат атауының бірінші компоненті түркі-моңғол тілдеріндегі ар түбірімен, екінші компоненті моңғол тіліндегі хад (жартас, тау) сөзімен байланысты деп топшылауға болады. Бұл жерде атаудың уәжі таудың кеңістіктегі орнына, яғни солтүстік-батыс бағыттағы орналасу ерекшелігіне қатысты болуы ықтимал.

Қалба – Шығыс Қазақстан облысындағы тау жотасы. М.Абдрахманов пен А.Бонюховтың зерттеуінде Шория жерінде Қалбық атауында тау бар. Ғалымдардың пайымдауынша, осы тау аты «қалба, қалбы» (черемша) деген зат

есімнен жасауы мүмкін деген ой айтады. (Сб.: «Языки и топонимия Сибири», I, Томск, 1966, 160 б.).

Қалба «Allium ursinum, род дикого лука, черемша (В.Даль, 2.77; Фасмер, 2, 165; Радлов 2, 270)» мәнінде орыс тіліне түркі тілінен енген кірме сөз ретінде көрсетіледі [10, 137]. Қытай жазба деректерінде ғұндар мекендеген батыстағы, солтүстіктегі бірнеше тау Цунлин «луковый хребет» деп аталған. Сонымен қатар ғұндарды жабайы тау сарымсағын жейтіндер деп атағаны туралы да ақпарат бар [11, 118]. Бұл пікірлерді ескерсек, сарымсақты тау осы Қалба тауы болуы мүмкін деген болжамның негізі бар. Тұңғыс-маньчжур тілінде колбо/холбо «жалғасу», «қосылу», моңғол тілінде холбо «жалғастыру», «байлау» мағынасын береді (В.И. Цинциус // Алтайские этимологии, 1984, 92-93 б.). Осы негізде Қолба > Қалба нұсқасы «қосатын, жалғайтын тау» деген мағынада қалыптасуы да мүмкін. Себебі жотаның өзі Алтай мен Батыс Алтайды жалғайтын тау жүйесі ретінде танылады. Ғалым Б. Бияров Қалба тауының жалпақ тасты болатынын, Алтай мен Батыс Алтайды жалғайтынын және онда сарымсақ пен рауғаштың өсетіні шындық екенін айтады [12, 132]. Демек жоғарыда келтірілген пікірлердің барлығы Қалба тау жотасының табиғи ерекшеліктерімен белгілі бір деңгейде сәйкес келеді. Бірақ бұл сипаттардың нақ қайсысы атауға негізгі уәж болғанын дөп басып айту қиын. Сол себепті Қалба атауын бір ғана этимонға телімей, фитонимдік, ландшафтық және жалғаушы географиялық қызметі қатар көрінетін күрделі көне ороним ретінде қарастырған дұрыс.

Берел – Алтай жеріндегі сақ дәуіріндегі адамдар тұрағының атауы. ШҚО Қатонқарағай ауданында орналасқан. Халықтық этимологияда бұл атауға «бергі ел» мағынасында деген пікір бар. Ал ғылыми болжам жасаған Б.Бияров Берел гидрониміне Г.Шухардттың «заттан сөзге қарай» деген приципін басшылыққа алады. Берел өзенінің басы Мұзтаудан басталып, Бұқтырма өзеніне құяды. Шағын өзеннің негізі ерекшілігі жаз мезгілінде судың сүттей ақ болып ағуында. Өзенге ақ түс беретін Мұзтаудың ақ балшығы екені анықталған. Өзеннің түсіне қарап халық Ақбұлқақ деп те атайды. Ақбұлқақ «Бұқтырманың мөлдір суын ақ түске айналдырып, бұлғайтын, лайлайтын өзен» мағынасында қолданылады. Өңірге саяхат жасаған ғалымдар картаға Белая Берель атауында түсірген.

Атау беруші өзеннің мұндай ерекшелігін назардан тыс қалдырмауы мүмкін емес. Осы тұрғыдан келгенде, Мұзтау атауын берген сақтар, ғұндар немесе түркілер бор/боз «ақ, сұр» анықтауышын қолданып, Борел атауын жасаған болуы ықтимал. Ел, ыл, іл тұлғалары өте көне кезеңде «өзен», «су» мәніндегі гидротермин қызметін атқарғаны Елек, Іле, Ойыл, Қиыл сияқты атаулардан байқалады [12, 130]. Сонымен Берел гидронимі «ақ, сұр түсті су, өзен» де-

ген мағынада қалыптасқан деуге негіз бар. Бұл түсіндіру халықтық «бергі ел» жорамалына қарағанда өзеннің нақты табиғи белгісіне көбірек сәйкес келеді.

Шар – Абай облысы Жарма ауданындағы қала және Ертіс өзенінің тармағы. А.И. Исқақов бұл атауды азербайжан тіліндегі «айқай, шу» мәніндегі сөзбен байланыстырса, К.Юдахин түркі тілдеріндегі «селдір тоғай» мағынасын көрсетеді. Э.Мурзаев Орал-Алтай аясындағы угор тілдерінде бұл тұлғаның «өзен саласы» мағынасында қолданылатынын айтады. Ғ.Қоңқашпаев Шар атауын моңғол тіліндегі сары немесе өгіз сөзімен байланыстырады; XVIII ғасырдағы Гурбан-Шар тұлғасын «үш сары» немесе үш салаға қатысты атау болуы мүмкін деп түсіндіреді. А. Әбдірахманов бұл пікірді нақтылап, шар сөзін «сары» мәніндегі ерте түркі-моңғол қабатының элементі ретінде қарайды. Түркі және моңғол тілдеріндегі ш/с алмасуы Шавар – сабыр, шийр – сирақ, шонхор – сұңқар сияқты мысалдардан көрінеді [9, 221]. Т.Жанұзақ Шарды Шарын гидронимімен мәндес қарастырып, көне түркідегі «қарқынды, екпінді, арынды» мағынасымен байланыстырады [13, 208]. Ертіске құятын өзен құмының сары түсі суға рең беретіндіктен, моңғол тіліндегі шар «сары» сөзімен түсіндіру географиялық тұрғыдан қисынды, бірақ гидронимдерде түс пен ағыс белгісі қатар уәж болуы да мүмкін.

Қарагем – Шығыс Қазақстандағы көл аты. Ж.Болатов мұндағы қара компонентін түркі тілдерімен, екінші компонентін моңғол тіліндегі хәм «шек, шекара» сөзімен байланыстырады. А. Әбдірахманов көл атауына «шекара» мәнінің сәйкес келе бермейтінін ескертіп, Э.М. Мурзаев, В.А. Никонов, А.П. Дульзон еңбектеріндегі -кан, -кам, -кем тұлғаларына қатысты пікірлерді негізге алады. Ғалымның тұжырымынша, -гем/-кем тұлғасы тува тіліндегі «өзен, су» мағынасындағы -хем (кем) сөзінің Таулы Алтай арқылы Шығыс Қазақстанға жеткен көне гидротерминдік көрінісі болуы ықтимал [9, 140]. А.Н. Кононов түркі тілдеріндегі қара түсінің бірнеше семантикалық мағынасын көрсетеді: ол географиялық нысанның сапасын, көлемін, орналасуын немесе судың тазалығын білдіруі мүмкін. Осы тұрғыдан Қарагем атауындағы қара компонентін «таза, мөлдір» мәнімен, ал -гем/-кем тұлғасын көне гидротерминмен байланыстырып, атауды «таза су», «мөлдір су» немесе «қара су» мәніндегі көне гидронимиялық құрылым ретінде түсіндіруге болады.

Біз мақаламызда ғалым Б.Әбдуәлиұлының топонимдерді тарихи-хронологиялық тұрғыдан бөлу ұстанымын басшылыққа алдық. Ғалым көрсеткен жалпы түркілік дәуірдің (VI-XIV ғғ.) басталуы түркілер деп аталатын этносаяси бірлестіктің тарих сахнасына шығуымен байланысты. Т.Жанұзақов бұл кезеңдерде мемлекет құрған тайпаларды ғасырлар бойынша былай жіктейді: «VI-VIII ғасырларда Іле бойында Батыс Түрік қағанатының астанасы болған, VIII-X ғасырларда Қарлұқ мемлекеті, IX-XII ғасырларда Оғуздар, XI-XII ға-

сырларда Қимақтар мен қыпшақтар, XII-XIV ғасырларда Моңғол үстемдігі, XII-XIV ғасырларда Қыпшақ бірлестігі» [13, 19]. Аталмыш кезеңдерді ғылым саласында VI-X ғасырлар аралығын «Ерте орта ғасырлар», XI-XIV ғасырлар аралығын «Орта ғасырлар» деп екіге бөледі. Уақыт межесіне байланысты ғалымдар арасында «Ерте орта ғасыр» терминін сол кезеңде өмір сүрген этносаяси қауыммен байланыстырып, «көне түркі дәуірі» деп атау да қалыптасқан. Мысалы:

Ерте орта ғасырға тән топонимдер: Суяб, Сығанақ, Сауран, Орал, Тараз, Керем, Кеш, Торғай т.б.

Көне түркі дәуірлеріндегі топонимдер: Алматы, Атасағұн, Ебейті, Елек, Жайық, Есіл, Лепсі, Ызбан, Таңсық, Қағыл, Сығанақ, Сырдария, Іле, Шарын, Мұзтағ, Машат, Тарты, Шайқұрық, Шәуілдір, Маңқыстау т.б.

Орта ғасырлық топонимдер: Бөген, Бұқтырма, Есекартқан, Қапал, Қарқара, Құйған, Түгіскен т.б.

Шығыс Қазақстандағы түркілік дәуірлерге тиесілі топонимдер: Аякөз, Үржар, Бұқтырма т.б.

Үржар – Абай облысының Үржар ауданындағы Алакөлге құятын өзен атауы. Аудан атауы да, аудан орталығы да осы атаумен аталған. В.Г. Егоров сөздігінде «ур//ор//ура//ора» сөздері «ров, яма, яма для хранения зерна» деген мағынаны білдіреді (В.Г. Егоров. Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксоры, 1964 г., стр. 275). А.Әбдірахманов ұра, ор сөздерінің түбірлес екенін айтады. Үржар атауы екі компоненттен жасалған: ор/ұр + жар. Бұл жерде ор/ұр сөзі «терең», жар сөзі «өзен» дегенді білдіреді [9, 210]. С.Әбдірахманов Үржар атауының ғылыми тұрғыдан дұрыс тұлғасы Өржар болуы мүмкін деген пікір білдіреді. Оның пайымдауынша, өзен ұзындығы 206 шақырым, теңіз деңгейінен 2267 м биіктіктен бастау алып, 343 м биіктікте Алакөлге құяды. Сонда өзеннің құламасы, яғни деңгей айырмасы 1924 м құрайды. Бір шақырым ұзындығының құламасы 9,3 м (1924:206=9,3). Салыстырмалы түрде Нұра өзенін алсақ, ұзындығы 978 шақырым, 1283 м биіктіктен басталып, теңіз деңгейінен 304 м биіктікте жатқан Теңіз көліне құяды. Жалпы Нұраның құламасы 4,2 м, яғни 1 шақырымдағы еңістігі бар болғаны 1 м құрайды [14]. Өзеннің бұл ерекшеліктеріне мән берсек, тұрғылықты халықтың өзенге Өржар атауын беруі де қисынсыз емес. Өржар «өрден ағатын өзен» дегенді білдіруі мүмкін. Сонымен қатар Үржар тұлғасы қазіргі қолданыста орныққан ресми атау болғандықтан, мақалада екі нұсқаның да уәждік негізін салыстыра қарастыру маңызды.

Бұқтырма – Қазақстанның шығысындағы өзеннің және еліміздегі ең ірі су қоймаларының бірінің атауы. Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай, Тарбағатай, Зайсан, Көкпекті аудандары аумағымен байланысты. Шығыс Қазақстан қазақтарының тілін зерттеген Ж. Болатов атау туралы мынандай

пікір білдіреді: «Бұқтарма өзенін сол маңайда қоныстанған халық Бұқтырма деп атайды. Халықтық этимология бойынша ағысы қатты, асау, тау өзені болғандықтан мал болсын, адам болсын кез келген өзенге түсіп кеткен нәрсенің қайта тұруға шамасын келтірмейді. Бас көтертпестен тасқа соғып, бұқтыртып әкетеді. Өзен маңайында адам мен мал шығыны жиі болады. Осы себепті халық өзенге Бұқтырма деп атаған. Өзен жайында халық арасында «Бұқтырма қайдан шығады, бұлақтан шығады, өзінен-өзі шықпайды» деген нақыл айтылады. Мұның себебі өзен шығыс аудандарын шығыстан батысқа қарай аралап ағып өтеді. Өзенге жол-жөнекей тау-тас арасынан шыққан кішігірім мыңдаған бұлақ қосылады. Осы себепті өзеннің бірте-бірте молая түсуі себеп болса керек» (Ж.Болатов. Шығыс Қазақстан облысы ... қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 5-шығуы, Алматы, 1963, 181 б.). Ғалым Е.Қойшыбаев атаудың пайда болуына «бұқтыру» етістігінің қатысы жоқ деген пікір айтады. Көне түркі тілінде бұқтыр (қаз. бөктер) тұлғасына -ма қосымшасы жалғану арқылы жасалған атау өзеннің тау бөктерлеп ағатынын білдіреді. Көне түркі тілдерінде бұқтыр сөзі бұқтыр > бұқтөр > бөктөр > боктор тұлғаларында кездеседі. Махмұд Қашғари «буктир» тұлғасын тау етегі деп көрсетеді [6, 85]. Бұл пікір атаудың тарихи морфологиялық құрылымын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар халықтық этимологияда сақталған «ағысы қатты, бұқтырып әкететін өзен» деген түсінік те өзеннің табиғи сипатына сай келеді. Демек Бұқтырма атауының ғылыми түсіндірмесінде көне түркілік бөктер/тау етегі мағынасы мен өзеннің асау ағысына қатысты халықтық таным қатар ескерілуі керек. Бұқтырма > Бұқтарма (Бухтарминская ГЭС) тұлғасының қалыптасуы орыс тілінің ықпалымен байланысты деп ойлаймыз.

Аягөз – Абай облысындағы өзен, аудан және аудан орталығының аты. Бұл атау туралы С. Нұрқанов былай дейді: «Балқаш төңірегіне көз тастаңызшы – Ай, Айқыз, Аягөз (ай – тайпа аты, гөз/өгүз – су, яғни ай(лар) суы) атауларын байқайсыз. Айрық, Айтағы (ай – тайпа, тағы – тау) т.б. топонимдерді кездестіреміз» («Қазақстан мектебі» журналы, №1, 1967, 76 б.). Ғалымның пікіріне сүйенсек, Аягөз атауы ай + өгүз сөздерінен жасалған. Көне түркі тілінде угуз/өгүз «өзен» мәнінде қолданылғанына мән берсек, бұл пікірдің белгілі бір негізі бар деп айта аламыз. А.Әбдірахманов бұл пікірдің дәлсіздігін көрсетеді. Оның ойынша, Айрық атауын бұл топқа жатқызуға болмайды. Бұл атаудың түбірі – айр (айыр), осы түбірге ертедегі өнімді -ық жұрнағы жалғану арқылы жасалған. Жоғарыда келтірілген топонимдердің арасында көне форманы сақтағаны – осы Аягөз. Бұл жерде ай сөзі тайпа атауы дегенге келе бермейді. Қазақ этностық құрамында ай деген ру немесе тайпа атауы кездеспейді. Ал Шығыс Қазақстан облысына көрші орналасқан Алтай автономия облысында

Ай, Айгарь, Айқұлақ, Айлы деген өзендер бар. Бұл атауларды Н.А. Баскаков пен Т.М. Тощакова «луна, месяц» деп аударған (Н.А. Баскаков, Т.М. Тощакова. Ойротско-русский словарь. М., 1947, 196 б.). Сонымен ай сөзінің мағынасы «ай» немесе «кіші» болуы мүмкін [9, 76]. Осыған ұқсас пікірді Б.Бияров та айтады: «Аягөз – көне түркі. Айа «шағын», «кіші» + үгүз «өзен» сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Демек, Айаүгүз > Айагүз > Аягөз «шағын, енсіз өзен» деген мағынаны білдіреді. Ертіс өзенін әрең кешіп өтетін түркілер салыстырмалы тұрғыдан бұл өзеннің «аядай ғана» екеніне мән берген» [12, 248]. Бұл гидронимге қатысты пікірлерге қарап, ай/айа компоненті әлі де арнайы тарихи-лингвистикалық талдауды қажет ететінін байқаймыз. Дегенмен өгүз > көз дыбыстық өзгерісі көне түркі гидронимиялық терминдерінің қазақ топонимиясында сақталу мүмкіндігін көрсетеді.

Нәтижелер

Жоғарыда талданған атаулардың ортақ белгісі – олардың бір ғана тілдік қабатқа сыймайтындығында. Арқат, Қалба, Шар сияқты атауларда түркі-моңғол байланысы айқын көрінсе, Берел, Қарагем, Бұқтырма, Аягөз атауларында гидронимиялық терминдердің көне қабаты, түс атаулары, жер бедері және су ағысының сипаты негізгі уәжге айналады. Үржар/Өржар мысалында қазіргі ресми тұлға мен жергілікті табиғи-географиялық уәж арасындағы байланыс байқалады. Бұл деректер Шығыс Қазақстан топонимиясын стратиграфиялық тұрғыдан зерттеудің маңызын көрсетеді: әрбір атау белгілі бір тарихи кезеңнің ғана емес, бірнеше тілдік және мәдени қабаттың тоғысуынан туған күрделі белгі болып табылады.

Қорытынды

Топонимдер – кешегі мен бүгінгіні жалғайтын алтын арқау, тарихи жәдігерлер. Жер-су атаулары бізге дейін де болды, бізден кейін де болады. Топонимдер тілдің дамуы мен заңдарына бағынып, уақытпен бірге өзгеріп, жаңарып отырады. Топонимика ғылым саласы тіл, тарих, география және этнография ғылымдарының аясында зерттелсе ғана толық нәтижесін бере алады. Біз бұл мақалада Шығыс Қазақстан өңіріндегі ежелгі дәуір мен жалпы түркі дәуіріне тиесілі бірқатар атаулардың этимологиясын ашуға тырыстық. Алайда бұл барлық топонимдерді қамтыдық дегенді білдірмейді, өйткені бір мақала аясында өңірдің бүкіл көне атаулар жүйесін түгел қарастыру мүмкін емес. Зерттеу барысында Арқат, Қалба, Берел, Шар, Қарагем, Үржар, Бұқтырма, Аягөз сияқты атаулардың шығу төркіні әртүрлі тілдік қабаттармен байланысты екені байқалды. Бір атауларда моңғол және түркі-моңғол ортақ элементтері сақталса, екінші бір атауларда көне түркі гидронимиялық терминдері, түс атаулары, жер бедері, су ағысы, табиғи орта ерекшеліктері негізгі уәжге айналған. Осыдан Шығыс Қазақстан топонимиясының күрделі стратиграфиялық жүйе екені

көрінеді. Бұл кезеңдерді құрайтын қазақ топонимдері тек қазаққа ғана тиесілі мұра емес, жалпы түркі халықтары үшін ортақ тарихи-тілдік қазына. Сол үшін де жер-су атауларын салғастыра зерттеп, олардың өзіндік ерекшеліктерін айқындау тұрмыс-тіршілігімізден, тарихымыздан, мәдениетімізден және этникалық байланыстарымыздан мол ақпарат беретіні сөзсіз. Негізгі мақсатымыз – көне атауларды ұлттық байлық ретінде сақтап, ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеп, келешек ұрпаққа жеткізу.

Әдебиеттер

1. Hough, C. Place Names // Brown, K., Anderson, A. (eds.). Encyclopedia of Language & Linguistics. 2nd ed. – Boston: Elsevier, 2006. – P. 613–620.

2. Рысберген, Қ. Қ. Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 328 б.

3. Суперанская, А. В. Что такое топонимика? Из истории географических названий. – Москва: Либроком, 2014. – 178 с.

4. Жанұзақ, Т., Рысберген, Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: Азия, 2004. – 128 б.

5. Жанұзақ, Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры: 3-кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.

6. Қойшыбаев, Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.

7. Әбдуәлиұлы, Б. Қазақ топонимикасы: оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: Булатов А. Ж. ЖК, 2021. – 321 б.

8. Қазақстан: ұлттық энциклопедия. 5-том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2003. – 720 б.

9. Әбдірахманов, А. Топонимика және этимология. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 240 б.

10. Шипова, Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке. – Алма-Ата: Наука, 1976. – 444 с.

11. Малявкин, А.Г. Историческая география Центральной Азии: материалы и исследования. – Новосибирск: Наука, Сибирское отделение, 1981. – 336 с.

12. Бияров, Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері: монография. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.

13. Жанұзақ, Т. Жер-су атауларының анықтамалығы. – Алматы: Өнер, 2011. – 496 б.

14. Әбдірахманов, С. Үржар емес, Өржар! // Egemen Qazaqstan. – 2018. – 31 қазан. – № 208 (29439). – URL: https://egemen.kz/article/177071-urdgar-emes-ordgar (қаралған күні: 21.07.2026).

А.М. БАЙБОСЫН[1], К.К. КЕНЖАЛИН[2]
Национальный музей Республики Казахстан[1]
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева[2]

ДРЕВНИЕ ТОПОНИМЫ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье рассматривается языковая природа древних топонимов Восточного Казахстана в историко-хронологическом, этимологическом и семантическом аспектах. В качестве объекта исследования взяты оронимы и гидронимы, относящиеся к допериоду казахской государственности: Арқат, Қалба, Берел, Шар, Қарагем, Үржар, Бұқтырма, Аягөз и др. Цель статьи – лингвистически проанализировать древние топонимы восточного региона Казахстана и определить участие этносов и языков края в номинации географических объектов. В ходе исследования сопоставлены взгляды Т.Жанұзака, Е.Қойшыбаева, Б.Әбдуәлиұлы, А.Әбдірахманова, Б.Биярова на историческую стратификацию казахских топонимов, а также на их мотивационную и этимологическую интерпретацию. На конкретных примерах показана диахроническая динамика изменения географических названий. Результаты анализа показывают, что часть древних топонимов Восточного Казахстана восходит к тюрко-монгольскому общему пласту, часть связана с древнетюркскими гидронимическими и оронимическими терминами, а часть мотивирована природно-географическими признаками. В названиях Арқат, Қалба, Шар прослеживаются монгольские или общетюрко-монгольские элементы; в названиях Берел, Қарагем, Аягөз, Бұқтырма отчетливо проявляется роль воды, горного рельефа, цвета, течения и других ландшафтных признаков. Такие топонимы следует рассматривать не только как лексические единицы, но и как языковые памятники, отражающие длительное взаимодействие этнических, исторических и культурных процессов региона.

Статья может быть использована обучающимися гуманитарного направления, исследователями в области топонимии, а также специалистами, занимающимися исторической ономастикой и региональной языковой историей.

Ключевые слова: лингвистика, топоним, историческое название, этимология, семантика, Восточный Казахстан, древний пласт, гидроним.

A.M. BAIBOSSYN[1], K.K. KENZHALIN[2]
National Museum of the Republic of Kazakhstan[1]
L.N. Gumilyov Eurasian National University[2]

ANCIENT TOPONYMS OF EAST KAZAKHSTAN

Abstract. The article examines the linguistic nature of ancient toponyms in East Kazakhstan from historical-chronological, etymological, and semantic perspectives. The study focuses on a number of oronyms and hydronyms that belong to the pre-Kazakh statehood layer, including Arkat, Kalba, Berel, Shar, Karagem, Urzhar, Bukhtyrma, and Ayagoz. The purpose of the article is to analyse ancient toponyms of eastern Kazakhstan linguistically and to determine the role of regional ethnic groups and languages in the naming of geographical objects. The research compares the theoretical views of T.Zhanuzak, E.Koishybayev, B.Abdualiuly, A.Abdirakhmanov, and B.Biyarov on the historical stratification of Kazakh toponyms, as well as on their motivational and etymological interpretation. The diachronic dynamics of place-name change are demonstrated through concrete examples. The analysis shows that some ancient toponyms of East Kazakhstan belong to the common Turkic-Mongolian layer, some are connected with Old Turkic hydronymic and oronymic terms, while others are motivated by natural and geographical features. Names such as Arkat, Kalba, and Shar reveal Mongolian or common Turkic-Mongolian elements; Berel, Karagem, Ayagoz, and Bukhtyrma demonstrate the semantic role of water, mountain relief, colour, flow, and landscape features in naming. These toponyms should therefore be viewed not only as lexical units, but also as linguistic monuments reflecting the long-term interaction of ethnic, historical, and cultural processes in the region.

The article may be useful for students in the humanities, researchers in toponymy, and specialists dealing with historical onomastics and regional linguistic history.

Keywords: linguistics, toponym, historical name, etymology, semantics, East Kazakhstan, ancient layer, hydronym.

References

1. Hough, C. Place Names//Encyclopedia of Language & Linguistics (Second Edition). – 2006. – № 2. – P. 613-620.

2. Ry`sbergen, K.K. Yltty`k onomastikany`n lingvokognitivtik negizderi. [Rysbergen K. Linguocognitive foundations of National onomastics] Almaty`: Dajk-Press, 2011. – 328 b.

3. Superanskaya, A.V. Chto takoe toponimika? Iz istorii geograficheskix nazvanij[Superanskaya A.V. what is this toponymy? History of Geographical Names]. – Moskva.: Izd- vo Librokom, 2014.– 178 s.

4. Zhanyzak, T., Ry`sbergen K. Kazak onomastikasy`: zhetistikteri men bolashaqy`[Zhanuzak T., Rysbergen. Kazakh onomastics: achievements and prospects].– Almaty`: Aziya, 2004. –128 b.

5. Zhanyzak, T. Kazak onomastikasy. Ataular syry 3 [Kazakh onomastics. Names secret 3]. Almaty: «Dajk-Press», 2007. – 524 p.

6. Koishybayev, E. Qazaqstannyn zher-su attary sozdigi [Dictionary of Kazakhstan's geographical names]. Almaty: Mektep, 1985. 256 p.

7. Abdualiyly, B. Kazak toponimikasy (oқu kyraly) Kazakh toponymy (textbook)], (Nyr-Syltan: «Bulatov A.ZH.» ZHK, 2021. – 321 p.

8. Kazakstan. Ylttyk enciklopediya (5-tom) [Kazakhstan. National Encyclopedia (Volume 5)], Almaty: «Kazak enciklopediyasy», 2003. – 720 p.

9. Abdirahmanov, A. Toponomika zhane etimologiya [Toponomy and etymology], (Pavlodar: S.Torajgyrov atyndagy Pavlodar memlekettik universiteti, 2010. – 240 p).

10. Shipova, E. N. Slovar' tyurkizmov v russkom yazyke [Dictionary of Turkisms in Russian], Alma-Ata: Nauka, 1976. – 444 p.

11. Malyavkin, A.G. Istoricheskaya geografiya Tsentralnoy Azii: materialy i issledovaniya [Historical geography of Central Asia: materials and research]. Novosibirsk: Nauka, Siberian Branch, 1981. 336 p.

12. Biyarov, B. Zher-su attarynyn sozzhasamdyq ulgileri: monografiya [Word-formation patterns of land and water names: monograph]. Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 2012. 460 p.

13. Zhanyzak, T. Zher-su ataularynyn anyktamalygy [Directory of land and water names], Almaty: «Oner» 2011. – 496 p.

14. Abdirakhmanov, S. Urzhar emes, Orzhar! [Not Urzhar, but Orzhar!] // Egemen Qazaqstan. URL: https://egemen.kz/article/177071-urdgar-emes-ordgar (accessed: 22.06.2026).

Авторлар туралы мәлімет:

Байбосын Әли Мұратұлы – PhD, ҚР Ұлттық музейінің ғылыми қызметкері, редактор;

Байбосын Али Муратович – PhD, научный сотрудник, редактор Национального музея РК;

Baibosyn Ali Muratovich – PhD, Researcher, Editor of the National Museum of the Republic of Kazakhstan.

Кенжалин Қуанышбек Кәрімұлы – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры;

Кенжалин Куанышбек Каримович – PhD, ассоциированный профессор Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева;

Kenzhalin Kuanyshbek Karimovich – PhD, Associate Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University.

ҒТАХР 16.21.27
DOI

O.K. ABDIROV[1], E. AYAN[2]

NAO «Sh. Shayakhmetov National Scientific and Practical Center «Til-Qazyna»[1]
Muğla Sıtkı Koçman University, Faculty of Letters, Department of Contemporary Turkish Dialects and Literatures[2]
(e-mail: qurmanaliuly@gmail.com[1], eayan@mu.edu.tr[2])

TRANSFORMATION OF KAZAKH PROVERBS AND SAYINGS IN DIGITAL DISCOURSE AND THEIR ADAPTATION FOR ARTIFICIAL INTELLIGENCE SYSTEMS

Abstract. This article examines contemporary paremiogenesis in the Kazakh language in relation to digital communication. Using traditional proverbs and their transformed versions as material, the study describes the stability of structural frames, the pragmatic mechanism of the expectation effect, and the conflict between inherited and emerging values in network discourse. Structural-semantic and pragma-cognitive methods are used to identify the grammatical, rhythmic, oppositional, and logical elements preserved during transformation. Three types of proverb transformation are distinguished: distorted, antithetical, and transient proverbs. The findings show that inherited frames can convey social criticism, gender re-evaluation, and situational digital humor. The article also argues that proverbs and their variants should be represented as structured data for artificial intelligence systems and large language models. A JSON-based model is proposed for recording the canonical form, transformed form, logical model, semantic interpretation, pragmatic function, discourse context, and temporal status of a proverb. Such an approach can help distinguish original, modified, ironic, and temporary proverb forms and reduce the risk of reliable data debt in Kazakh-language digital resources.

Keywords: paremiology; paremiogenesis; Kazakh proverbs and sayings; proverb

transformation; paremiological frame; expectation effect; artificial intelligence; large language model; JSON.

Introduction

STS manifests in both physical and psychological domains. The reviewed literature consistently identifies STS as a measurable and documented occupational outcome among community interpreters. Figley [5] defines STS as the emotional strain experienced by individuals who support trauma survivors, describing it as closely analogous to PTSD in its symptom profile. Expanding this, Sprang et al. [13] raumatizati STS as a parallel process triggered by empathic engagement with a client's trauma-related psychological changes – meaning STS can arise not only through exposure to close relationships, but through any sustained contact with trauma narratives, including interpreting. Empirical studies confirm the prevalence and severity of these effects. Kindermann et al. [8] found elevated rates of depressive symptoms, anxiety, and subjective stress among interpreters working with refugee populations. Mehus and Becher [10] applied the Professional Quality of Life measure to a sample of spoken-language interpreters, concluding that trauma-exposed interpretation negatively affects interpreters' personal lives beyond the workplace. Notably, Kindermann et al. [8] reported that approximately 21% of interpreters working with trauma-affected populations demonstrated clinically relevant levels of secondary raumatization.

Sleep Disturbance. Previous studies exploring the STS among interpreters

revealed some of the psychological aspects tightly bond to the STS experience [4; 9; 10]. At the same time, there were no studies involving the investigation of such problems in interpreters. But Secosan et al. (2020) researched the role of insomnia and exhaustion in the frontline medical stuff experiencing STS during the COVID-19 pandemic. The results of the study argued that STS is positively related to insomnia.

Psychological consequences. Because of the psychological nature of STS implicating the emotions of individual the vast number of research of STS impact on interpreters determine the burnout, avoidance, compassion fatigue, depression and anxiety [4; 6; 8; 10]. Although it is common to perceive the results of prolonged emotional stress exposure negatively, in some cases it might become a tool for job satisfaction and professional growth tool too. For instance, Splevins et al. [12] revealed the concept named Vicarious Posttraumatic Growth amidst interpreters. Through the semi-structured interviews with specialists, authors found out that interpreters described their experiences as a process of growing.

These findings collectively indicate that STS is not only a significant occupational hazard but also a potential factor shaping professional identity and growth, depending on the availability of support and coping strategies. Moreover, being familiar with these psychological and physical conditions that were globally recognized, the STS makes CI a new research area not only for its linguistic prospects, but psychological toll too.

Conclusion

This literature review underscores the substantial occupational risk posed by Secondary Traumatic Stress (STS) to community interpreters operating in high-stakes environments involving trauma. The reviewed studies reveal that interpreters not only serve as linguistic facilitators but also as emotional conduits, whose exposure to trauma can result in psychological and physical repercussions such as emotional exhaustion, burnout, anxiety, depression, and sleep disturbances. The theoretical constructs of emotional labour and embodied empathy offer valuable insights into why interpreters are exceptionally vulnerable, illustrating how the professional requirement to maintain neutrality while absorbing others' trauma can blur the line between self and client.

The practical outcomes of these observations are far-reaching. There is a clear imperative for institutional and educational changes. Firstly, community interpreters' training must incorporate modules on stress management, trauma-sensitive approaches, and self-care techniques to build the emotional resilience required for their responsibilities. Secondly, policymakers and professional organizations must recognize the psychological challenges of interpreting as a fundamental aspect of occupational health standards, ensuring that supervision, counselling,

and support systems are readily available for interpreters. Moreover, despite the growing body of research on STS among interpreters, significant gaps remain. Most studies concentrate on Western healthcare, refugee, and asylum contexts, leaving post-Soviet and Central Asian settings largely unexplored. Furthermore, there is a lack of longitudinal research examining the long-term mental health impacts of trauma-exposed interpreting, as well as limited evaluation of specific coping strategies and institutional interventions. Hence, future research should address these shortcomings by investigating the prevalence, triggers, and outcomes of STS across various cultural and institutional settings, assessing the effectiveness of training and support initiatives.

In summary, this review underscores that community interpreting is a psychologically demanding profession with significant implications for mental health and professional practice. By integrating these findings into interpreter training, policy, and research, the field can better support practitioners, mitigate the risks of STS, and improve the overall quality and sustainability of community interpreting as an essential public service.

References

1. Administrative Procedural and Process-Related Code of The Republic of Kazakhstan No. 350-VI, art.,35. (2020).

2. Crezee, I., Burn, J., & Ngo, H. (2015). Teaching interpreters about self-care. International Journal of Interpreter Education, 7(1), 74-83. http://www.cit-asl.org/new/teaching-interpreters-about-self-care-7-1/

3. Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan, No. 231-V, art. 81. (2014)

4. Doherty, S. M., MacIntyre, A. M., & Wyne, T. (2010). How does it feel for you? The emotional impact and specific challenges of mental health interpreting. Mental Health Review Journal, 15(3), 31-44. https://doi.org/10.5042/mhrj.2010.0657

5. Figley, C. R. (1995). Compassion Fatigue as Secondary Traumatic Stress Disorder: An Overview. In Figley, C. R (Ed.), Compassion fatigue: Coping with secondary traumatic stress disorder in those who treat the traumatized, 1-20. Routledge.

6. Green, T. D. C. (2003). Vicarious Traumatisation and Secondary Traumatic Stress Among Interpreters and Translators [Doctoral dissertation, University of Surrey] ProQuest Dissertations and Theses Global.

7. Hochschild, A. R. (1983). The managed heart: Commercialization of human feeling. University of California Press.

8. Kindermann, D., Schmid, C., Derreza-Greeven, C., Huhn, D., Kohl, R. M.,

Junne, F., Schleyer, M., Daniels, J. K., Ditzen, B., Herzog, W., & Nikendei, C. (2017). Prevalence of and risk factors for secondary Traumatization in Interpreters for Refugees: A Cross-Sectional Study. Psychopathology, 50(4), 262-272. https://doi.org/10.1159/000477670

9. Lai, M., & Costello, S. (2020). Professional Interpreters and Vicarious Trauma: An Australian perspective. Qualitative Health Research, 31(1), 70-85. https://doi.org/10.1177/1049732320951962

10. Mehus, C. J., & Becher, E. H. (2015). Secondary traumatic stress, burnout, and compassion satisfaction in a sample of spoken-language interpreters. Traumatology an International Journal, 22(4), 249–254. https://doi.org/10.1037/trm0000023

11. Sanders, M., (1992). Training for community interpreters. In Picken, C. (Ed.), ITI Conference 6 Proceedings, 45-50. Aslib.

12. Splevins, K. A., Cohen, K., Joseph, S., Murray, C., & Bowley, J. (2010b). Vicarious posttraumatic growth among interpreters. Qualitative Health Research, 20(12), 1705–1716. https://doi.org/10.1177/1049732310377457

13. Sprang, G., Ford, J., Kerig, P., & Bride, B. (2018). Defining secondary traumatic stress and developing targeted assessments and interventions: Lessons learned from research and leading experts. Traumatology an International Journal, 25(2), 72–81. https://doi.org/10.1037/trm0000180

А.Т. БАЛТАБЕКОВА[1], Г.Б. ТУСУПОВА[2]
MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY[1, 2]

ҚАУЫМДАСТЫҚ АУДАРМАШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ТУЫНДЫ ТРАВМАЛЫҚ СТРЕСС: ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АУДАРМАТАНУЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Андатпа. Бұл мақалада травмалық тәжірибемен байланысты жағдайларда жұмыс істейтін қауымдастық аудармашылар арасындағы туынды травмалық стресс (ТТС) туралы зерттеулерге жан-жақты талдау жасалған. Аударматану, психология және сабақтас пәндер саласындағы зерттеулерді біріктіретін пәнаралық шолу негізінде қауымдастық аударма құқықтық, медициналық және мемлекеттік контекстерде травмалық нарративтердің тұрақты әсерінен туындайтын жоғары эмоциялық жүктемесі бар кәсіби қызмет ретінде қарастырылады. Эмоциялық еңбек және эмпатия ұғымдарына ерекше көңіл бөлінеді. Мақалада ТТС-тің психологиялық және физикалық салдары, соның ішінде эмоциялық шаршау, кәсіби шаршау, мазасыздық, депрессия және ұйқының бұзылуы туралы эмпирикалық деректер жинақталған, сондай-ақ ком-

пенсаторлық посттравмалық өсу феномені турасындағы жаңа зерттеулер қарастырылған. Сонымен қатар, шолу қауымдастық аудармашылар үшін жүйелі кәсіби дайындықтың, институционалдық қолдаудың және өзіне-өзі көмектесу ресурстарының жоқтығын көрсетеді. Қауымдастық аударма посткеңестік және Орталық Азия контекстерінде, оның ішінде Қазақстанда кеңінен таралған, бірақ жеткілікті реттелмеген әрі толық зерттелмеген сала екеніне ерекше назар аударылды. Мақалада қолданыстағы зерттеулердегі негізгі олқылықтар анықталып, контекстік-бағдарланған ғылыми жұмыстардың, сондай-ақ білім беру және кәсіби саясатқа аудармашыларды оқыту мен қолдау жүйелеріне травмалық деректерге байланысты жұмысқа негізделген тәсілдерін қосудың қажеттілігі негізделген.

Түйін сөздер: туынды травматикалық стресс; қауымдастық аудармашылар; қауымдастық аударма; эмоциялық еңбек; туынды эмпатия; мемлекеттік қызметтер саласындағы аударма; аудармашылардың әл-ауқаты; травмалық әсер; Қазақстан

А.Т. БАЛТАБЕКОВА[1], Г.Б.ТУСУПОВА[2]
MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY [1, 2]

ВТОРИЧНЫЙ ТРАВМАТИЧЕСКИЙ СТРЕСС СРЕДИ КОМУНАЛЬНЫХ ПЕРЕВОДЧИКОВ: ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ И ПЕРЕВОДОВЕДЧЕСКИЙ ВЗГЛЯД

Аннотация. В данной статье представлен всесторонний анализ существующих исследований, посвящённых вторичному травматическому стрессу (ВТС) среди коммунальных переводчиков, работающих в условиях, связанных с травматическим опытом. На основе междисциплинарного подхода, объединяющего исследования в области переводоведения, психологии и смежных дисциплин, коммунальный перевод рассматривается как профессиональная деятельность с высокой эмоциональной нагрузкой, обусловленной постоянным воздействием травмирующих нарративов в юридических, медицинских и государственных контекстах. Особое внимание уделяется концепциям эмоционального труда и воплощённой эмпатии. В статье обобщаются эмпирические данные о психологических и физических последствиях ВТС, включая эмоциональное истощение, профессиональное выгорание, тревожность, депрессию и нарушения сна, а также рассматриваются новые исследования феномена компенсаторного посттравматического роста. Кроме того, обзор подчёркивает отсутствие системной профессиональной подготовки, институ-

циональной поддержки и ресурсов самопомощи для коммунальных переводчиков. Особый акцент сделан на недостаточно изученном постсоветском и центральноазиатском контексте, на примере Казахстана, где коммунальный перевод широко распространён, но недостаточно регламентирован и поддержан. В статье выявляются ключевые пробелы в существующих исследованиях и обосновывается необходимость контекстно-ориентированных научных работ, а также интеграции травма-информированных подходов к обучению и поддержке переводчиков в образовательную и профессиональную политику.

Ключевые слова: вторичный травматический стресс; коммунальный перевод; эмоциональный труд; воплощённая эмпатия; перевод в сфере государственных услуг; благополучие переводчиков; воздействие травмы; Казахстан

Сведения об авторах:

Балтабекова Адия Талғатқызы – Maqsut Narikbayev University магистранты, Астана, Қазақстан;

Балтабекова Адия Талгаткызы – магистрант Maqsut Narikbayev University, Астана, Казахстан;

Baltabekova Adiya Talgatkyzy – master student Maqsut Narikbayev University, Astana, Kazakhstan.

Тусупова Гульшат Бакытжановна – ф.ғ.к., Maqsut Narikbayev University Teaching проофессоры, Астана, Қазақстан;

Тусупова Гүлшат Бақытжановна – к.ф.н., Maqsut Narikbayev University Teaching проофессор, Астана, Казахстан;

Tussupova Gulshat Bakhytzhanovna – The candidate of philological sciences, Maqsut Narikbayev University Teaching professor, Astana, Kazakhstan.

ҒТАХР 16.21.51
DOI

А.Е. АУБАКИРОВА
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
(e-mail: aidaaybakirova@mail.ru)

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАҢА ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖАСАЛУЫ МЕН ҚАЛЫПТАНУЫ

Аңдатпа. Мақалада 1991-2021 жылдар аралығында қазақ тілінде қалыптасқан жаңа терминдердің жасалу жолдары, құрылымдық типтері және қалыптану сатылары қарастырылады. Зерттеу материалы ретінде салалық терминологиялық сөздіктер, бекітілген терминдер қоры, ұлттық корпус деректері және тәуелсіздік кезеңіндегі мерзімді басылым мәтіндері негізге алынды. Жаңа терминдер тілдің ішкі сөзжасамдық мүмкіндіктері, семантикалық жаңғыру, синтаксистік тіркесу, біріктіру, жұрнақ жалғау және халықаралық элементтермен будандасу тұрғысынан талданды. Сандық-статистикалық талдау нәтижесінде жұрнақ арқылы жасалған терминдердің үлесі 35,6%, семантикалық/лексикалық тәсілдің үлесі 32,7%, тіркесу арқылы жасалған атаулардың үлесі 15,3% екені анықталды. Бұл деректер қазақ тіліндегі жаңа терминжасамда морфологиялық және семантикалық тәсілдердің жетекші орын алатынын көрсетеді. Сонымен қатар мақалада терминнің ұсынылу, сарапталу, бекітілу, кодификациялану және қолданысқа ену сатылары сипатталып, жаңа атауларды білім беру жүйесінде меңгертудің маңызы негізделеді. Зерттеу нәтижелері қазақ терминологиясын жүйелеу, біріздендіру және оқыту тәжірибесінде қолдануға бағытталады.

Түйін сөздер: жаңа термин, неологизм, неоним, терминжасам, қалыптану, кодификация, будан термин, қазақ тілі.

Кіріспе

Тәуелсіздік кезеңі қазақ тілінің терминологиялық қорын сапалық әрі сандық тұрғыдан жаңартқан тарихи кезең ретінде бағаланады. 1991 жылдан кейін қоғамдық-саяси құрылым, экономикалық қатынастар, құқықтық жүйе, білім беру мазмұны, ақпараттық технологиялар мен ғылыми коммуникация кеңістігі түбегейлі өзгерді. Осындай өзгерістер тілде бұрын болмаған ұғымдарды атау, жаңа құбылыстарды дәл бейнелеу және халықаралық білім айналымына бейімделген терминологиялық жүйе қалыптастыру қажеттілігін туғызды. Сондықтан жаңа терминдерді зерттеу бір ғана лексикалық жаңару мәселесі емес, ұлттық ғылым тілінің әлеуетін айқындайтын өзекті бағыт саналады.

Жаңа термин табиғатын түсіндіруде неология, неонимия және терминология теориялары өзара сабақтас қарастырылады. Ж.К. Буланже неонимді арнаулы салада туындайтын жаңа атау ретінде түсіндірсе, А. Рей мен Г. Рондо терминнің ұғымдық дәлдігі, жүйелілігі және кәсіби коммуникациядағы орнығуы негізгі өлшем екенін көрсетеді [1; 2; 3, 4, 5]. Бұл тұжырымдар қазақ тіліндегі жаңа атауларды жалпы неологизмдер қатарында ғана емес, белгілі бір салалық ұғымды білдіретін терминологиялық бірлік ретінде қарастыруға негіз береді.

Қазақ тіл білімінде жаңа сөз, жаңа атау, жаңа қолданыс және термин мәселесі Р. Сыздық, Ш. Құрманбайұлы, Ө. Айтбаев, Ә. Қайдар, С.М. Исаев еңбектерінде әр қырынан зерделенді [6; 7; 8; 10; 11]. Бұл зерттеулерде тілдің ішкі мүмкіндігін пайдалану, терминжасамдағы жүйелілік, ұлттық дүниетанымға негізделген уәжділік, кірме қабатты сұрыптап қабылдау және нормалау ұстанымдары басты назарға алынады. Алайда 1991-2021 жылдар аралығындағы жаңа терминдердің жасалу тәсілдерін сандық дерекпен байланыстырып, олардың қалыптану сатыларын біртұтас модель ретінде сипаттау әлі де тереңдете қарастыруды қажет етеді.

Мақаланың мақсаты – тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан жаңа терминдердің жасалу жолдарын, құрылымдық үлгілерін және қалыптану үдерісін ғылыми тұрғыдан сипаттау. Осы мақсатқа сәйкес жаңа терминдердің теориялық белгілері, сөзжасамдық тәсілдері, сандық үлестірімі, салалық таралуы және ресми қолданысқа орнығу тетіктері талданады. Мақалада жаңа терминнің өміршеңдігі тек жасалу формасына ғана емес, сарапталу, бекітілу, кодификациялану және қоғамдық қолданыста орнығу деңгейіне де тәуелді екені негізделеді.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу материалы ретінде 1991-2021 жылдар аралығында қазақ тілінде қалыптасқан жаңа терминдер алынды. Дереккөздер қатарына «Жаңа атаулар мен қолданыстар сөздігі», «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі», салалық терминологиялық сөздіктер, Республикалық терминология комиссиясының бекітілген терминдер қоры, Qazcorpus ұлттық корпусы, сондай-ақ Egemen.kz және Aikyn.kz сайттарындағы мәтіндер енгізілді. Бұл дереккөздер жаңа атаудың сөздіктегі, ресми терминологиялық қордағы және нақты қолданыстағы көрінісін салыстыра бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында сипаттамалы, компоненттік, жүйелі-құрылымдық және сандық-статистикалық әдістер қолданылды. Сипаттамалы әдіс жаңа терминдердің теориялық белгілерін, жасалу арналары мен қалыптану кезеңдерін түсіндіруге негіз болды. Компоненттік талдау терминдердің морфемалық құрамын, халықаралық элементтер мен төл компоненттердің арақатынасын

анықтауға пайдаланылды. Жүйелі-құрылымдық әдіс жаңа терминдерді дара түбір, жұрнақ арқылы жасалған атау, тіркесті термин, құрама термин, будан термин сияқты үлгілерге бөлуге мүмкіндік берді. Сандық-статистикалық әдіс әр тәсілдің өнімділігін пайыздық көрсеткішпен айқындау үшін қолданылды.

Мақалада жаңа терминдер үш өлшем бойынша қарастырылды. Біріншісі – құрылымдық өлшем: терминнің дара, күрделі, тіркесті, құрама немесе будан сипатта болуы. Екіншісі – семантикалық өлшем: бұрыннан бар сөздің жаңа арнаулы мағынада жұмсалуы, мағынаның тарылуы немесе терминденуі. Үшіншісі – институционалдық өлшем: атаудың ұсынылуы, сарапталуы, бекітілуі, сөздікке немесе ресми қорға енгізілуі және нақты қолданыста орнығуы. Осы өлшемдер жаңа терминді тілдік форма ретінде ғана емес, әлеуметтік-ғылыми коммуникацияда қызмет ететін норма ретінде бағалауға жағдай жасайды.

Талқылау

Жаңа терминдерді жіктеу мәселесі олардың сыртқы тұлғасын ғана емес, пайда болу уәжін, салалық қызметін және қолданыстық мәртебесін қоса ескеруді талап етеді. С.М. Исаев жаңа атауларды көнерген сөздердің жаңғыруы, тілдің ішкі мүмкіндігі арқылы жасалу, кірме сөздер, еркін тіркесу және калька тәсілі арқылы жасалған қолданыстар деп саралайды [8]. Р. Сыздық жаңа қолданыстардың әдеби нормаға қатысын, морфологиялық және семантикалық арналарын жүйелі көрсетеді [6; 9]. Ш. Құрманбайұлы жаңа атаулардың терминологиялық жүйеге енуінде уәжділік, бірізділік, қолданыс тұрақтылығы және нормалану өлшемдері маңызды екенін атап өтеді [7; 12].

Жаңа терминдердің жасалу жолдарын талдау қазақ тілінде терминқорды толықтырудың негізгі екі бағыты бар екенін көрсетеді. Бірінші бағыт – ұлттық тілдің ішкі ресурстарына сүйену. Бұған төл түбірлерді терминдендіру, жұрнақ арқылы жаңа атау жасау, сөздерді біріктіру, күрделі тіркестер құрау, бұрынғы сөзге жаңа салалық мағына жүктеу жатады. Екінші бағыт – сыртқы тілдік ықпалды игеру. Бұл бағыт кірме терминдерді бейімдеу, халықаралық терминэлементтерді пайдалану, калькалау, жартылай калькалау және будан модельдер арқылы көрінеді. Екі бағыт бір-біріне қарсы қойылмайды; керісінше, қазіргі қазақ терминологиясында олар өзара ықпалдаса отырып қызмет етеді.

Морфологиялық тәсіл жаңа терминжасамда ең өнімді арналардың бірі болып отыр. Жұрнақтар жаңа ұғымды ықшам, жүйелі және қазақ тілінің грамматикалық заңдылықтарына сәйкес атауға мүмкіндік береді. Мысалы, -лық/-лік, -шы/-ші, -у, -ым/-ім, -ғыш/-гіш сияқты қосымшалар әрекет, нәтиже, қасиет, құрал, мамандық немесе үдеріс мәнін тұрақты түрде білдіреді. Бұл тәсілдің артықшылығы – жаңа терминнің тілдік жүйеге оңай бейімделуі және басқа сөздермен тіркесу қабілетінің жоғары болуы. Сондықтан жұрнақ арқылы жа-

салған атаулар педагогика, техника, құқық, тарих, спорт сияқты көптеген салаларда жиі кездеседі.

Семантикалық немесе лексикалық тәсіл де жаңа термин жасауда жетекші орын алады. Бұл тәсілде дайын сөздік қордағы бірлік жаңа салалық мағынаға ие болады. Мұндай атаулар, әсіресе, табиғи нысандарды, кеңістікті, биологиялық құрылымдарды, тарихи-мәдени құбылыстарды атауда тиімді. Терминдену үдерісі бұрыннан бар сөздің мағынасын дәлдеу, тарылту немесе ғылыми ұғымға бекіту арқылы жүзеге асады. Мысалы, жалпы қолданыстағы атау белгілі бір пәндік салада нақты ұғымның тұрақты белгісіне айналады. Бұл тәсіл ұлттық тілдің семантикалық әлеуетін сақтап, терминнің түсініктілігін арттырады.

Синтаксистік тәсіл, яғни тіркесті терминдер жасау, күрделі ұғымдарды дәл берудің маңызды амалы. Заң, экономика, саясаттану, философия, стандарттау сияқты салаларда бір түбір сөз ұғымның барлық белгісін қамти алмайды. Сондықтан анықтауыштық компонент арқылы терминнің шегі нақтыланады: субъект, объект, қызмет, мөлшер, сапа немесе құқықтық мәртебе көрсетіледі. Тіркесті терминдердің көлемі ұзындау болғанымен, олар ғылыми және ресми мәтінде мағыналық айқындықты қамтамасыз етеді. Осы себепті тіркесу тәсілі әлеуметтік-гуманитарлық және нормативтік салаларда жиі қолданылады.

Құрама және будан терминдер қазіргі терминқордағы аралық сипаттағы үлгілерді танытады. Құрама терминдер екі не одан көп түбірдің бірігуі арқылы жасалып, ықшам атау қалыптастырады. Будан терминдерде төл компонент пен халықаралық немесе кірме элемент қатар жұмсалады. Мұндай үлгілер ақпараттық технология, медиа, электроника, математика, физика сияқты халықаралық термин айналымы күшті салаларда жиі байқалады. Будан үлгілерді бағалағанда оларды автоматты түрде теріс құбылыс деп тану дұрыс емес; басты өлшем – терминнің уәжділігі, жүйеге сәйкестігі, жазылу бірізділігі және қолданыстағы тұрақтылығы.

Жаңа терминнің қалыптануы бірнеше сатыдан өтеді. Алдымен атау ұсынылады: жаңа ұғымды белгілеуге арналған балама жасалады немесе қолданыстағы бірнеше нұсқаның бірі іріктеледі. Екінші сатыда сараптама жүргізіледі: терминнің мағыналық дәлдігі, тілдік нормаға сәйкестігі, салалық ұғымды толық қамтуы, аудармадағы бірізділігі қаралады. Үшінші саты – бекіту. Қазақстан тәжірибесінде бұл қызметті Республикалық терминология комиссиясы атқарады [13]. Төртінші сатыда атау сөздіктерге, ресми терминологиялық қорларға, оқу материалдарына енгізіліп, кодификацияланады. Соңғы сатыда термин ғылыми, ресми, білім беру және бұқаралық коммуникация мәтіндерінде тұрақты қолданысқа түседі.

Қалыптану үдерісі терминнің ресми бекітілуімен аяқталмайды. Бекітілген

атау нақты мәтіндерде жұмсалып, мамандар мен тіл тұтынушылар тарапынан қабылданғанда ғана толық орныгады. Егер термин ресми тізімде болғанымен, оқулықта, заң мәтінінде, ғылыми мақалада немесе медиа дискурста қолданылмаса, оның өміршеңдігі әлсіз болып қала береді. Керісінше, кейбір жаңа қолданыстар ресми бекітілмей тұрып-ақ кең таралуы мүмкін. Сондықтан терминологиялық норма бекіту актісі мен қоғамдық қолданыстың бірлігін қажет етеді.

Нәтижелер

Сандық-статистикалық талдау 1458 жаңа терминнің жасалу жолдары әркелкі болғанымен, негізгі өнімді тәсілдер айқын екенін көрсетті. Ең жоғары үлес жұрнақ арқылы жасалған терминдерге тиесілі – 519 бірлік немесе 35,6%. Екінші орында семантикалық/лексикалық тәсіл тұр – 477 бірлік немесе 32,7%. Үшінші орында тіркесу арқылы жасалған терминдер – 223 бірлік немесе 15,3%. Бұдан кейін біріктіру және жұрнақ арқылы жасалған үлгілер – 114 бірлік немесе 7,8%, біріктіру арқылы жасалған құрама атаулар – 73 бірлік немесе 5,0%, халықаралық элемент арқылы будандасқан терминдер – 47 бірлік немесе 3,2%, қосарлау/дефис арқылы жасалған атаулар – 5 бірлік немесе 0,3% құрайды.

Кесте 1 – Жаңа терминдердің жасалу жолдары бойынша үлестірімі

Жасалу жолы	**Саны**	**Үлес (%)**
Жұрнақ арқылы	519	35,6
Семантикалық/лексикалық тәсіл	477	32,7
Тіркесу (синтаксистік тәсіл)	223	15,3
Біріктіру (жұрнақ арқылы)	114	7,8
Біріктіру (құрама сөз)	73	5,0
Будандастыру (халықаралық элемент арқылы)	47	3,2
Қосарлау/дефис арқылы	5	0,3
Барлығы	**1458**	**100**

Бұл көрсеткіштер қазақ тіліндегі жаңа терминжасамда ішкі тілдік ресурстардың басымдығын дәлелдейді. Жұрнақ және семантикалық тәсілдердің жиынтық үлесі 68,3% құрайды. Демек, жаңа терминдердің көпшілігі сыртқы дайын қалпында алынбай, қазақ тілінің өз сөзжасамдық және мағыналық мүмкіндігі арқылы қалыптасқан. Бұл ұлттық терминқорды дамытуда төл тілдің әлеуеті жоғары екенін байқатады. Сонымен қатар тіркесті терминдердің 15,3% болуы қазіргі ғылыми ұғымдардың күрделене түскенін және оларды

дәл атау үшін бірнеше компоненттен тұратын құрылымдардың қажет екенін көрсетеді.

Салалық тұрғыдан қарағанда, әр тәсілдің өнімділігі бірдей емес. Жұрнақ арқылы жасалған атаулар іс жүргізу және мұрағат ісі, спорт, тарих, заңтану, техника салаларында жиі кездеседі. Семантикалық/лексикалық тәсіл ботаника, география, геология, әскери сала, зоология бағыттарында басым. Тіркесу тәсілі философия және саясаттану, экономика, статистика, стандарттау, зияткерлік меншік, сәулет және құрылыс, заңтану салаларында жоғары үлес береді. Будандастыру математика, физика, электроника, іс жүргізу, мәдениет және өнер бағыттарында көбірек көрінеді. Бұл деректер терминжасам тәсілін таңдауда саланың ұғымдық табиғаты шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері жаңа терминдердің қалыптануында бес сатының өзара байланысын көрсетті: ұсыныс, сарап, бекіту, кодификация және қолданыс. Ұсыныс сатысында терминнің бірнеше баламасы қатар жүруі мүмкін. Сарап сатысында мағына дәлдігі, құрылымдық ықшамдық, ұлттық тіл нормасына сәйкестік, халықаралық баламалармен қатынасы тексеріледі. Бекіту сатысында термин ресми мәртебе алады. Кодификация сатысында сөздіктер мен терминологиялық қорларда тұрақтанады. Қолданыс сатысында атау білім беру, ғылым, БАҚ және ресми құжаттар арқылы орнығады. Осы сатылардың бірі әлсіз болса, терминологиялық жарыспалылық сақталып, бірізділік бұзылады.

Жаңа терминдерді орта білім жүйесінде оқыту да маңызды нәтиже ретінде қарастырылады. Терминді тек жаттап алу жеткіліксіз; оқушы оның мағынасын, жасалу жолын, қолданылатын саласын және мәтіндегі қызметін түсінуі керек. Диссертациялық зерттеуде ұсынылған әдістемелік бағыт жаңа сөз, көне сөз және термин ұғымдарын ажырату, термин мағынасын контекст арқылы болжау, бір сөйлемдік анықтама құрастыру, терминжасамдық талдау жасау және шағын глоссарий әзірлеу сияқты тапсырмаларға негізделеді. Мұндай жұмыс оқушылардың пәндік сауаттылығын ғана емес, ғылыми тілдік құзыреттілігін де дамытады.

Эксперименттік деректер жаңа терминдерді мақсатты оқыту тиімді екенін байқатады. Бастапқы кезеңде оқушылардың жаңа сөз, көне сөз және термин ұғымдарын ажырату деңгейі 48% шамасында болса, қорытынды кезеңде 92%-ға дейін көтерілген. Терминнің мағынасын түсіндіру және қолдану саласын анықтау көрсеткіші 45%-дан 88%-ға, терминнің шығу тегі мен жасалу жолын талдау 40%-дан 85%-ға, пәнаралық байланысын анықтау 36%-дан 83%-ға, жаңа термин жасап, оны контексте қолдану 32%-дан 80%-ға артқан. Бұл көрсеткіштер жаңа терминдерді пәнаралық интеграция негізінде оқыту оқушының ұғымдық ойлауын және академиялық тілін дамытуға ықпал ететінін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, жаңа терминдер қазақ тілінің дамуындағы динамикалық қабатты құрайды. Олар қоғамдағы жаңа құбылыстарды атаумен қатар, ұлттық ғылым тілінің қандай бағытта дамып жатқанын да көрсетеді. Егер жаңа атаулар ғылыми сарапсыз, бірізді кодификациясыз және оқу жүйесіндегі қолданыссыз қалыптасса, терминологиялық жарыспалылық артады. Ал жүйелі сараптама, салалық мамандармен келісім, сөздіктер мен корпустар арқылы бақылау және білім беру мазмұнына енгізу қатар жүргізілсе, жаңа терминдер қазақ тілінің ғылыми-коммуникативтік мүмкіндігін кеңейтетін тұрақты ресурсқа айналады.

Жаңа терминдердің сапасын бағалау үшін бірнеше өлшем ұсынуға болады: семантикалық дәлдік, уәжділік, ықшамдық, жүйелілік, тілдік нормаға сәйкестік, салалық мамандар тарапынан қабылдануы және нақты қолданыста тұрақтануы. Семантикалық дәлдік ұғымның шегін бұрмаламауды қамтамасыз етеді. Уәжділік атаудың мағынасын түсінуді жеңілдетеді. Ықшамдық терминді мәтінде қолдануға ыңғайлы етеді. Жүйелілік бір саладағы ұқсас ұғымдарды бір модельмен атауға мүмкіндік береді. Ал қолданыста тұрақтану терминнің шынайы өміршеңдігін дәлелдейді.

Пәнаралық интеграция жаңа терминдерді меңгертудің нәтижелілігін арттырады. Мысалы, биологиядағы жасуша, экологиядағы биоалуантүрлілік, информатикадағы дерекқор, құқықтағы зияткерлік меншік сияқты атаулар қазақ тілі сабағында тек сөз ретінде емес, нақты пәндік ұғым ретінде талданса, оқушы олардың мағынасын тереңірек түсінеді. Осылайша тіл сабағы пәндік біліммен, ал пән сабақтары ғылыми тіл нормасымен байланысады. Бұл тәсіл қазіргі білім беру мазмұнындағы функционалдық сауаттылық, академиялық жазылым және терминологиялық мәдениет талаптарымен үйлеседі.

Жаңа терминдерді оқытуда анықтаманы жаттату тәсілі оқушының терминологиялық құзыреттілігін толық қалыптастырмайды. Тиімді әдістеме терминді мәтін ішінде тану, оның мағына белгілерін ажырату, жасалу жолын талдау, басқа тілдегі баламасымен салыстыру, сөйлемде дұрыс қолдану және қысқа ғылыми мәтін құрастыру әрекеттерін біріктіреді. Мұндай тапсырмалар терминді пассив сөздік қордан белсенді қолданымға көшіреді. Сонымен қатар оқушы бір ұғымның бірнеше баламасы болған жағдайда олардың қайсысы ресми, қайсысы қолданыстық немесе авторлық сипатта екенін ажыратуға дағдыланады.

Кодификация – жаңа терминнің ғылыми және қоғамдық айналымдағы тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі тетік. Сөздікке енгізілген атау тіл тұтынушыға ұсынылған дайын норма қызметін атқарады, бірақ сөздік нормасы практикамен ұштаспаған жағдайда оның ықпалы шектеулі болады. Терминологиялық қор, салалық сөздік, оқулық, нормативтік құжат және медиамәтін

бір атауды бірізді қолданғанда ғана жаңа термин жалпыға танымал нормаға айналады. Демек, кодификацияны бір реттік техникалық рәсім емес, үздіксіз жаңартылып отыратын ғылыми-әдістемелік процесс ретінде түсіну керек.

Будан терминдердің көбеюі жаһандану мен цифрлық коммуникация ықпалын көрсетеді. PR-қызмет, IT-маман, онлайн-платформа тәрізді құрылымдар бір жағынан халықаралық ақпараттық кеңістіктің жылдам әсерін танытса, екінші жағынан қазақ тілінің кірме элементтерді өз жүйесіне бейімдей алатынын байқатады. Дегенмен будан терминдерде жазу нормасы, дефис қолдану, қосымша жалғау, бас әріп пен кіші әріп мәселесі жиі туындайды. Сол себепті будан үлгілерді стандарттау кезінде тек мағына емес, орфографиялық және грамматикалық бірізділік те арнайы қаралуы қажет.

Калькалау тәсілі жаңа терминжасамда аралық сипаттағы өнімді амал ретінде танылады. Толық калькада шет тіліндегі терминнің құрылымы қазақ тіліндегі балама компоненттер арқылы беріледі; жартылай калькада терминнің бір бөлігі аударылып, екінші бөлігі кірме не халықаралық элемент күйінде сақталады. Бұл тәсіл жаңа ұғымды жедел атауға көмектескенімен, кальканың жасанды немесе қазақ тілінің синтаксистік табиғатына сай келмейтін үлгілері терминологиялық сапаны төмендетуі мүмкін. Сондықтан калькаланған атаулар мағыналық дәлдікпен қатар, тілдік табиғилық өлшемі бойынша да сарапталуы тиіс.

Тәуелсіздік кезеңдегі жаңа терминдердің бір бөлігі бұрынғы терминологиялық тәжірибенің жалғасы ретінде қалыптасты. Алаш кезеңінде ғылым тілін қазақыландыруға бағытталған ұстаным, кеңестік кезеңде салалық терминдерді жүйелеу тәжірибесі, ал тәуелсіздік жылдарында ұлттық терминқорды жаңғырту мен халықаралық айналымға бейімдеу үрдісі қатар көрінді. Осы сабақтастық жаңа термин жасауда екі талапты қатар ұстауды қажет етеді: біріншісі – атаудың қазақ тілінің ішкі нормасына сай болуы, екіншісі – ұғымды халықаралық ғылыми ортадағы баламалармен шатастырмай дәл беруі.

Жаңа терминдердің орнығу деңгейін бағалауда жиілік көрсеткішімен қатар, олардың мәтіндік ортадағы қызметін де ескеру қажет. Термин бір салада жиі кездескенімен, басқа салалық мәтіндерге ауыса алмауы мүмкін; керісінше, кейбір атаулар білім беру, құқық, медиа және күнделікті коммуникацияда қатар қолданылып, жалпытілдік сипатқа жақындайды. Мұндай жағдайда терминнің арнаулы мағынасы сақталғанымен, оның түсініктілік деңгейі жоғарылайды. Сондықтан жаңа атаудың өміршеңдігін анықтау үшін сөздікте тіркелуін, ресми бекітілуін, корпус пен баспасөздегі жиілігін және оқу материалдарындағы қолданылуын бірге қарастыру қажет.

Практикалық тұрғыдан алғанда, жаңа терминдерді жүйелеу жұмысы салалық глоссарийлерді жаңарту, оқу бағдарламаларындағы терминдер тізімін

біріздендіру, ресми мәтіндердегі жарыспалы нұсқаларды азайту және цифрлық терминологиялық базаларды толықтыру бағыттарымен ұштасуы қажет. Әсіресе мектеп пен жоғары оқу орны оқулықтарында бір ұғымның әртүрлі баламамен берілуі білім алушының түсінуіне кедергі келтіреді. Сондықтан терминологиялық саясаттың нәтижесі ғылыми еңбекте ғана емес, оқу мәтіндерінде, электрондық платформаларда және мемлекеттік коммуникацияда көрінуі тиіс.

Зерттеу материалдары жаңа терминдердің бір бөлігі салалық шекарадан өтіп, бірнеше пәндік кеңістікте қатар жұмсалатынын да көрсетті. Мысалы, цифрландыру, платформа, модель, құзыреттілік сияқты атаулар білім беру, басқару, ақпараттық технология және медиа салаларында ортақ қолданысқа ие. Мұндай терминдерде мағыналық өзек сақталғанымен, әр салада қосымша реңк пайда болуы мүмкін. Сондықтан көпсалалы терминдерді сипаттағанда олардың негізгі дефициясын ғана емес, контекстік мағына кеңеюін де есепке алған жөн.

Терминологиялық жаңару үдерісінде дереккөздердің әртүрлі болуы зерттеу нәтижесінің сенімділігін арттырады. Бір ғана сөздікке сүйену жаңа атаудың нақты қолданысын толық көрсете алмайды, ал тек баспасөз мәтіндеріне сүйену ресми норманың деңгейін айқындауға жеткіліксіз. Сондықтан сөздік, терминологиялық қор, корпус, оқулық және медиа мәтіндерін қатар салыстыру жаңа терминнің мәртебесін кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл терминнің ұсынылған балама, бекітілген атау немесе орныққан қолданыс екенін ажыратуға көмектеседі.

Қорытынды

1991-2021 жылдар аралығында қазақ тіліндегі жаңа терминдер қоғамдық өзгерістермен, ғылым мен технологияның дамуымен және мемлекеттік тілдің қызмет аясының кеңеюімен тығыз байланыста қалыптасты. Зерттеу нәтижелері жаңа терминдердің басым бөлігі қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктері арқылы жасалатынын көрсетті. Әсіресе жұрнақ арқылы термин жасау мен семантикалық терминдену жетекші тәсілдер ретінде танылды. Бұл жағдай ұлттық терминқорды дамытуда төл тіл ресурстарын жүйелі пайдаланудың ғылыми және практикалық маңызы зор екенін көрсетеді.

Жаңа терминдердің толық орныгуы олардың жасалу тәсілімен ғана шектелмейді. Термин ұсынылғаннан кейін сарапталуы, ресми бекітілуі, сөздіктер мен терминологиялық қорларда кодификациялануы және нақты қолданыста тұрақтануы қажет. Осы сатылар бірізді жүзеге асқанда ғана жаңа атау ғылыми және қоғамдық коммуникацияда өміршең нормаға айналады. Сондықтан терминологиялық жұмыс тілші ғалымдардың, салалық мамандардың, білім беру ұйымдарының және ресми институттардың бірлескен әрекетін талап етеді.

Жаңа терминдерді білім беру жүйесінде меңгерту олардың қолданыстық

тұрақтылығын арттыратын маңызды тетік болып саналады. Оқушы терминді дайын анықтама ретінде ғана емес, мағынасы, құрылымы, шығу тегі және қолданылу аясы бар ғылыми бірлік ретінде қабылдағанда, пәндік білімді де саналы меңгереді. Осы тұрғыдан жаңа терминдерді пәнаралық интеграция негізінде оқыту қазақ тілінің ғылыми қызметін күшейтуге, терминологиялық сауаттылықты арттыруға және ұлттық білім кеңістігінде бірізді ғылыми тіл қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Boulanger, J.-C. Néonymie, néonymes et néologisme // Meta: journal des traducteurs. – 1979. – Vol. 24, №4. – P. 471-485.

2. Rey, A. La terminologie: noms et notions. – Paris: Presses Universitaires de France, 1976. – 256 p.

3. Rondeau, G. Introduction à la terminologie. – Québec: Gaëtan Morin, 1981. – 312 p.

4. Anesa, P. Lexical Innovation in World Englishes: Cross-fertilization and Evolving Paradigms. – London, 2019. – 176 p.

5. Behera, B., Mishra P. The Burgeoning Usage of Neologisms in Contemporary English // Journal of Humanities and Social Science. – 2013. – Vol. 18, №3. – P. 25-35.

6. Сыздықова, Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 292 б.

7. Құрманбайұлы, Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: Сардар, 2014. – 928 б.

8. Исаев, С.М. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1983. – 200 б.

9. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар / ред. Р. Сыздықова. – 2-бас. – Алматы: Ғылым, 1990. – 136 б.

10. Айтбаев, Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 190 б.

11. Қайдар, Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1995. – 256 б.

12. Құрманбайұлы, Ш. Жаңа атаулар мен қолданыстар сөздігі. – Алматы: ЖК «Тарпанбаева А.Ш.», 2023. – 494 б.

13. ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясының қаулылары // Termincom.kz. – 10.11.2025.

14. Құрманбайұлы, Ш., Исақова С., Мизамхан Б. және т.б. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 596 б.

15. Қазақша-орысша, орысша-қазақша салалық терминологиялық сөздіктер / ред. А.Қ. Құсайынов. – Алматы, 2014. – Т. 30. – 464 б.

А.Е. АУБАКИРОВА
Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева

ОБРАЗОВАНИЕ И НОРМАЛИЗАЦИЯ НОВЫХ ТЕРМИНОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. В статье рассматриваются способы образования, структурные типы и этапы нормализации новых терминов, сформировавшихся в казахском языке в период 1991–2021 годов. В качестве исследовательского материала использованы отраслевые терминологические словари, фонд утвержденных терминов, данные национального корпуса, а также тексты периодической печати периода независимости. Новые термины проанализированы с точки зрения внутренних словообразовательных возможностей языка, семантического обновления, синтаксического сочетания, словосложения, суффиксации и гибридизации с международными элементами. В результате количественно-статистического анализа установлено, что доля терминов, образованных с помощью суффиксов, составляет 35,6%, доля семантического/лексического способа – 32,7%, доля терминологических наименований, образованных путем словосочетания – 15,3%. Эти данные показывают, что в образовании новых терминов казахского языка ведущую роль занимают морфологический и семантический способы. Кроме того, в статье описываются этапы предложения, экспертизы, утверждения, кодификации и вхождения термина в употребление, а также обосновывается значимость усвоения новых наименований в системе образования. Результаты исследования направлены на систематизацию и унификацию казахской терминологии, а также на их применение в практике обучения.

Ключевые слова: новый термин, неологизм, неоним, терминообразование, нормализация, кодификация, гибридный термин, казахский язык.

A.E. AUBAKIROVA
M. Kozybayev North Kazakhstan University

FORMATION AND NORMALIZATION OF NEW TERMS IN THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. The article examines the ways of formation, structural types, and stages of normalization of new terms that emerged in the Kazakh language between 1991 and 2021. The research material includes field-specific terminological dictionaries, the database of approved terms, national corpus data, and texts from periodicals

published during the period of independence. New terms are analyzed in terms of the internal word-formation potential of the language, semantic renewal, syntactic combination, compounding, suffixation, and hybridization with international elements. The quantitative and statistical analysis revealed that terms formed by suffixation account for 35.6%, semantic/lexical formation accounts for 32.7%, and terms formed through syntactic combination account for 15.3%. These data indicate that morphological and semantic methods play a leading role in the formation of new terms in the Kazakh language. In addition, the article describes the stages of term proposal, expert evaluation, approval, codification, and entry into usage, and substantiates the importance of teaching new terms within the education system. The results of the study are aimed at systematizing, unifying, and applying Kazakh terminology in teaching practice.

Keywords: new term, neologism, neonym, term formation, normalization, codification, hybrid term, Kazakh language.

References

1. Boulanger, J.-C. (1979). Néonymie, néonymes et néologisme. Meta: journal des traducteurs, 24(4), 471-485.

2. Rey, A. (1976). La terminologie: noms et notions. Paris: Presses Universitaires de France.

3. Rondeau, G. (1981). Introduction à la terminologie. Québec: Gaëtan Morin.

4. Anesa, P. (2019). Lexical Innovation in World Englishes: Cross-fertilization and Evolving Paradigms. London.

5. Behera, B., & Mishra, P. (2013). The Burgeoning Usage of Neologisms in Contemporary English. Journal of Humanities and Social Science, 18(3), 25-35.

6. Syzdykova, R. (2014). Tildik norma zhane onyn kalyptanuy (kodifikatsiyasy). Almaty: El-shezhire. [in Kazakh]

7. Kurmanbaiuly, Sh. (2014). Kazakh terminologiyasy: zertteuler, okulyk, sozdik, bibliografiya. Almaty: Sardar. [in Kazakh]

8. Isaev, S.M. (1983). Kazakh adebi tilinin tarikhy. Almaty: Mektep. [in Kazakh]

9. Syzdykova, R. (Ed.). (1990). Kazakh leksikasyndagy zhana koldanystar. Almaty: Gylym. [in Kazakh]

10. Aitbaev, O. (1989). Kazakh terminologiyasynyn damuy men kalyptasuy. Almaty: Gylym. [in Kazakh]

11. Kaidar, A. (1995). Kazakh terminologiyasyna zhanasha kozkaras. Almaty: Rauan. [in Kazakh]

12. Kurmanbaiuly, Sh. (2023). Zhana ataular men koldanystar sozdigi. Almaty. [in Kazakh]

13. Resolutions of the Republican Terminology Commission under the Government of the Republic of Kazakhstan. Termincom.kz. [in Kazakh]

14. Kurmanbaiuly, Sh., Isakova, S., Mizamkhan, B. et al. (2019). Kazakh tilinin kirme sozder sozdigi. Almaty: National Translation Bureau. [in Kazakh]

15. Kusaiynov, A.K. (Ed.). (2014). Kazakh-Russian and Russian-Kazakh sectoral terminological dictionaries. Vol. 30. Almaty. [in Kazakh/Russian]

Автор туралы мәлімет:

Аубакирова Аида Еркеновна – PhD, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан;

Аубакирова Аида Еркеновна – PhD, Северо-Казахстанский университет имени М.Козыбаева, Петропавловск, Казахстан;

Aubakirova Aida Erkenovna – PhD, M.Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavl, Kazakhstan.

ҒТАХР 16.21.47
DOI

Б. ИІСБЕКҰЛЫ

ҚР Ғылым және жоғары білім минстрлігі Тіл саясаты комитеті
Лингвистикалық жұмыс басқармасының бас сарапшысы
(e-mail: b.isbek@sci.gov.kz)

НОРМАТИВТІК СӨЗДІК ЖАСАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада нормативтік сөздік жасаудың халықаралық тәжірибесі мен Қазақстандағы отандық ізденістер терминологиялық жоспарлау, терминография, құқықтық лингвистика және цифрлық терминологиялық ресурстар тұрғысынан талданады. Зерттеудің эмпирикалық негізін 44 мемлекеттің тәжірибесі, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесіндегі деректер және терминологиялық стандарттау жөніндегі ғылыми әдебиеттер құрады. Негізгі мақсат – нормативтік сөздік әзірлеудің институционалдық үлгілерін жіктеп, Қазақстан жағдайында тиімді қолдануға болатын ғылыми-практикалық тетіктерді ұсыну. Талдау барысында орталықтандырылған модель, стандарттау моделі, заң ішіндегі негізгі ұғым

моделі, цифрлық және көптілді модель, аралас және орталықсыздандырылған модель жеке-жеке сипатталды. Нәтижесінде нормативтік сөздік жасау тек сөздердің дұрыс жазылуын тіркеумен шектелмейтіні, ол терминдерді бекіту, дефиниция беру, құқықтық мәтіндегі ұғымдық бірізділікті сақтау, көптілді баламаларды үйлестіру және цифрлық база арқылы тұрақты жаңарту үдерістерін біріктіретін кешенді ғылыми-институционалдық жұмыс екені дәлелденді. Қазақстандық модельдің басты ерекшелігі – нормативтік құқықтық актілердегі негізгі ұғымдарды, Республикалық терминология комиссиясында бекітілген терминдерді және орфографиялық нормаларды бір ортақ платформада ұштастыру қажеттігі. Мақалада нормативтік сөздікті әзірлеуде термин + дефиниция қағидатын, көп сыңарлы терминдерді жеке зерттеу нысаны ретінде қарастыруды, кірме терминдерді қазақ тілінің орфографиялық жүйесіне бейімдеуді, сондай-ақ құқықтық мәтіндердегі орфографиялық және терминологиялық қателерді автоматты тексеру тетігін енгізуді ұсынамыз.

Түйін сөздер: нормативтік сөздік, терминология, терминография, құқықтық лингвистика, стандарттау, көптілділік, цифрлық база, терминологиялық жоспарлау.

Кіріспе

Қазіргі тіл саясаты жағдайында нормативтік сөздік жасау мәселесі тек лексикографиялық міндет емес, мемлекеттік басқару, құқықтық коммуникация, білім, ғылым және цифрлық технологиялар тоғысындағы кешенді ғылыми-практикалық мәселе ретінде қаралады. Әсіресе нормативтік құқықтық актілер тіліндегі терминдер мен негізгі ұғымдардың бірізділігі мемлекеттік тілдің институционалдық қызметін күшейтудің маңызды шарты. Нормативтік сөздік құқықтық мәтіндерде, ресми құжаттарда және салалық коммуникацияда қолданылатын атаулардың жазылуын, мағынасын, салалық шегін, көптілді баламасын және қолданыс нормасын жүйелейтін құрал болуға тиіс.

Терминология теориясында терминді тек атау ретінде емес, ұғымды білдіретін, арнаулы саладағы білімді ұйымдастыратын тілдік бірлік ретінде қарастыру орныққан. Х.Т.Кабре терминологияны «табиғи тілдегі арнаулы сөздерді» зерттейтін пәнаралық сала деп сипаттай отырып, оның лингвистика, логика, онтология және ақпараттану ғылымдарымен байланысын көрсетеді [1, 44]. Дж. Сейджер де терминологияны терминдерді жинау, сипаттау, өңдеу және ұсынумен байланысты қызмет саласы ретінде анықтайды [2, 13]. Демек, нормативтік сөздік жасауда тілдік форма, ұғымдық мазмұн, салалық білім және ақпараттық өңдеу бірлікте қарастырылуы қажет.

Халықаралық тәжірибе бұл тұжырымды нақтылайды. ISO/TC 37 «Language and terminology» комитетінің қызмет аясы терминология, аударма, ауызша ау-

дарма және өзге тілдік қызметтерге қатысты сипаттамаларды, ресурстарды, технологиялар мен қызметтерді стандарттауға бағытталған [3]. Бұл дерек терминологиялық жұмыстың бүгінгі таңда халықаралық стандарттау жүйесінің тұрақты бөлігіне айналғанын көрсетеді. Сондықтан Қазақстанда нормативтік сөздік жасаудың ғылыми негізін қалыптастыру үшін шетелдік модельдерді механикалық көшіру емес, олардың институционалдық логикасын, цифрлық құралдарын және құқықтық мәтінмен байланысын саралау маңызды.

44 мемлекеттің тәжірибесі зерделеніп, жалпы бес модель ұсынамыз: орталықтандырылған модель, стандарттау моделі, заң ішіндегі негізгі ұғым моделі, цифрлық/платформалық модель және аралас модель. Осы жіктеу нормативтік сөздік жасаудың елдер бойынша түрлі институционалдық жолдары бар екенін, бірақ олардың бәрінде ортақ мақсат – терминологиялық бірізділік пен құқықтық нақтылықты қамтамасыз ету екенін көрсетеді.

Мақаланың мақсаты – нормативтік сөздік жасаудың халықаралық модельдерін сипаттау және Қазақстан үшін қолданбалы ұсыныстар әзірлеу. Осы мақсатқа жету үшін мына міндеттер қойылды: біріншіден, терминология мен терминографияға қатысты теориялық негіздерді нақтылау; екіншіден, халықаралық модельдерді институционалдық белгілеріне қарай талдау; үшіншіден, Қазақстандағы нормативтік құқықтық актілер тілінің лингвостатистикалық және терминографиялық мәселелерін бағалау; төртіншіден, нормативтік сөздік жасаудың ғылыми-практикалық қағидаттарын ұсыну.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу материалы ретінде екі дереккөз пайдаланылды. Бірінші дереккөз – нормативтік құқықтық актілер мәтіндері бойынша алынған отандық деректер: adilet.kz жүйесіндегі актілердің нысандары, нормативтік құқықтық актілер (бұдан әрі – НҚА) мәтіндерінің көлемі, төл және кірме сөздердің жиілігі, негізгі ұғымдардың құрылымы. Үшінші дереккөз – терминология теориясы, терминологиялық жоспарлау, стандарттау және цифрлық терминография бойынша ғылыми еңбектер мен ресми ақпараттық ресурстар.

Әдістемелік тұрғыдан зерттеуде салыстырмалы-типологиялық, сипаттамалы, лингвостатистикалық және терминографиялық талдау әдістері қолданылды. Салыстырмалы-типологиялық әдіс арқылы елдер тәжірибесі институционалдық модельдерге бөлінді. Сипаттамалы әдіс әр модельдің ерекшелігін ашуға мүмкіндік берді. Лингвостатистикалық әдіс Қазақстандағы нормативтік құқықтық актілер корпусындағы сөз бірліктерінің сандық көрсеткіштерін бағалау үшін пайдаланылды. Терминографиялық әдіс негізгі ұғымдардың құрылымын, бір сыңарлы және көп сыңарлы терминдердің арақатынасын, төл және кірме терминдердің үлесін түсіндіруге бағытталды.

Зерттеудің теориялық негізін терминологияны ұғым, атау және дефиниция

байланысында қарастыратын еңбектер құрады. Дж. Сейджер терминологияның ұғымдар, олардың анықтамалары және атаулары арасындағы байланысқа негізделетінін көрсетеді [2, 13]. Х.Т. Кабре терминологияда бір ғана ғылыми көзқарас болмайтынын, оны лингвистикалық, ғылыми-техникалық және қолданушы тұрғысынан қарастыруға болатынын жазады [1, 45]. Бұл қағидалар нормативтік сөздікті тек сөздердің тізімі емес, құқықтық және салалық ұғымдардың жүйеленген базасы ретінде қарастыруға негіз береді.

Талқылау

Халықаралық тәжірибені талдау нормативтік сөздік жасауда кемінде бес институционалдық модель бар екенін көрсетеді. Бірінші модель – орталықтандырылған модель. Бұл үлгіде терминологиялық жұмысты бір уәкілетті орган үйлестіреді, терминдерді бекіту міндетті сипат алады, мемлекеттік бақылау тетігі іске қосылады. Бұл модель Әзербайжан, Қытай, Корея, Франция, Үндістан және Малайзия тәжірибесімен байланыстырылған. Мұндай үлгінің артықшылығы – бірізділік пен міндетті қолдану тәртібінің айқын болуы. Алайда оның тиімділігі уәкілетті органның ғылыми сараптамалық қуатына, салалық мамандармен байланысына және терминдерді қолданысқа енгізу механизмдерінің ашықтығына тәуелді.

Екінші модель – стандарттау моделі. Германия, Ресей, Сингапур, Аустралия, Жаңа Зеландия және Грекия мысалында берілген бұл үлгіде терминдер стандарттар аясында жүйеленеді, әр стандартта «терминдер мен анықтамалар» бөлімі болады, ISO қағидаттары қолданылады. Бұл модель терминологиялық жұмысты техникалық реттеу, салалық стандарттар және халықаралық үйлесімділікпен байланыстырады. Германиядағы DIN жүйесі стандарттау мәдениетінің маңызды мысалы: DIN стандарттары ұлттық, еуропалық немесе халықаралық деңгейдегі жұмыстар нәтижесі ретінде әзірленеді, жаңа стандарт ұсынуға кез келген тарап қатыса алады [4]. Сондықтан стандарттау моделі ашық сараптама, рәсімделген процедура және термин + дефиниция қағидатын күшейтеді.

Үшінші модель – заң ішіндегі негізгі ұғым моделі. Италия, Мажарстан, Ұлыбритания, Болгария, Словакия, Пәкістан және Ливан тәжірибесімен байланыстырылған бұл үлгіде әр заңда жеке анықтамалар беріледі, «бір ұғым = бір термин» қағидаты маңызды саналады, drafting, яғни заң жазу техникасы шешуші рөл атқарады. Бұл модель құқықтық мәтіннің ішкі дәлдігін қамтамасыз етуге ыңғайлы. Дегенмен бір ұғым әртүрлі заңда түрліше анықталса, салааралық бірізділік бұзылуы мүмкін. Сондықтан мұндай модельді бірыңғай терминологиялық база және заңнамалық анықтамалар реестрімен толықтыру қажет.

Төртінші модель – цифрлық және көптілді модель. Швейцария, Канада, Финляндия және Латвия тәжірибесі орталық терминологиялық базалар, көптілділік

және заң әзірлеуде міндетті қолдану белгілерімен сипатталады. Швейцарияның TERMDAT базасы швейцариялық құқық, мемлекеттік басқару және қоғамдық сектор терминологиясын неміс, француз, итальян, романш және ағылшын тілдерінде қамтиды; ол онлайн еркін қолжетімді [5]. Канададағы TERMIUM Plus та әлемдегі ірі терминологиялық дерекқорлардың бірі ретінде ағылшын, француз, испан және португал тілдеріндегі миллиондаған терминдерге, қысқартуларға, анықтамаларға және қолданыс мысалдарына қолжеткізеді [6]. Бұл тәжірибелер нормативтік сөздіктің болашағы қағаз сөздік емес, үнемі жаңарып отыратын көптілді цифрлық платформа екенін дәлелдейді.

Бесінші модель – аралас және орталықсыздандырылған модель. Бельгия, Нидерланд, Украина, Біріккен Араб Әмірліктері, Марокко және Польша тәжірибесінде бірыңғай орган болмауы, салалық немесе аймақтық реттеу, бірнеше институттың қатысуы байқалады. Бұл үлгі көпорталықты тілдік кеңістікке, федеративтік немесе аймақтық ерекшеліктері күшті елдерге тән. Артықшылығы – салалық мамандану мен жергілікті ерекшелікті ескеру; әлсіз тұсы – терминологиялық жарыспалылық пен ресми мәтіндердегі ала-құлалық қаупі. Сондықтан аралас модельде үйлестіру кеңесі, ортақ дерекқор және сараптамалық хаттама қажет.

Институционалдық тәсілдер де біркелкі емес. Бразилия, Эфиопия, Моңғолия академиялық модель ретінде, Израиль мен Испания сараптамалық модель ретінде, Сауд Арабиясы мен Ұлыбритания үкіметтік үйлестіру мысалы ретінде көрсетіледі. Бұл жіктеу терминологиялық жұмыстың тек мемлекеттік орган шешімімен шектелмейтінін, академиялық институттар, сарапшылар қауымдастығы және үкіметтік құрылымдар арасындағы функционалдық бөлініске сүйенетінін танытады. Терминологиялық жоспарлау теориясында да бұл мәселе маңызды: Б.Антиа терминологияны тілдік жоспарлаудың арнайы бағыты ретінде қарастырып, оны терминологияны басқаруға бағытталған жоспарлау түрімен байланыстырады [7].

Қазақстандық модельді осы халықаралық тәжірибелер аясында қарастырғанда бірнеше ерекшелік байқалады. Қазақстандық модельдің негізгі ұғымы adilet.kz жүйесімен байланыстырылып, міндетті және ұсынымдық сипаттардың арақатынасы көрсетіледі. Бұл – Қазақстанда нормативтік сөздік жасау үшін құқықтық мәтіндер корпусын негізгі эмпирикалық база ретінде алу орынды деген сөз. Нормативтік құқықтық актілер тіліндегі ұғымдар нақты құқықтық салалармен, мемлекеттік басқару рәсімдерімен және ресми дефинициялармен тікелей байланысты болғандықтан, нормативтік сөздік құқықтық лингвистика мен терминографияның тоғысқан өнімі болуы керек.

Берілген лингвостатистикалық талдауда НҚА мәтіндерінің көлемі 4 781 807 бірлік деп көрсетіліп, жалпы 61 351 сөз бірлігі анықталған: оның 45

292-сі төл сөз, 16 059-ы кірме сөз. Бұл дерек НҚА тілінде төл лексика басым болғанымен, кірме сөздердің үлесі де елеулі екенін көрсетеді. Нормативтік сөздік жасау барысында кірме терминдерді механикалық түрде алып тастау емес, олардың қазақ тілінің орфографиялық және морфологиялық жүйесіне сай ресімделуін қамтамасыз ету қажет. Қазақ орфографиялық сөздігінің алғысөзінде де әдеби норма ретінде қазақша баламасы пайдаланылатын кейбір шеттілдік нұсқалардың сөздіктен алынғаны, ал кең қолданылатын кірме сөздердің емлесі көрсетілгені айтылады [8].

Орфографиялық талдау нәтижесі де мәселенің өзектілігін айқындайды: 61 351 сөздің тек 6 783-і, яғни 11,1 пайызы ғана Қазақ тілінің орфографиялық сөздігімен сәйкес келген; мәселе ретінде орфографиялық нормалану деңгейінің төмендігі көрсетілген. Р.Сыздық тілдік норманың қалыптануы туралы еңбегінде жазба және ауызша әдеби тілдің лексикалық, грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық, орфоэпиялық және стильдік нормалары біршама орныққанын атап өтеді [9]. Осы пікірді қазіргі НҚА мәтіндерімен салыстырсақ, жалпы әдеби норманың қалыптасуы мен құқықтық мәтіндегі нақты орфографиялық бақылау арасында әлі де алшақтық бар екенін байқаймыз.

Терминографиялық талдау 6 856 негізгі ұғымның 1 263-і ғана Республикалық терминология комиссиясында бекітілген термин екенін көрсетеді. Бұл көрсеткіш нормативтік сөздік жасауда ресми бекітілген терминдер мен заң мәтініндегі қолданыстағы негізгі ұғымдар арасындағы байланысты күшейту қажеттігін дәлелдейді. Егер заңдағы негізгі ұғымдар Республикалық терминологиялық комиссия (бұдан әрі – РТК) бекіткен терминдермен толық сәйкестендірілмесе, ресми құжат тілінде жарыспалылық, дефициялық айырмашылық және аудармадағы тұрақсыздық көбейеді. Сондықтан нормативтік сөздік РТК бекіткен терминдерді ғана емес, НҚА мәтінінде нақты қолданылған ұғымдарды да қамтуы тиіс.

НҚА-дағы терминдердің құрылымдық сипаты да назар аудартады. 759 ұғым бір сыңарлы, 2 314 ұғым екі сыңарлы, 1 430 ұғым үш сыңарлы, 2 353 ұғым төрт және одан көп сыңарлы екені берілген. Бұл мәлімет қазақ терминологиясындағы ғылыми зерттеулер көбіне бір және екі сыңарлы терминдерге шоғырланып, үш және одан көп сыңарлы құқықтық терминдер назардан тыс қалып келгенін көрсетеді. Ал құқықтық мәтіндерде «айлық жалақының ең төмен мөлшері», «дербес деректер субъектісі», «білім туралы құжаттарды тану» сияқты көп құрамды тіркестер ұғымды дәл белгілеудің негізгі тәсіліне айналған. Сондықтан нормативтік сөздік көп сыңарлы терминдерді де жеке терминографиялық бірлік ретінде тануы қажет.

Кірме және будан терминдер мәселесі де нормативтік сөздік үшін маңызды. Бір сыңарлы термин түрлерінде төл терминдер 48,9 пайыз, кірме терминдер

43,2 пайыз, будан терминдер 7,9 пайыз деп көрсетіледі. Бұл дерек құқықтық және ресми салада төл термин жасау әлеуеті сақталғанымен, кірме лексиканың үлесі жоғары екенін байқатады. Терминологиялық саясаттың міндеті кірме атауларды толық ығыстыру емес, олардың қолданылу шегін, емлесін, дефинициясын және қазақша баламамен қатынасын анықтау. Ә.Қайдар ұсынған қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас қағидаттары тәуелсіздік кезеңінде ұлттық терминологияны жүйелеу, бірізділендіру және ғылыми негіздеу міндеттерімен байланысты қарастырылған [10].

Осы тұста нормативтік сөздік пен терминологиялық дерекқордың айырмасын нақтылаған жөн. Қарапайым терминологиялық база терминнің аудармасын, саласын және кейде анықтамасын береді. Нормативтік сөздік одан кеңірек: ол терминнің дұрыс жазылымын, бекітілу мәртебесін, құқықтық дефинициясын, синонимдік/вариванттық қатарын, көптілді баламасын, қолданыс мысалын және қажет болса, автоматты тексеру жүйесіне арналған машиналық белгісін қамтуы керек. Бұл – цифрлық/платформалық модельдің Қазақстан жағдайына бейімделген нұсқасы.

Нормативтік сөздік жасауда халықаралық және ұлттық тәжірибені ұштастырудың басты шарты – «термин + дефиниция + дереккөз + мәртебе» қағидаты. Терминнің атауы ғана берілсе, ол нормативтік күшке ие бола алмайды; дефинициясы берілмесе, құқықтық мәтіндегі ұғымдық шекарасы айқындалмайды; дереккөзі көрсетілмесе, қолданыстың ресмилігі дәлелденбейді; мәртебесі көрсетілмесе, оның міндетті немесе ұсынымдық сипаты белгісіз қалады. Сондықтан нормативтік сөздік мақаласының ең төменгі құрылымы: термин, сала, дефиниция, ресми дереккөз, бекітілу мәртебесі, варианттары, орысша және ағылшынша баламалары, қолданыс мысалы, ескертпе, цифрлық идентификатор болуы тиіс.

Қазақстандық нормативтік сөздік үшін сапаны қамтамасыз етудің бірнеше өлшемі белгіленуі қажет: ғылыми дәлдік, құқықтық сәйкестік, орфографиялық дұрыстық, салалық сараптамадан өту, көптілді баламалардың үйлесімділігі және техникалық жаңартылу мүмкіндігі. Осы өлшемдер сақталғанда ғана сөздік қағаз жүзіндегі жинақ емес, мемлекеттік тілдегі құқықтық коммуникацияны тұрақтандыратын динамикалық ресурсқа айналады. Бұл ретте автоматтандыру жұмысы сарапшы шешімін алмастырмайды; керісінше, қайталанатын қателерді табуға, варианттарды салыстыруға және терминдердің қолданыс жиілігін бақылауға көмектеседі.

Цифрлық платформаға негізделген нормативтік сөздік пайдаланушы топтарын да ескеруі керек. Бірінші топ – заң жобасын әзірлеушілер; олар үшін терминнің бекітілген нұсқасы мен құқықтық дефинициясы маңызды. Екінші топ – аудармашылар мен редакторлар; олар үшін көптілді балама, емле,

тіркесімділік және қолданыс үлгісі қажет. Үшінші топ – ғалымдар мен оқытушылар; олар үшін терминнің құрылымы, шығу тегі, салалық жүйедегі орны маңызды. Төртінші топ – жалпы пайдаланушылар; олар үшін қысқа түсіндірме мен дұрыс жазылым жеткілікті. Сондықтан бір дерекқор бірнеше интерфейс арқылы ұсынылуы мүмкін.

Нормативтік сөздік жасаудың тағы бір маңызды қыры – сөздік мақаласының заң мәтінімен кері байланысы. Егер сөздік тек бекітілген терминдер тізімі түрінде қалса, ол заң жобалау тәжірибесіне толық ықпал ете алмайды. Ал әр термин нақты баптағы дефинициямен, заңның қабылданған күнімен, өзгерістер тарихымен және қолданыстағы мәртебесімен байланыстырылса, нормативтік сөздік заң шығарушыға да, аудармашыға да, редакторға да, салалық сарапшыға да ортақ анықтамалық құрал болады. Бұл тәсіл құқықтық мәтіндегі бір терминнің әртүрлі актілерде әркелкі қолданылуын азайтады.

Осыған байланысты нормативтік сөздікті әзірлеу кезінде деректердің ашықтығы мен тексерілуі маңызды. Әрбір термин мақаласында пайдаланылған заңдық дереккөз, бекітілген терминологиялық шешім және орфографиялық негіз нақты көрсетілсе, пайдаланушы сөздік нормасының қайдан алынғанын көре алады. Бұл ғылыми сенімділікті де, ресми қолданыстағы жауапкершілікті де арттырады. Сонымен бірге бұл тәсіл терминологиялық шешімдердің сабақтастығын сақтап, кейінгі редакциялық өзгерістерді дәл бақылауға мүмкіндік береді. Бұл басқару мәдениетіне де оң ықпал етеді. айқын.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде нормативтік сөздік жасаудың халықаралық тәжірибесін бес негізгі модельге бөлуге болатыны анықталды: 1) орталықтандырылған модель; 2) стандарттау моделі; 3) заң ішіндегі негізгі ұғым моделі; 4) цифрлық және көптілді модель; 5) аралас және орталықсыздандырылған модель. Бұл модельдер бірін-бірі жоққа шығармайды, керісінше Қазақстан жағдайында аралас қолданылуы мүмкін. Мәселен, терминдерді бекіту мен ресми мәртебесін анықтауда орталықтандырылған модель қажет; термин + дефиниция жүйесін қалыптастыруда стандарттау моделі тиімді; НҚА мәтініндегі ұғымдарды жинақтауда заң ішіндегі негізгі ұғым моделі маңызды; көптілді баламаларды ұсынуда цифрлық модель шешуші рөл атқарады.

Қазақстан үшін ең қолайлы бағыт – құқықтық мәтіндер корпусына негізделген, РТК бекіткен терминдермен байланыстырылған және көптілді цифрлық платформа арқылы ұсынылатын аралас модель. Бұл модельде adilet.kz жүйесіндегі негізгі ұғымдар нормативтік сөздіктің эмпирикалық базасы ретінде алынып, emle.kz және терминологиялық комиссия материалдары арқылы орфографиялық әрі терминологиялық нормамен салыстырылуы керек. Мұндай тәсіл құқықтық мәтін тіліндегі нақты қолданысты да, әдеби

тіл нормасын да, ресми бекітілген терминологиялық шешімді де бір жүйеге біріктіреді.

Лингвостатистикалық деректер НҚА мәтіндерінде орфографиялық және терминологиялық нормалаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу қажеттігін көрсетті. 61 351 сөз бірлігінің тек 11,1 пайызы орфографиялық сөздікпен сәйкес келуі құқықтық мәтіндерде емле тексеру, кірме сөздерді бейімдеу, варианттарды анықтау және көп сыңарлы терминдерді тану алгоритмдерін жетілдіруді талап етеді. Бұл бағытта жасанды интеллект пен корпус лингвистикасы құралдарын қолдануға болады, бірақ олар ғылыми сараптама мен ресми норманың орнын алмастырмай, көмекші бақылау құралы ретінде қызмет етуі тиіс.

Терминографиялық тұрғыдан ең маңызды нәтиже – көп сыңарлы терминдерді нормативтік сөздіктің толыққанды бірлігі ретінде тану қажеттігі. НҚА мәтіндерінде үш және одан көп сыңарлы терминдер саны жоғары. Сондықтан дәстүрлі әліпбилік сөздік үлгісі жеткіліксіз; ұғымдық байланыстарды көрсететін тақырыптық, салалық және иерархиялық құрылым қажет. Термин мақалаларына ішкі сілтемелер, ұқсас ұғымдар, жоғары және төменгі ұғымдар, қолданылу саласы және құқықтық дереккөз енгізілуі тиіс.

Нормативтік сөздік әзірлеудің ұсынылатын кезеңдері: 1) НҚА мәтіндерінен негізгі ұғымдарды автоматты және сараптамалық жолмен шығару; 2) әр ұғымды РТК бекіткен терминдермен, орфографиялық сөздікпен және қолданыстағы заң дефиницияларымен салыстыру; 3) варианттарды, кірме және будан тұлғаларды белгілеу; 4) термин мақаласын термин + дефиниция + дереккөз + мәртебе үлгісімен дайындау; 5) көптілді баламаларды тексеру; 6) қоғамдық және салалық сараптамадан өткізу; 7) цифрлық платформада жариялау және тұрақты жаңарту; 8) құқықтық мәтіндерді автоматты тексеру жүйесіне қосу.

Қорытынды

Нормативтік сөздік жасау – мемлекеттік тілдің құқықтық, ғылыми және әкімшілік қызметін күшейтетін стратегиялық бағыт. Халықаралық тәжірибе бұл жұмыстың табысты болуы үшін бір ғана сөздік жасау жеткіліксіз екенін көрсетеді: уәкілетті үйлестіру, стандарттау рәсімі, заң мәтініндегі дефинициялар, көптілді цифрлық база және салалық сараптама бір жүйеде іске асуы тиіс. Сондықтан Қазақстанда нормативтік сөздік жасау орталықтандырылған басқару мен цифрлық-платформалық шешімді біріктірген аралас модельге сүйенгені тиімді.

Қазақстандық материалдар НҚА мәтіндеріндегі негізгі ұғымдардың ауқымды екенін, кірме сөздердің үлесі елеулі екенін, орфографиялық нормалану деңгейін көтеру қажеттігін және көп сыңарлы терминдердің арнайы зерттеу нысанына айналуы керектігін көрсетті. Нормативтік сөздік құқықтық

мәтіндердегі әр терминнің дұрыс жазылымын ғана емес, дефициясын, дереккөзін, ресми мәртебесін, варианттарын және көптілді баламаларын көрсетуге тиіс. Сонда ғана ол заң тілінің сапасын арттыратын, терминологиялық бірізділікті қамтамасыз ететін және цифрлық мемлекеттік басқару жүйесіне қызмет ететін нақты құралға айналады.

Алдағы уақытта нормативтік сөздік жасау жобасы үш бағытта дамытылуы қажет. Біріншісі – ғылыми бағыт: көп сыңарлы құқықтық терминдерді, кірме және будан терминдерді, НҚА мәтіндеріндегі варианттылықты кешенді зерттеу. Екіншісі – институционалдық бағыт: терминдерді әзірлеу, бекіту және қолданысқа енгізу үдерістерін үйлестіретін қағиданы жетілдіру. Үшіншісі – технологиялық бағыт: НҚА мәтіндерін орфографиялық және терминологиялық тұрғыдан автоматты тексеретін, нормативтік сөздікпен байланыстырылған цифрлық платформа әзірлеу. Бұл үш бағыт өзара байланысқанда ғана нормативтік сөздік ұлттық тіл саясатының пәрменді құралы бола алады.

Әдебиеттер

1. Cabré, M.T. Terminology: Theory, Methods and Applications. Amsterdam/ Philadelphia: John Benjamins, 1999. – 248 p.

2. Sager, J.C. A Practical Course in Terminology Processing. Amsterdam/ Philadelphia: John Benjamins, 1990. – 254 p.

3. ISO/TC 37. Language and terminology. International Organization for Standardization. URL: https://www.iso.org/committee/48104.html

4. DIN Standards. Deutsches Institut für Normung. URL: https://www.din.de/en/about-standards/din-standards

5. TERMDAT – The Federal Administration’s terminology database. Swiss Federal Chancellery. URL: https://www.bk.admin.ch/en/termdat-the-federal-administrations-terminology-database

6. TERMIUM Plus®. Government of Canada terminology and linguistic data bank. URL: https://www.btb.termiumplus.gc.ca/tpv2alpha/alpha-eng.html?lang=eng

7. Antia, B.E. Terminology and Language Planning: An Alternative Framework of Practice and Discourse. Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins, 2000. – 264 p.

8. Орфографиялық сөздік / Құраст. Р. Сыздық, К. Хұсайын. Алматы: Арыс, 2007. – 480 б.

9. Сыздық, Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 292 б.

10. Қайдар, Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.

Б. ИИСБЕКУЛЫ
Главный эксперт Управления лингвистической работы
Комитета языковой политики Министерства науки и высшего образования РК

МЕЖДУНАРОДНЫЕ МОДЕЛИ СОЗДАНИЯ НОРМАТИВНОГО СЛОВАРЯ

Аннотация. В статье анализируются международный опыт составления нормативных словарей и отечественные исследования в Казахстане с позиций терминологического планирования, терминографии, юридической лингвистики и цифровых терминологических ресурсов. Эмпирическую базу исследования составили опыт 44 государств, данные информационно-правовой системы нормативных правовых актов Республики Казахстан, а также научная литература по вопросам терминологической стандартизации. Основная цель исследования – классифицировать институциональные модели разработки нормативного словаря и предложить научно-практические механизмы, которые могут быть эффективно применены в условиях Казахстана. В ходе анализа отдельно охарактеризованы централизованная модель, модель стандартизации, модель ключевых понятий внутри закона, цифровая и многоязычная модель, а также смешанная и децентрализованная модель. В результате доказано, что составление нормативного словаря не ограничивается фиксацией правильного написания слов, а представляет собой комплексную научно-институциональную работу, объединяющую процессы утверждения терминов, формулирования дефиниций, обеспечения понятийной согласованности в правовом тексте, координации многоязычных эквивалентов и регулярного обновления через цифровую базу. Главная особенность казахстанской модели заключается в необходимости объединения в единой платформе ключевых понятий, содержащихся в нормативных правовых актах, терминов, утвержденных Республиканской терминологической комиссией, и орфографических норм. В статье предлагается при разработке нормативного словаря применять принцип «термин + дефиниция», рассматривать многокомпонентные термины как самостоятельный объект исследования, адаптировать заимствованные термины к орфографической системе казахского языка, а также внедрить механизм автоматической проверки орфографических и терминологических ошибок в правовых текстах.

Ключевые слова: нормативный словарь, терминология, терминография, юридическая лингвистика, стандартизация, многоязычие, цифровая база, терминологическое планирование.

B. IISBEKULY

Chief Expert of the Department of Linguistic Work of the Language Policy Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

INTERNATIONAL MODELS FOR DEVELOPING A NORMATIVE DICTIONARY

Abstract. The article analyzes international experience in compiling normative dictionaries and domestic research in Kazakhstan from the perspectives of terminology planning, terminography, legal linguistics, and digital terminological resources. The empirical basis of the study consists of the experience of 44 countries, data from the information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan, and scholarly literature on terminological standardization. The main aim of the study is to classify institutional models for developing a normative dictionary and to propose scientific and practical mechanisms that can be effectively applied in the context of Kazakhstan. The analysis separately describes the centralized model, the standardization model, the model of key concepts within legislation, the digital and multilingual model, and the mixed and decentralized model. As a result, it is demonstrated that compiling a normative dictionary is not limited to recording the correct spelling of words; rather, it is a comprehensive scientific and institutional process that integrates the approval of terms, the formulation of definitions, the maintenance of conceptual consistency in legal texts, the coordination of multilingual equivalents, and regular updating through a digital database. The main feature of the Kazakhstani model is the need to integrate key concepts contained in normative legal acts, terms approved by the Republican Terminology Commission, and orthographic norms into a single platform. The article proposes applying the “term + definition” principle in the development of a normative dictionary, considering multi-component terms as an independent object of study, adapting borrowed terms to the orthographic system of the Kazakh language, and introducing a mechanism for the automatic detection of orthographic and terminological errors in legal texts.

Keywords: normative dictionary, terminology, terminography, legal linguistics, standardization, multilingualism, digital database, terminology planning.

Автор туралы мәлімет:

Иісбекұлы Берікхан – PhD, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитеті Лингвистикалық жұмыстар басқармасының бас сарапшысы, Астана, Қазақстан.

Иисбекулы Берикхан – PhD, главный эксперт Управления лингвистиче-

ской работы Комитета языковой политики Министерства науки и высшего образования РК, Астана, Казахстан.

IIsbekuly Berikhan – PhD, Chief Expert Department of Linguistic Work Committee of Language Policy Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

References

1. Cabré, M.T. Terminology: Theory, Methods and Applications. Amsterdam/ Philadelphia: John Benjamins, 1999. 248 p.

2. Sager, J.C. A Practical Course in Terminology Processing. Amsterdam/ Philadelphia: John Benjamins, 1990. 254 p.

3. ISO/TC 37. Language and terminology. International Organization for Standardization. URL: https://www.iso.org/committee/48104.html

4. DIN Standards. Deutsches Institut für Normung. URL: https://www.din.de/en/about-standards/din-standards

5. TERMDAT – The Federal Administration's terminology database. Swiss Federal Chancellery. URL: https://www.bk.admin.ch/en/termdat-the-federal-administrations-terminology-database

6. TERMIUM Plus®. Government of Canada terminology and linguistic data bank. URL: https://www.btb.termiumplus.gc.ca/tpv2alpha/alpha-eng.html?lang=eng

7. Antia, B.E. Terminology and Language Planning: An Alternative Framework of Practice and Discourse. Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins, 2000. 264 p.

8. Orfografiyalyq sozdik / Comp. R. Syzdyq, K. Khusaiyn. Almaty: Arys, 2007. 480 p. [in Kazakh].

9. Syzdyq, R. Tildik norma zhane onyn qalyptanuy (kodifikatsiyasy). Almaty: El-shezhire, 2014. 292 p. [in Kazakh].

10. Qaidar, A. Qazaq terminologiyasyna zhanasha kozqaras. Almaty: Rauan, 1993. 43 p. [in Kazakh].

ҒТАХР 16.21.55
DOI

А.С. ЗИНЕДИНА
«Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ
(e-mail: aierke96@gmail.com)

«ГҮЛІСТАН БИТ-ТҮРКІ» МӘТІНІ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ СИНТАКСИСІН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа. Мақалада XIV ғасыр жазба ескерткіші «Гүлістан бит-түркі» мәтінін болашақ тіл мамандарына тарихи синтаксисті меңгертудің оқу материалы ретінде қолдану жолдары қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – көне жазба мәтінмен жұмыс істеуге негізделген әдістемелік жүйенің мазмұнын, кезеңдерін және оқу нәтижелерін сипаттау. Зерттеу материалы ретінде ескерткіштің эпилогындағы 15 жолдан тұратын 12 сөйлемді мәтін, А. Сейітбекова дайындаған транскрипция және тәжірибелік сабақ барысында алынған қорытынды тест нәтижелері пайдаланылды. Тәжірибелік жұмысқа 22 студент қатысып, олар мәтінді түсіну, сөзбе-сөз аудару, синтаксистік қатынасты анықтау, сөйлем моделін құрастыру және тарихи тұлғалардың қазіргі қазақ тіліндегі баламасын табу бойынша тапсырмалар орындады. Нәтижелер күрделі сөйлем моделін тану, қаратпа құрылымды ажырату және тарихи шылаудың қызметін анықтау дағдыларының жақсы қалыптасқанын, ал фразеологиялық тіркестердің ішкі синтаксистік байланысын, табыс септікті толықтауышты және салалас-сабақтас қатынастарды ажыратуда қосымша жұмыс қажет екенін көрсетті. Мақалада тарихи мәтінді оқытудың төрт кезеңді технологиясы, мәтін іріктеу қағидалары және ретроспекциялық әрі функционалды-семантикалық әдістердің тиімділігі ұсынылады.

Түйін сөздер: тарихи синтаксис, «Гүлістан бит-түркі», ескі қазақ жазба тілі, ретроспекциялық әдіс, функционалды-семантикалық әдіс, синтаксистік модель.

Кіріспе

Қазақ тілінің тарихи даму жолын тану қазіргі тілдік жүйенің ішкі заңдылықтарын түсіндірумен ғана шектелмейді; ол болашақ филологтың дерекпен жұмыс істеу, тілдік құбылысты диахронды тұрғыдан пайымдау және грамматикалық модельдің қалыптасу себептерін түсіндіру қабілетін дамытады. Сондықтан жоғары мектепте тарихи синтаксисті оқыту тіл тарихы мен қазіргі

грамматика арасындағы байланысты нақты мәтін негізінде меңгертуді талап етеді. Дәстүрлі оқу үдерісінде тарихи грамматика көбіне теориялық мәлімет, тұлғалар тарихы немесе жеке мысалдар арқылы түсіндіріліп келсе, тарихи синтаксис үшін сөйлемнің тұтас құрылымын, байланысу тәсілдерін, синтаксистік қатынас пен мағыналық өрісті бір мезетте танытатын аутентті мәтін қажет.

Осындай оқу материалының бірі – Сейф-и Сарайи аударып, түркі жазба дәстүрінде қалыптастырған «Гүлістан бит-түркі» ескерткіші. Бұл мәтіннің құндылығы оның лексикалық немесе әдеби сипатына ғана емес, сөйлем құрау тәсілдері, жалғаулықтардың қызметі, изафеттік тіркестер, қаратпа-қосалқы құрылымдар, сабақтас және салалас қатынастар сияқты синтаксистік қабаттарының күрделілігіне байланысты. Қазақ тілінің тарихи синтаксисін зерттеген еңбектерде сөйлем құрылымының эволюциясы, сөздердің байланысу формалары, құрмалас сөйлем табиғаты және синтаксистік мағынаның тарихи сипаты маңызды мәселе ретінде қарастырылады [1, 2; 3; 4]. Алайда осы білімді студенттің оқу әрекетіне айналдыру үшін мәтінді іріктеу, транскрипциямен жұмыс, аударма, талдау және модельдеу бір жүйеге түсуі керек.

Мақаланың мақсаты – «Гүлістан бит-түркі» мәтіні арқылы тарихи синтаксисті оқытуға арналған әдістемелік үлгіні сипаттау және тәжірибелік сабақ нәтижелері негізінде оның тиімділігін бағалау. Осы мақсатқа сәйкес мына міндеттер белгіленді: тарихи мәтінді оқу материалы ретінде іріктеудің қағидаларын айқындау; сабақтағы жұмыс кезеңдерін жүйелеу; ретроспекциялық және функционалды-семантикалық әдістердің қолданылу мүмкіндігін көрсету; студенттердің қорытынды тест нәтижелерін талдау; тарихи синтаксис курсын жетілдіруге арналған ұсыныстар беру. Зерттеу болжамы бойынша, егер тарихи мәтін студентке түпнұсқа/транскрипция, сөзбе-сөз аударма, морфологиялық белгі, синтаксистік модель және қазіргі қазақ тіліндегі балама қатарында ұсынылса, онда тарихи синтаксисті меңгеру абстрактілі ереже деңгейінен нақты талдау дағдысына көтеріледі.

Осы тұрғыдан алғанда мақала тарихи синтаксисті оқытудағы қолданбалы бағытты күшейтеді: көне мәтін теориялық дерек қана емес, студенттің талдау, салыстыру, дәлелдеу және модельдеу әрекетін ұйымдастыратын әдістемелік құрал ретінде қарастырылады. Бұл ұстаным филологиялық білім мазмұнын жаңартуда тарихи мұра мен заманауи оқыту технологиясын сабақтастыруға мүмкіндік береді.

Тарихи синтаксиске арналған сабақтың басты ерекшелігі – тілдік құбылысты дайын теориядан емес, мәтіннің өзінен шығару. Студент қазіргі қазақ тіліндегі сөйлем мүшелері мен сөз тіркесі туралы білімін бұрыннан біледі, бірақ тарихи мәтінмен кездескенде сол білімнің жеткіліксіз екенін аңғарады: таныс септік тұлғасы өзге қызметте көрінуі мүмкін, қазіргі тілде сирек қолданыла-

тын жалғаулық себеп, шарт немесе түсіндірмелік реңк тудыруы мүмкін, ал поэтикалық шумақтың ішіндегі сөйлем шекарасы қазіргі пунктуациялық дағдыға бағына бермейді. Осы себепті тарихи синтаксис пәнін оқытуда мәтінмен жұмыс тек оқу немесе аудару әрекеті емес, ғылыми пайым жасауға жетелейтін зерттеу үдерісі ретінде ұйымдастырылуы тиіс.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу материалы ретінде «Гүлістан бит-түркі» ескерткішінің эпилогынан алынған 15 жолдық, 12 сөйлемдік мәтін пайдаланылды. Эпилогтың таңдалуы кездейсоқ емес: бұл бөлікте авторлық қорытынды, тілек, насихат, себеп-салдар және шарт мәндері жинақталған, сондықтан ол тарихи синтаксисті оқытуға қажетті бірнеше құрылымдық құбылысты бір мәтін ішінде көрсетуге мүмкіндік береді. Мәтінмен жұмыс істеуде А. Сейітбекова дайындаған кирилл негізді транскрипция, сөздік және қазақша аударма негізгі дереккөз ретінде алынды [5]. Бұл дерек студенттерге араб графикасын меңгермеген жағдайда да мәтіннің тарихи тілдік қабатын талдауға жағдай жасайды.

Зерттеу әдістері бірнеше бағытта қолданылды. Біріншіден, тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы мәтіндегі тұлғалар мен сөйлем үлгілері қазіргі қазақ тіліндегі баламаларымен салыстырылды. Бұл әдіс студенттің «тарихи форма – қазіргі балама – өзгеріс себебі» тізбегі бойынша ойлауына негіз болды. Екіншіден, құрылымдық-синтаксистік талдау сөйлем мүшелерін, сөз тіркестерін, байланысу формаларын және құрмалас сөйлем типтерін анықтауға бағытталды. Үшіншіден, функционалды-семантикалық әдіс грамматикалық тұлғаның тек құрылымдық белгісін емес, оның мәтіндегі мағыналық қызметін түсіндіруге жұмсалды. Функционалды грамматикада тілдік бірліктердің мағына мен қызмет бірлігінде қарастырылуы маңызды екені көрсетіледі [6; 7]. Төртіншіден, педагогикалық бақылау және қорытынды тестілеу әдістері студенттердің оқу нәтижесін бағалау үшін пайдаланылды.

Тәжірибелік сабақ Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы базасында болашақ тіл мамандарына жүргізілді. Сабаққа 22 студент қатысты. Оқу әрекеті он қадамнан тұрды: ескерткіш туралы тарихи-лингвистикалық ақпарат беру; мәтін үзіндісін ұсыну; түсінген сөздерді теріп жазу; таныс грамматикалық категорияларды белгілеу; мәтінді сөзбе-сөз аудару; мазмұнын қазіргі қазақ тілінде қайта айту; шумақ синтаксисі туралы теориялық мәлімет беру; тыныс белгілерін қойып, сөйлемдерге бөлу; сөйлем түрі мен мағынасын анықтау; синтаксистік модель құрастыру және қорытынды тест орындау. Мұндай сатылылық жоғары мектеп дидактикасындағы мақсат-мазмұн-әдіс-нәтиже байланысын сақтауға мүмкіндік береді [8; 9].

Мәтін іріктеуде төрт қағида басшылыққа алынды: аутенттілік, мақсатты синтаксистік жүктеме, қолжетімділік және салыстырмалы талдауға жарам-

дылық. Аутенттілік мәтіннің тарихи дерек ретіндегі табиғатын сақтауды біл-діреді; мақсатты синтаксистік жүктеме бір үзіндінің нақты оқу мақсатына қызмет етуін талап етеді; қолжетімділік мәтін көлемі мен күрделілігін сту-денттердің бастапқы дайындығына сәйкестендіреді; салыстырмалы талдауға жарамдылық тарихи құрылымның қазіргі қазақ тіліндегі баламасын табуға мүмкіндік береді. Тіл үйрету мен мәтін таңдауда материалдың шынайылығы және оқу мақсатына сәйкес келуі маңызды шарттардың бірі саналады [10].

Оқу материалы үш деңгейге бөлінді. Бастапқы деңгейде 1-2 сөйлем немесе 2-4 өлең тармағы беріліп, студенттен сөйлем шекарасын табу, таныс тұлғаларды белгілеу, қазіргі тілдегі мағынасын шамалау сұралды. Орта деңгейде 4-8 сөйлемнен тұратын үзінді ұсынылып, үйірлі мүше, бірыңғай мүше, қаратпа, қыстырма, «ким», «чун», «агар» сияқты синсемантикалық белгілер талданды. Жоғары деңгейде 10-15 сөйлемге дейінгі логикалық тұтас эпизод алынып, студент синтаксистік карта құрастырды, сөйлемдердің бір-бірімен байланысын, шумақ ішіндегі ойдың өрбуін және авторлық интенцияны дәлелдеді. Мұндай деңгейлеу студенттің мәтінді қабылдау мүмкіндігін ескеріп, біртіндеп күрделенетін оқу траекториясын қалыптастырды.

Бағалау өлшемдері де мәтін табиғатына сәйкес құрылды. Бірінші өлшем – тарихи тұлғаны тану дәлдігі; екінші өлшем – грамматикалық дәлел келтіру қабілеті; үшінші өлшем – синтаксистік модельді дұрыс құрастыру; төртінші өлшем – қазіргі қазақ тіліндегі баламаны мағыналық жағынан дәл беру; бесін-ші өлшем – қорытынды пайымның ғылыми негізділігі. Осы өлшемдер сту-денттің тек дұрыс жауапты белгілеуін емес, жауапқа қалай келгенін, қандай тілдік белгіге сүйенгенін және тарихи деректі қазіргі грамматикамен қалай байланыстырғанын анықтауға бағытталды. Сондықтан тест нәтижелері сан-дық көрсеткіш ретінде ғана емес, әдістемелік диагностика ретінде талданды.

Талқылау

Тарихи синтаксисті оқытудағы негізгі әдістемелік мәселе – студентке көне мәтінді дайын аударма ретінде емес, зерттелетін тілдік дерек ретінде қабылда-ту. Бұл үшін мәтін көпқабатты форматта ұсынылуы тиіс: транскрипция, сөздік түсініктеме, сөзбе-сөз аударма, қазіргі әдеби тілдегі балама, синтаксистік мо-дель және семантикалық түсіндіру. Мұндай формат студенттің мәтінді меха-никалық оқуынан гөрі грамматикалық құрылымын дәлелдеуіне, синтаксистік қатынас пен мағыналық реңкті қатар пайымдауына мүмкіндік береді. Тари-хи лингвистикадағы салыстырмалы әдіс пен синтаксисті реконструкциялау тәсілдері тілдік деректің жүйелік байланысын ашуға бағытталатыны белгілі [6; 7]. Оқу үдерісінде бұл ұстаным тапсырма арқылы іске асырылады.

Зерттеу барысында тарихи синтаксисті оқытудың төрт кезеңді технологиясы ұсынылды. Бірінші кезең – диагностикалық-бағдарлау: студенттің тарихи мәтінді

қабылдау деңгейі, грамматикалық базасы және бастапқы ассоциациялары анықталады. Екінші кезең – түсіну және тілдік негіз дайындау: тарихи сөздер, септік-тәуелдік тұлғалары, көмекші сөздер мен жалғаулықтар түсіндіріледі. Үшінші кезең – синтаксистік талдау және модельдеу: сөйлем мүшелері, сөз тіркестері, байланысу формалары, салалас және сабақтас қатынастар кесте/сызба арқылы сипатталады. Төртінші кезең – интерпретация, салыстыру және рефлексия: студент тарихи құрылымның қазіргі тілдегі баламасын тауып, мәтіннің авторлық-прагматикалық мағынасын түсіндіреді. Бұл кезеңдер оқушының танымдық жүктемесін біртіндеп арттырып, күрделі мәтінді меңгеруді жеңілдетеді [11].

Кесте 1 – Тарихи синтаксисті оқыту технологиясының кезеңдері

Кезең	Мақсаты	Негізгі әрекет	Күтілетін нәтиже
I. Диагностикалық-бағдарлау	Бастапқы грамматикалық дайындықты анықтау	Қысқа тест, мәтін туралы алғашқы пікір, таныс тұлғаларды белгілеу	Студенттің тарихи мәтінді қабылдау деңгейі айқындалады
II. Түсіну және тілдік негіз дайындау	Мәтінді оқуға қажетті лексика-грамматикалық минимумды қалыптастыру	Транскрипция, сөздік, сөзбе-сөз аударма, көне тұлғаларды түсіндіру	Мәтіннің жалпы мазмұны мен грамматикалық тіректері меңгеріледі
III. Синтаксистік талдау және модельдеу	Сөйлем құрылымын, байланысу тәсілін, қатынас түрін анықтау	Сөз тіркесі, сөйлем мүшесі, құрмалас түрі, синтаксистік модель құрастыру	Тарихи синтаксистік талдау дағдысы қалыптасады
IV. Интерпретация және рефлексия	Тарихи құрылымның қазіргі тілдегі баламасын түсіндіру	Салыстыру, дәлелдеу, авторлық интенцияны талдау, қорытынды жазу	Теориялық білім практикалық зерттеу әрекетіне айналады

Бұл технологияның ерекшелігі – ретроспекциялық әдіс пен функционалды-семантикалық әдістің бірін-бірі толықтыруы. Ретроспекциялық әдіс қазіргі қазақ тіліндегі таныс құрылымнан тарихи мәтіндегі баламаға қарай жүруге негізделеді. Мысалы, студент қазіргі тілдегі шартты сабақтас, себептік жалғаулық, қабысу немесе толықтауыштық қатынас туралы білімін «Гүлістан бит-түркі» мәтініндегі «кім», «чун», «нау бahар», «сахибин ғани қыл» тәрізді қолданыстарды түсіндіруге пайдаланады. Функционалды-семантикалық әдіс, керісінше, тарихи тұлғаның мәтіндегі қызметін мағына өрісі арқылы ашады: «чун» шылауы жай дәнекер емес, себептік қатынас тудыратын синсемантика-

лық белгі; «ким» кей контексте шарттық мән береді; қаратпа құрылым автордың тілек, дұға, бағалау интенциясын күшейтеді.

Тапсырмалар жүйесі репродуктивті жаттығудан зерттеушілік әрекетке қарай күрделенеді. Бастапқы деңгейде студент артық сөйлемді табады, белгілі тұлғаны таниды, мәтіндегі таныс сөздерді тереді. Негізгі деңгейде сөз тіркесі мен сөйлем ішіндегі байланысты дәлелдейді, тұлғаларды қазіргі тілмен салыстырады, сөйлемнің құрылымдық моделін жасайды. Жоғары деңгейде бір шумақтың синтаксистік картасын құрастырады, авторлық ойдың қандай грамматикалық тәсілдер арқылы берілгенін түсіндіреді. Осылайша тарихи синтаксис сабағы дайын ережені қайталау емес, дерекке сүйенген шағын зерттеу формасына айналады.

Тарихи мәтінмен жұмыста «синтаксистік карта» тәсілі ерекше нәтиже берді. Картада әр сөйлем жеке бірлік ретінде белгіленіп, оның бастауыш-баяндауыштық негізі, толықтауыштық және пысықтауыштық байланыстары, сөз тіркесінің формалары, жалғаулықтары және қазіргі тілдегі баламасы қатар көрсетілді. Бұл тәсіл студентке мәтінді сызықтық ретпен ғана емес, құрылымдық жүйе ретінде көруге мүмкіндік берді. Мысалы, бір сөйлемде шарттық қатынас, екінші сөйлемде себептік жалғаулық, үшінші сөйлемде қаратпа немесе тілек мәні көрінсе, карта олардың мәтіндік тұтастықтағы қызметін салыстыруға жол ашады. Нәтижесінде студент жеке грамматикалық тұлғаны жаттамай, оның сөйлем мен мәтін ішіндегі қызметін түсіндіреді.

Әдістемелік тұрғыдан маңызды тағы бір мәселе – түпнұсқалық пен қолжетімділік арасындағы тепе-теңдік. ЖОО студентіне бірден араб графикасындағы қолжазбаны ұсыну синтаксистік талдаудың негізгі мақсатын көлеңкеде қалдыруы мүмкін. Сондықтан сабақтың алғашқы кезеңінде транскрипцияланған мәтін, сөздік түсіндірме және сөзбе-сөз аударма бірге беріледі. Кейін студент дайын аудармаға сүйенбей, өзі сөйлем шекарасын анықтап, қазіргі тілдегі баламаны жасайды. Осылайша түпнұсқа мәтіннің тарихи сипаты сақталады, бірақ оқу әрекеті студенттің нақты талдау мүмкіндігіне сай бейімделеді. Бұл тәсіл тарихи мәтінді жеңілдету емес, күрделі деректі әдістемелік тұрғыдан қолжетімді ету деп түсіндіріледі.

Ретроспекциялық әдіс сабақта екі бағытта іске асты. Бірінші бағытта қазіргі қазақ тіліндегі белгілі құрылымнан тарихи тұлғаға қарай жүру қолданылды: мысалы, студент алдымен қазіргі тілдегі себептік бағыныңқы немесе мақсат пысықтауыш туралы білімін еске түсіріп, кейін «чун», «-ға», «ким» тұлғаларының мәтіндегі қызметін салыстырды. Екінші бағытта тарихи мәтіннен қазіргі тілге қарай талдау жасалды: студент көне тұлғаны көріп, оның қазіргі баламасын, мағыналық өзгерісін және синтаксистік қызметін анықтады. Екі бағыттың тоғысуы диахронды ойлауды дамытады, өйткені студент тілдік құбылыстың бір мезгілдегі емес, уақыт ішіндегі қозғалысын көреді.

Функционалды-семантикалық әдіс студенттерді «тұлға қандай?» деген сұрақтан «тұлға не үшін қолданылған?» деген сұраққа көшіреді. Мысалы, қаратпа құрылым тек сөйлемді күрделендіретін элемент емес, автордың дұға-тілек интенциясын білдіреді; себептік жалғаулық тек екі компонентті байланыстырып қоймай, мәтіндегі насихат ойының дәлелдеу логикасын жасайды; шартты құрылым оқырманға бағытталған моральдық тұжырымды күшейтеді. Мұндай талдау тарихи синтаксисті мәтін прагматикасымен байланыстырып, студенттің грамматикалық категорияны мағынадан бөліп қарамауына ықпал етеді.

Нәтижелер

Тәжірибелік сабақтан кейін алынған қорытынды тест студенттердің тарихи мәтінді синтаксистік тұрғыдан талдау қабілетін бірнеше бағыт бойынша бағалауға мүмкіндік берді. Тест нәтижелері біркелкі емес: студенттер сыртқы грамматикалық белгісі айқын құрылымдарды жақсы таныды, ал фразеологиялық тұтастану, жасырын синтаксистік қатынас, тарихи септік тұлғасының қызметі және салалас-сабақтас қатынастарды семантикалық межелеу кезінде қиналды. Бұл нәтиже тарихи синтаксисті оқытуда формальды белгі, мағыналық қатынас және қазіргі тілдегі балама қатар түсіндірілуі керектігін көрсетті.

Сабақ барысында студенттердің мәтінге алғашқы реакциясы да ескерілді. Көпшілігі мәтінді бастапқыда лексикалық қиындық ретінде қабылдады: бейтаныс сөздер мен фонетикалық айырмашылықтар сөйлем құрылымын көруге кедергі келтірді. Алайда транскрипция, сөздік түсіндірме және сөзбе-сөз аударма қатар берілгеннен кейін студенттер сөйлем мүшелерін анықтауға, жалғаулықтарды белгілеуге және қазіргі қазақ тіліндегі баламаларды ұсынуға белсенді кірісті. Бұл тарихи синтаксис сабағында лексикалық дайындықтың көмекші емес, негізгі талдауға апаратын міндетті кезең екенін көрсетті.

Кесте 2 – Қорытынды тест нәтижелерінің жинақталған көрсеткіші

Тапсырма бағыты	**Мәтіндік бірлік / сұрақ мазмұны**	**Дұрыс жауап көрсеткіші**	**Әдістемелік түсіндірме**
Фразеологиялық тіркесті талдау	«Айыб істемес» тіркесінің синтаксистік қатынасы	22,7%	Фразеологизмнің ішкі байланысын ажырату қиындық тудырды
Толықтауыштық қатынасты тану	«Ғани қыл сахибин» тіркесіндегі толықтауыш	31,8%	Табыс септік пен тәуелдік тұлғасын функционалды талдау қажет

Байланысу формасын ажырату	«Нау bahap» тіркесінің қабысу арқылы байланысуы	59,1%	Қосымшасыз анықтауыштық тіркесті тану орташа деңгейде
Күрделі сөйлем моделін тану	Бірнеше компонентті синтаксистік модельді сәйкестендіру	81,8%	Модельдеу тәсілі күрделі құрылымды тануға оң әсер етті
Салалас құрмаласты анықтау	Ыңғайластық қатынастағы салалас сөйлем	45,5%	Компоненттердің мағыналық теңдігін түсіндіруді күшейту қажет
Тарихи шылаудың қызметі	«Чун» шылауының себептік қызметі	63,6%	Себептік мән меңгерілген, бірақ мақсаттық мәнмен шатастыру бар
Қаратпа құрылымды тану	«Иа, иллаһи...» үлгісіндегі қаратпа сөйлем	86,4%	Көрнекі маркері бар құрылымдар жақсы меңгерілді
Шартты сабақтасты тану	«Ким» шылауы арқылы келген шарт мәні	54,5%	Көне жалғаулықтардың семантикалық өрісін арнайы бекіту қажет

Ең жоғары көрсеткіш қаратпа құрылым арқылы күрделенген жай сөйлемді тану тапсырмасынан байқалды: студенттердің 86,4%-ы «Иа, иллаһи...» үлгісіндегі сөйлемді дұрыс анықтады. Бұл нәтижені қаратпа сөздің сыртқы белгісінің айқын болуымен және эмоционалды-экспрессивті қызметінің оңай танылуымен түсіндіруге болады. Күрделі сөйлем моделін тану тапсырмасында да нәтиже жоғары болды (81,8%). Сабақ барысында сөйлемді модельдеу тәсілі жиі қолданылғандықтан, студенттер бастауыш, толықтауыш, қыстырма құрылым және баяндауыштың орналасуын сызба арқылы ажырата алды.

Орташа деңгейдегі нәтижелер тарихи жалғаулықтар мен сөз тіркестерін тануға қатысты. «Чун» шылауының себептік қызметін студенттердің 63,6%-ы дұрыс белгіледі. Бұл көне жалғаулықтың мағыналық қызметі біршама меңгерілгенін көрсетеді, бірақ оны қазіргі қазақ тіліндегі мақсаттық мәнді «үшін» тұлғасымен шатастыру қаупі бар. «Нау bahap» тіркесінің қабысу арқылы бай-

ланысқанын 59,1% студент дұрыс анықтады. Мұнда қате жауаптардың болуы студенттердің кейде мағынаға сүйеніп, грамматикалық көрсеткішті екінші орынға ысыратынын байқатты. Шартты бағыныңқылы сабақтасты тану көрсеткіші 54,5% болды: «ким» тұлғасының шарттық мәнін тану үшін тарихи жалғаулықтардың семантикалық өрісін арнайы жаттықтыру қажет.

Төмен көрсеткіштер екі бағытта тіркелді. «Айыб істемес» тіркесінің ішкі синтаксистік қатынасын дұрыс тапқандар 22,7% ғана болды. Көпшілік оны тұтас бастауыш-баяндауыштық құрылым немесе пысықтауыштық қатынас деп қабылдады. Бұл фразеологиялық тіркестің тарихи мәтінде еркін тіркес белгілерін көмескілендіретінін аңғартады. «Ғани қыл сахибин» тіркесіндегі толықтауыштық қатынасты 31,8% студент дұрыс таныды. «Сахибин» сөзіндегі табыс септік пен тәуелдік жалғауы толықтауыш қызметін айқындағанымен, күрделі баяндауышпен келгендіктен, студенттердің бір бөлігі оны бастауыш-баяндауыштық құрылым ретінде түсінген. Салалас құрмалас сөйлемді анықтау көрсеткіші де ортадан төмен (45,5%) болды, бұл құрмалас сөйлемдерді тек жалғаулыққа қарап емес, компоненттердің мағыналық дербестігі мен тең дәрежелі байланысына сүйеніп талдау қажеттігін дәлелдейді.

Нәтижелер тарихи синтаксисті оқытуда үш әдістемелік қорытынды жасауға негіз береді. Біріншіден, көрнекі маркері бар құрылымдар (қаратпа, кей жалғаулық, модельдік үлгі) тез меңгеріледі; сондықтан бастапқы сабақтарда дәл осындай құрылымдар арқылы студенттің сенімділігі қалыптастырылғаны дұрыс. Екіншіден, жасырын немесе көмескі қатынастарды (фразеологизм, табыс септік, салалас-сабақтас шекарасы) арнайы салыстырмалы тапсырмалармен бекіту қажет. Үшіншіден, тарихи мәтінмен жұмыс бір ғана аудармаға негізделмеуі керек; әр сөйлемнің құрылымдық қаңқасы, қазіргі тілдегі баламасы және семантикалық қызметі қатар талданғанда ғана студент тарихи синтаксисті теориялық әрі практикалық деңгейде меңгереді.

Тест нәтижелерін сапалық тұрғыдан қарастырғанда, студенттердің табысты орындаған тапсырмалары көбіне көзге көрінетін құрылымдық маркерлермен байланысты болды. Қаратпа сөзде «иа» тұлғасы, күрделі модельде бірнеше синтаксистік бөліктің айқын тізбектелуі, «чун» шылауында дәнекердің нақты орналасуы студентке сүйенетін белгі берді. Ал төмен нәтиже көрсеткен тапсырмаларда мұндай маркер көмескі: фразеологизм тұтас мағынаға айналған, табыс септікті толықтауыш күрделі баяндауышпен бірігіп тұрған, салалас пен сабақтастың айырмасы сыртқы жалғаулықтан гөрі мағыналық теңдікке негізделген. Демек тарихи синтаксисті оқытуда көрінетін және көмескі маркерлерді бөлек әдістемелік блок ретінде қарастыру қажет.

Тәжірибелік сабақ нәтижесінде ұсынылатын тапсырмалардың бірнеше тиімді үлгісі анықталды. Бірінші үлгі – «тарихи тұлға – қазіргі балама» сәй-

кестендіруі; бұл студенттің көне форманы тануына көмектеседі. Екінші үлгі – «сөйлем қаңқасын құрастыру»; мұнда студент бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш және қыстырма бөліктерді сызбаға түсіреді. Үшінші үлгі – «мағыналық қатынас картасы»; студент сөйлем компоненттерін себеп, шарт, ыңғайластық, мақсат, түсіндіру мәндері бойынша белгілейді. Төртінші үлгі – «қате талдауды түзету»; студентке әдейі қате берілген синтаксистік модель ұсынылып, ол қате қай жерде екенін дәлелдейді. Мұндай тапсырмалар тарихи синтаксисті оқытудың зерттеушілік сипатын күшейтеді.

Алынған деректер элективті курс мазмұнын нақтылауға да мүмкіндік береді. Курстың бастапқы модулінде тарихи мәтінді оқу, транскрипция және сөздікпен жұмыс, сөйлем шекарасын анықтау қамтылуы тиіс. Негізгі модульде сөз тіркесі, сөйлем мүшелері, құрмалас сөйлем, жалғаулықтар мен синсемантикалық белгілер жүйелі талданады. Қорытынды модульде студент бір шумақ немесе шағын эпизод бойынша синтаксистік карта жасап, қазіргі қазақ тілімен салыстырмалы талдау жазады. Осы құрылым студентті дайын білімді қабылдаушыдан тарихи тілдік дерекке сүйенетін зерттеуші деңгейіне көтереді.

Қорытынды

Мақалада ұсынылған әдістемелік үлгі диссертациялық зерттеудің әдістемелік бөліміндегі тәжірибе материалдарын журнал мақаласының ғылыми құрылымына бейімдеу негізінде жасалды. Мұнда басты назар ескерткіштің жалпы лингвистикалық сипаттамасына емес, оны оқу үдерісінде қолданудың нақты тетіктеріне аударылды. Сондықтан талдау нысаны ретінде мәтіннің мазмұны, тапсырмалар жүйесі, сабақ кезеңдері және студенттердің нәтижесі бір-бірімен байланыста қарастырылды. «Гүлістан бит-түркі» мәтіні тарихи синтаксисті оқытуда мазмұндық әрі әдістемелік әлеуеті жоғары оқу материалы ретінде танылды. Ескерткіштің эпилогы қысқа көлемнің ішінде қаратпа, себептік жалғаулық, шартты құрылым, күрделі баяндауыш, қабысу, толықтауыштық қатынас, салалас және сабақтас байланыс үлгілерін қамтиды. Сондықтан бұл мәтін студентке тарихи синтаксис ұғымдарын жеке-жеке емес, мәтін ішіндегі өзара байланыста меңгертуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері тарихи мәтінді оқытудың төрт кезеңді технологиясы тиімді екенін көрсетті: диагностикалық бағдарлау студенттің бастапқы деңгейін анықтайды; лексика-грамматикалық дайындық мәтінді түсінуге негіз қалайды; синтаксистік талдау мен модельдеу теорияны практикаға айналдырады; интерпретация және салыстыру тарихи құрылымның қазіргі тілмен сабақтастығын түсіндіреді. Ретроспекциялық әдіс қазіргі қазақ тіліндегі таныс құрылым арқылы тарихи тұлғаны ұғындыруға қолайлы болса, функционалды-семантикалық әдіс тарихи форманың мәтіндегі мағыналық қызметін ашуға мүмкіндік береді. Қорытынды тест нәтижелері студенттердің күрделі

сөйлем моделін, қаратпа құрылымын және кейбір шылаулардың қызметін жақсы меңгергенін, алайда фразеологиялық тіркес, табыс септікті толықтауыш, салалас-сабақтас шекарасы және көне жалғаулықтардың мағыналық реңктері бойынша қосымша жұмыс қажет екенін дәлелдеді. Осыған байланысты тарихи синтаксис курсына фразеологизм мен еркін тіркесті салыстыру, септік-тәуелдік тұлғаларын функционалды талдау, құрмалас сөйлемдердің семантикалық картасын жасау, тарихи мәтінді қазіргі қазақ тіліне модель бойынша аудару сияқты тапсырмаларды жүйелі енгізу ұсынылады.

Тарихи синтаксисті «Гүлістан бит-түркі» мәтіні арқылы оқыту болашақ тіл мамандарының грамматикалық білімін кеңейтіп қана қоймай, олардың лингвистикалық дәлелдеу, салыстыру, модельдеу және зерттеу дағдыларын дамытады. Бұл тәсіл тарихи грамматика мен қазіргі тіл білімін, теория мен практиканы, мәтінтану мен әдістемені сабақтастыратын тиімді лингводидактикалық модель ретінде ұсынылады.

Практикалық тұрғыдан бұл модельді «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Тарихи синтаксис», «Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілі», «Мәтін лингвистикасы» сияқты пәндерде қолдануға болады. Сонымен қатар ол болашақ мұғалімдерге тарихи мәтінді тек мазмұндық дерек емес, грамматикалық ойлауды дамытатын оқу құралы ретінде пайдаланудың жолын көрсетеді. Алдағы зерттеулерде осы модельді басқа түркі жазба ескерткіштерімен салыстырып, әр мәтіннің синтаксистік жүктемесіне сәйкес тапсырмалар банкін жасау маңызды.

Әдебиеттер

1. Әбділәшімұлы, Д. Ескі қазақ жазба тілі. – Алматы: Елтаным, 2016. – 240 б.

2. Томанов, М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 263 б.

3. Қордабаев, Т. Тарихи синтаксис мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1964. – 244 б.

4. Ағманов, Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 112 б.

5. Сейітбекова, А. Сейф Сараидың «Гүлістан бит түрки» жазба ескерткіші: сөздігі, транскрипциясы, аудармасы. – Алматы: Асыл ЖК, 2024. – 704 б.

6. Joseph, B., Janda R. The Handbook of Historical Linguistics. – Oxford: Blackwell, 2003. – 881 p.

7. Barðdal, J., Eythórsson T. Reconstructing Syntax: Construction grammar and the comparative method // Sign-Based Construction Grammar. – Stanford, 2012. – P. 257-308.

8. Игибаева, В., Дюсенбаева А. Жоғары мектеп педагогикасы. – Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2013. – 147 б.

9. Губайдуллина, Г.Н. Педагогиканы оқыту әдістемесі: оқулық. – Алматы, 2011. – 328 б.

10. Gilmore, A. Materials and authenticity in language teaching // The Routledge Handbook of English Language Teacher Education. – Abingdon: Routledge, 2019. – P. 299-318.

11. Шунк, Д.Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 608 б.

А.С. ЗИНЕДИНА

НАО «Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова»

ОПЫТ ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СИНТАКСИСА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА ЧЕРЕЗ ТЕКСТ «ГУЛИСТАН БИТ-ТЮРКИ»

Аннотация. В статье рассматриваются методические возможности использования письменного памятника XIV века «Гулистан бит-турки» в обучении историческому синтаксису будущих специалистов-филологов. Цель исследования – описать содержание, этапы и результаты методической системы, основанной на анализе аутентичного исторического текста. Материалом исследования послужили 12 предложений эпилога памятника, транскрипция А.Сейитбековой и результаты итогового тестирования 22 студентов. Результаты показали, что студенты успешно распознают модели сложного предложения, обращения и функцию исторических служебных слов, но испытывают трудности при анализе внутренней синтаксической связи фразеологических сочетаний, дополнений в форме винительного падежа и границы между сочинительной и подчинительной связью. Предлагается четырехэтапная технология обучения: диагностико-ориентировочный этап, этап лексико-грамматической подготовки, этап синтаксического анализа и моделирования, этап интерпретации и рефлексии.

Ключевые слова: исторический синтаксис, «Гулистан бит-турки», староказахская письменная речь, анализ текста, ретроспективный метод, функционально-семантический метод, синтаксическая модель, филологическое образование.

A.S. ZINEDINA
NAO «Sh. Shayakhmetov "Til-Qazyna" National Scientific-Practical Center»

EXPERIENCE IN TEACHING THE HISTORICAL SYNTAX OF THE KAZAKH LANGUAGE THROUGH THE TEXT "GULISTAN BIT-TURKI"

Abstract. The article discusses the methodological potential of using the fourteenth-century written monument "Gulistan bit-Turki" in teaching historical syntax to future philologists. The purpose of the study is to describe the content, stages and learning outcomes of a text-based methodological model. The research material includes twelve sentences from the epilogue of the monument, A.Seitbekova's transcription, and the final test results of 22 students. The results show that students successfully identify complex sentence models, vocative constructions and the function of historical conjunctions, while they face difficulties in analysing the internal syntactic relations of phraseological units, object relations marked by historical case forms, and the semantic boundary between coordination and subordination. The article proposes a four-stage teaching technology: diagnostic orientation, lexical-grammatical preparation, syntactic analysis and modelling, interpretation and reflection.

Keywords: historical syntax, "Gulistan bit-Turki", Old Kazakh written language, text analysis, retrospective method, functional-semantic method, syntactic model, philological education.

References

1. Abdilashimuly, D. (2016). Eski qazaq jazba tili [Old Kazakh written language]. Almaty: Eltanym. 240 p.

2. Tomanov, M. (1988). Qazaq tilining tarihi grammatikasy [Historical grammar of the Kazakh language]. Almaty: Mektep. 263 p.

3. Qordabaev, T. (1964). Tarihi sintaksis maseleleri [Issues of historical syntax]. Almaty: Gylym. 244 p.

4. Agmanov, E. (1986). Qazaq tilining tarihi sintaksisi [Historical syntax of the Kazakh language]. Almaty: Mektep. 112 p.

5. Seitbekova, A. (2024). Seyf Saraidyn "Gulistan bit Turki" jazba eskertkishi: sozdigi, transkriptsiyasy, audarmasy [The written monument Gulistan bit Turki by Seyf Sarayi: dictionary, transcription, translation]. Almaty: Asyl JK. 704 p.

6. Joseph, B., & Janda, R. (2003). The Handbook of Historical Linguistics. Oxford: Blackwell. 881 p.

7. Barðdal, J., & Eythórsson, T. (2012). Reconstructing Syntax: Construction

grammar and the comparative method. In Sign-Based Construction Grammar (pp. 257–308). Stanford.

8. Igibaeva, V., & Dyusenbaeva, A. (2013). Jogary mektep pedagogikasy [Higher school pedagogy]. Oskemen: ShQMU baspasy. 147 p.

9. Gubaidullina, G. N. (2011). Pedagogikany oqytu adistemesi [Methods of teaching pedagogy]. Almaty. 328 p.

10. Gilmore, A. (2019). Materials and authenticity in language teaching. In The Routledge Handbook of English Language Teacher Education (pp. 299–318). Abingdon: Routledge.

11. Shunk, D. H. (2019). Oqytu teoriyasy: Bilim beru kokjiyegi [Learning theories: An educational perspective]. Almaty: Ulttyq audarma byurosy. 608 p.

Автор туралы мәлімет:

Зинедина Айерке Сағынғалиқызы – PhD, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының жетекші ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан;

Зинедина Айерке Сагынгаликызы – PhD, ведущий научный сотрудник Национального научно-практического центра «Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова, Астана, Казахстан;

Zinedina Aierke Sagyngalikyzy – PhD, researcher of Sh. Shayakhmetov “Til-Qazyna” National Scientific-Practical Center, Astana, Kazakhstan.

Г.К. РЕЗУАНОВА[1], В.А. ШНАЙДЕР[2], М.К. ЕРТАЕВА[3]

Астана халықаралық университеті [1, 2]

«Тұран-Астана» университеті [3]

(e-mail: galiabanu_k@mail.ru)

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ МӘТІНДЕРДІҢ ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа. Бұл мақалада заманауи ақпараттық кеңістік ретінде әлеуметтік желі арқылы таратылатын ақпараттар сөз болады. Әлеуметтік желі арқылы таратылатын ақпараттың, мәтіннің адам санасына, қоғамдық пікірге әсері, яғни манипуляциялық рөлі қарастырылады. Манипуляцияның негізгі түрлері және олардың қоғамдық пікірге әсер ету тетіктері, сонымен қатар оларға қарсы тұру мүмкіндіктері мен жолдары талданады.

Жұмыстың мақсаты – медиамәтіндердің адам санасы мен психологиясына әсер ету тетіктерін саралау және медиаманипуляцияның негізгі түрлерін (лексикалық, синтаксистік, контекстік, визуалды, эмоционалды) талдау болып табылады. Зерттеу барысында статистикалық деректерді жинау, талдау, дәстүрлі БАҚ пен әлеуметтік медианы салыстыру әдістері, сондай-ақ әртүрлі жас ерекшеліктері бар респонденттер арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері жас аудиторияның ақпаратты ақыл-парасатпен, сыни тұрғыдан қабылдау деңгейі жоғары екенін, ал егде жастағы респонденттердің медиамәтіндерге эмоционалды жауап беруге бейімділігін көрсетті. Мақалада манипуляциялық әсерлерден қорғану, қоғамда ақпараттық қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау үшін білім беру мекемелерінде медиасауаттылық курстарын дамыту, интернет-этиканы қалыптастыру және позитивті контентті көбейту сияқты сараптамалық ұсыныстар беріледі.

Тірек сөздер: әлеуметтік желі, мәтін, медиа сауаттылық, медиа манипуляция, әсер ету, қоғамдық пікір қалыптастыру.

Кіріспе

Әлеуметтік желілер адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналып отырған бүгінгі таңда адамдар газет-журнал оқудан алшақтап, бар жаңалықты Instagram, YouTube, Tik-Tok, Facebook, Telegram, Treds сияқты платформалардан оқып, пікір алмасуда. Цифрлық технология, соның ішінде әлеуметтік желі шекараларды жойып, бүкіл әлемді бір арнаға тоғыстырғандай. Әлеуметтік желілер арқылы кез келген елді онлайн шарлап, әр елдің тамаша табиғатымен, мәдени, рухани байлығымен танысуға, шетелдегі әріптестермен, таныстармен хабарласуға мүмкіндік алып отырғанымыз шындық. Әлеуметтік желі арқылы білім көкжиегін кеңейтіп, тіл үйреніп, жұмыс тауып, онлайн курстар, тіпті бизнес жүргізіп, тамаша жетістіктерге жетіп отырғандар да баршылық. Қоғамдық өмірдің кез келген саласы бойынша оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді интерпретациялап ауызша және жазбаша формада ақпарат таратушы бұқаралық ақпарат құралдары (газет, журнал, телевизия, радио) сияқты әлеуметтік желі де (инстаграмм, ютуб, тик-ток, тредс, фейсбук) сондай ақпарат таратушы жаңа технологиялық құрал, аудиовизуалды кеңістік болумен қатар адам ойына ықпал етуші күш, адам санасын билеу құралы да болып отыр. Әлеуметтік желінің адамзат үшін берерімен қатар кері жақтары көп екенін мойындауымыз қажет. Әлеуметтік желінің уақытты ұрлап, адамдарды өзіне тәуелді етіп қойғанын, әрине, бәріміз де білеміз. Бұл – біз анық аңғарып отырған бір тұсы ғана. Сонымен қатар әлеуметтік желінің адам санасына әсерінен ішкі мазасыздық, психологиялық күйзеліс тудыратынын да білсек керек. Кибербуллинг, зорлық-зомбылыққа итермелеу; жалған ақпарат арқылы ел, ұлт

арасында наразылық туғызу сияқты саяси шиеленіс тудыру; адамның жеке өміріне қол сұғуына жол беру, итермелеу, тағы сондай-сондай кері жақтары өте көп. Яки, бүгінгі таңда әлеуметтік желі арқылы адамдар позитивті жаңалықтармен, ақпараттармен қатар, адамдар негативті эмоциясын ашық көрсетуде. Онда қылмыстық істерге итермелеу, заң бұзу, өзіне қол салудан бастап, адам өлтіру фактілері, түрлі араздық тудыратын тақырыптарда контент таратылуда. Соңғы кездері әлеуметтік желінің осы сияқты негативті жақтары ғалымдарды ойландырып, осы мәселе жиі көтеріліп жүр. 2022-2024 жылдар аралығында Web of Science және Scopus базасында 150-ге жуық ғылыми мақала жарық көрген екен. Олардың көбі әлеуметтік медианың қоғамға ықпалын, адам санасы мен психологиясына әсерін қарастырған. Мәселен, Е.Н. Гнатик цифрлық дәуірдегі инновациялық технологияның адам өмірінің материалдық жағдайына ғана емес, рухани-адамгершілік құндылықтарына да ықпал етіп, біршама өзеріске ұшыратып отырғандығын айтады [1].

Әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Т.Қалдыбаева қазіргі әлемнің іштей өте үлкен қарама-қайшылықта екендігін және оған себеп болып отырған миллиондаған адамдардың біліми, экономикалық мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігі ғана емес, ең алдымен, адамдарда жоғары сананың, әлеуметтік сана мен мәдениеттің жетіспеуінен екендігін айтады. Ғалым: «Жарты миллиардқа жақын адам мүлдем сауатсыз, оның басымы қыздар мен әйелдер; миллиондаған жастар мен балалар және ересектер өмірді теологиялық түсіну мен теологиялық ойлаудың тұңғиығына батып алған», - дейді [2]. Біздіңше, әлеуметтік сананың интеллект деңгейіне көтерілуі, әлеуметтік сана мен мәдениеттің жоғары болуының өзі, әрине, білімге байланысты.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Осы және басқа да мәселелерді көтеретін бұл мақалада әлеуметтік желілерге байланысты статистикалық мәліметтерді жинау, деректерді топтастыру, жинастыру және оларды талдау, саралау, бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) мен әлеуметтік медиа салыстырыла қарастыру барысында салыстыру әдістері қолданылды.

БАҚ-та берілетін мәтіндер сияқты әлеуметтік желілерде берілетін ақпараттар мен хат-хабарламаларды да медиамәтінге жатқызуға болады. Осы тұрғыдан алғанда басқа мәтіндерге қарағанда медиамәтіннің, әсіресе әлеуметтік желі арқылы таратылатын мәтіндер мен хабарламалардың әлеуеті жоғары болып отыр. Оны онтологиялық, прагматикалық, лингвопсихологиялық, коммуникативтік, когнитивтік аспектіден қарастыруға болады. Медиамәтіннің әлеуетінің мықтылығын М.О. Ақабаева былай деп түсіндіреді: «Әдетті мәтінге дәстүрлі тіл білімінде «негізгі қасиеттері бірізділік пен тұтастық болып табылатын таңба бірліктері тізбегінің біртұтас мағыналық байланысы» де-

ген анықтама беріледі, алайда мәтін массмедиа саласына ауысқан кезде бұл анықтама шеңберінен шығып, айтарлықтай кең ұғым мен қасиеттерді қамтиды. Себебі медиамәтін вербалды деңгейдегі белгілер жүйесінен тыс семиотикалық түсініктегі мәтін ұғымына жақындайды, медиамәтін тек вербалды ғана емес, басқа да белгілерге ие» [3]. Ақпараттық технология жедел дамып отырған заманда әлеуметтік желі арқылы таратылатын мәтіндер мен хабарламалар (әлеуметтік медиа) коммуникацияның негізгі құралына айналып отыр. Әлеуметтік желісіз өмір сүре алмайтын дәрежеге жеткен бүгінгі қоғамда жеке тұлға өзіне қажетті ақпарат алу, іздеу немесе ақпаратты тарату қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жазылған мәтін (хабарлама) авторымен бейсаналы түрде виртуалды қарым-қатынасқа түседі. Әлеуметтік желіде берілген ақпаратқа әркім өз пікірін жазу (комментарий қалдыру) бүгінде сәнге, қалыпты дәстүрге айналуда. Кейде тіпті оқылған қандай да бір мәтінді көпшілік боп талдап-талқылап, соның төңірегінде ұзақ әңгіме де туындап кетіп жатады. Әлеуметтік желі адам баласына өзін көрсетудің, өзінің қоғамдағы орнын белгілеудің құралы болып отыр. Бұл, бір жағынан, адамның қоғамда болып жатқан мәселеге бей-жай қарамайтынын білдіріп, қоғам өміріндегі өзінің орны мен рөлін айқындаудың көмекші құралы іспеттес болғанымен, екінші жағынан, қоғамдық пікір қалыптастыруға, басқаның психикасына әсер ету құралына айналуда. Бұл, әсіресе, санасы әлі дұрыс қалыптаса қоймаған жас жеткіншектер үшін аса қауіпті.

Әлеуметтік медианың жағымды эмоциялар туғызу, әдемі мінез-құлықтарды көрсету сияқты о бастағы шартты механизмі бұзылған. Мәселен, «адамдарға достық қарым-қатынаста коммуникация орнату мақсатында құрылған Facebook әлеуметтік желісі қазір «Meta» деп аталатын визуалды контент әлемінің монополисіне айналып отыр. Онда қазір достық қарым-қатынастан гөрі саяси, қоғамдық тақырыптар, соғыс тақырыбы, билік тармақтарынан бастап, оппозициялық көзқарастағы ойлар ашық білдірілетін мәселелер көбеюде» [4]. Бұл адам психологиясына, адам санасына кәдімгідей әсер ететінін білсек керек.

Әлеуметтік желілердің қоғамдық санаға қазіргідей ықпал етуіне байланысты мәселелер Э.Тоффлердің [5], М.Кастельстің [6], М.Маклюэннің [7], П.Уоллейстің [8], Бейбриж Жейсон, Гок Никола, Тайнан Лиздің [9] еңбектерінен кездестіреміз. Әлеуметтік желілердің саяси үдерістегі мүмкіндіктерін зерттеген Н.С.Бондарев [10], Е.В. Шапкина [11], Ли Энн Пек, Гай С. Рилл [12], Чэнь Ди [13], С.Ю.Протасовтың [14], сонымен қатар Н.И. Касперскаяның («Проблема деструктивных движений в Рунете», 2018); Л.В. Баеваның («Экзистенциальные ценности и риски в электронной культуре», 2018) және М.В. Берендеевтің («Молодёжь и политика в цифровую эпоху социальных медиа», 2017) ғылыми еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Сол

сияқты медиа, медиамәтіндер жайында П. Гиллин (Gillin, 2007), Дж. Торнли, А.М. Каплан и М. Хенлейн (Kaplan, Haenlein, 2010: 59-68), Я.Кицман, К.Хермкенс, Я.Маккарти, Б.Сильвестр сияқты шетелдік және Л.Р. Дускаева, Н.Б. Кириллова, А.П. Короченский, А.В. Федоров, Н.В. Чичерина, Т.В. Шмелева және т.б. орыс ғалымдары мен зерттеушілерінің біршама ғылыми еңбектері бар. Қазақ медиамәтіндері тілінің зерттелуіне келсек, Н.Қарашева «Айқап» журналы тілінің грамматикалық ерекшеліктерін, Б.Әбілқасымов газет тілінің фонетикалық-орфографиялық жүйесін, лексикасы мен грамматикалық ерекшеліктерін қарастырған (кандидаттық диссертация), О.Бүркітов «Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі» (кандидаттық диссертация), Б.Қ. Момынова «Қазақ газеттерінің лексикасы: жүйесі мен құрылымы», М.Мұқашева «Научно-популярная периодика Казахстана: истоки, становление и перспективы развития», Ф.З. Жақсыбаева «Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығатын газет материалдары бойынша)», Қ.Ө. Есенова «Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде)», А.Алдашева «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар», Н.Ж. Дәулеткереева «Газет баспасөзіндегі қайталамалардың прагматикалық мәні» атты еңбектері бар. Алайда еңбек атауларынан көріп отырғанымыздай, бұл еңбектердің басым көпшілігінде қазақ баспасөзі тілінің грамматикалық, стилистикалық, лексика-семантикалық және жанрлық т.б. мәселелері қарастырылған.

Қазіргі кезде медиамәтін лингвистика, философия, журналистика және педагогика тұрғысынан да зерттелуде. Осыған орай, *медиалингвистика, медиастилистика, медиамәдениет, медиасын, медиақұрылым* сияқты терминдер дүниеге келді.

Талқылау

Л.С. Вартанова XXI ғасырда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен олардың негізінде құрылған әлеуметтік медианың дамуы жалпы әлеуметтік-мәдени кеңістіктің күрт өзгеруіне және адамның ерекше түрі – «медиа адамның» пайда болуына әкелгенін айтады [15]. Ғалымның пікіріне сүйенсек, «медиа адамға» журналисті де, медиа манипуляторларды да, әлеуметтік желіден түспейтін оқырманды да (комментарийші, блогер) жатқызуға болады. Бұлардың қай-қайсысы да медиамәтін төңірегінде орны бар адамдар. Ондай пікірлер, медиамәтінге деген қызығушылықтың бірнеше себептері бар. Соның бірі – медиамәтіндердің тақырыбы, медиамәтіндегі сөз қолданыстар.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы медиамәтіндер сияқты әлеуметтік желідегі мәтіндер мен хабарламалардың авторлары да өз мақсатына сай тілдік формаларды, тіпті мәтін тақырыбын арнайы таңдап алады. Сол себепті оны адресаттың мақсатты түрде жүзеге асырған әрекетінің жемісі, нәтижесі деуге болады. Медиамәтінде белгілі бір сөздерді арнайы таңдаудан бастап кон-

текст пен екпінді өзгертуге дейін әртүрлі формалар, тілдік, визуалды және құрылымдық тәсілдер қолданылады. Оны медиамәтіндік қолданыс деп атайды. Бұқаралық ақпарат құралдарында автор оқырман назарын өзіне аударту, соның негізінде мәтінді оқитындар қатарын көбейту, мақаланы оқып шығуға «мәжбүр ету», оқырманға прагматикалық әсер ету, медиамәтінінің қабылдану қарқындылығын күшейту және (немесе) жасырын түрде оқырманына ой тастау, оның санасын жаулау мақсатымен мәтін тақырыбын және мәтін жазуда эмоционалдық бояуы қанық, бедерлі оралымдарды, тілдік формаларды әдейіден таңдап алатын болса, әлеуметтік желіде эмоция басымдық танытады. Онда блогерлер әдейіден адам психикасына әсер ететін, шамбайына тиетін тақырыптарды көтереді. Мұнда гендерлік саясат, ұрпақтар қайшылығын тудыру, эгоизмді насихаттау мақсатында «жалған психологтар» адам санасын билеп жататын тұстар жиі ұшырасады. Соңғы кезде қоғамдағы адамдардың белгілі бір пікірін немесе мінез-құлқын, агрессиясын қалыптастыру мақсатымен қасақана, астарлы оймен, жаман пиғылмен арнайы жазылатын медиамәтіндер көбейіп бара жатқанын айтуымыз қажет. Осы тұрғыдан алғанда медиамәтінді автор интенциясы жасырын жататын сөзжұмсамдық әрекет формасы деуге болады. Ондай мәтіндердің авторын *манипулятор*, ал медиамәтінді *манипуляциялық медиамәтін* деп атаймыз.


Манипуляциялық медиамәтіндер бүгінде ғалымдардың назарын өзіне аударуда. Оларды зерттеу, әсіресе, жалған жаңалықтар мен жалған ақпарат контекстінде өзекті. Демек, бүгінгі күні білім беру мекемелерінде медиасауаттылық мәселесінің қолға алынуы тегін емес. Қазіргі кезде мектептен бастап бүкіл оқу орындарында медиасауаттылық курстары жүргізілу қажеттігі туындап отыр. Кей мектептер ондай курстарды жүргізіп, бұл істі бастап та кетті. Қоғам қауіпсіздігі мен ізгілігін сақтап қалуда бұл – дұрыс және өте маңызды шаралардың бірі. Яғни, медиасауаттылық ұғымының маңызы бұрынғыдан да артып отыр. Жалған ақпаратқа сенудің салдары қиын жағдайларға әкеп соғатындықтан, бүгінде әрбір адамның медиасауатты болуы аса маңызды. А.И. Соловьев атап өткендей, білім беру мекемелеріне енгізілген медиа сауаттылық бағдарламалары адамдарға манипуляциялық техниканы тануға және жалған ақпаратты ажырата алуға көмектеседі. Оқушы әр оқылған мәтінге сыни көзқараспен қарап үйренеді [16]. Жастардың сыни көзқарасы егде жастағыларға қарағанда әлдеқайда жоғары екендігін айтуымыз керек. Оған әртүрлі жас ерекшелігі бар респонденттердің арасында біз жүргізген сауалнама нәтижесі дәлел болып отыр.

Нәтижелер


Сауалнама екі категория арасында жүргізілді: бірі – он жеті-жиырма жас аралығындағы студент жастар, екіншісі – елу-алпыс жас аралығындағы

адамдар. «Егеменді Қазақстан» газеті мен әлеуметтік желі арқылы (Тік-ток, инстаграмм және т.б.) таратылатын медиамәтін беріліп, респондентке мәтін қалай әсер еткені сұралды.

Қараңыз: 50-60 жас аралығындағы респонденттердің жауабы



17-20 жас аралығындағы респонденттердің жауабы



Сауалнама нәтижесі жастардың көбі берілген мәтінді жай ғана қабылдағанын көрсетсе, егде жастағы адамдарға эмоционалдық тұрғыда әсер еткені анықталды. Қалай болғанда да медиамәтіндік манипуляциялар аудиторияның белгілі бір пікірін немесе мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған фактілердің қасақана бұрмаланған көріністерін білдіреді. Медиамәтін басқа адамдарға әсер ету тұрғысынан психология актісімен шендеседі. Медиамәтінде әсер етудің прагматикалық стратегиялары жүзеге асырылады.

XX ғасырдың ортасында канадалық философ және мәдениеттанушы Г.М. Маклюэн медиа ортаның адам мәдениеті мен өмірлік құндылықтарына әсер ететінін айтқан болатын (Маклюэн, 2003). Демек, медиамәтін – тіл қызметінің маңызды бірлігі ретінде екі түрлі қызмет атқарады. Бір жағынан, жеке тұлғаның ақпарат алу, іздеу, виртуалды қарым-қатынас жасау, ақпаратты тарату қажеттіліктерін қанағаттандырады. Екінші жағынан, пайдаланушылардың мүдделерін, қажеттіліктері мен мінез-құлқын қашықтан және анонимді басқарады.

Қоғамдық санаға әсер ететін манипуляциялық медиамәтіндерде автор қандай да бір тілдік бірліктерді адамдардың (оқырманның) ақпаратты автор өзі

қалағандай түсінуі, қабылдауы үшін, яғни адам санасын, психологиясын жаулау, яки манипуляциялау мақсатымен қолданылады.

Зерттеуші О.М. Левина манипуляциялық медиамәтіндерді ондағы тілдік бірліктердің қолданысына қарай төмендегіше жіктеуге болатынын айтады:

1. Лексикалық манипуляция: қоғамдағы адамдарды манипуляциялау мақсатымен белгілі бір бейнені жасауда немесе пікір қалыптастыруда эмоционалды бояма сөздер мен сөз тіркестерін қолдану.

2. Синтаксистік манипуляция: ұғымның, түсініктің бұрмалануына әкелеу мақсатымен сөйлем құрылымын өзгерту. Синтаксистік манипуляциялар мәлімдеменің құрылымына қатысты. Ғалым М.Каплан (2015) өзінің «Тіл және манипуляция» атты еңбегінде: «Сөздердің ретін өзгерту немесе күрделі конструкцияларды қолдану арқылы ақпараттың (мәтіннің) мәнін бұрмалауға болатынын және ол өз кезегінде хабарламаны оқырманның мәтін авторы ойлағандай қабылдауына, түсінуіне әсер ететінін айтады.

3. Контекстік манипуляция: жалған ассоциациялар тудыру мақсатымен контекстен тыс фактілерді ұсыну.

4. Визуалды (көрнекі) манипуляция: көзбен көріп, ойша топшылап қабылдауды алдау мақсатында кескіндер мен сызбаларды (графиктерді) қолдану [17].

Біз ғалымның мұндай жіктемесіне эмоционалды манипуляцияны қосар едік. Медиамәтіндерде эмоционалды бояма сөздерді қолдану берілген ақпаратқа бірден мән беруге, сондай-ақ оқырманның қандай да бір пікірінің (қарсылық пікір, ашу-ыза) қалыптасуына ықпал етеді, яғни оқырманға эмоционалдық тұрғыдан қатты әсер етіп, оның сол мәселеге бірден реакциясын тудыруы және белсенділік деңгейін жоғарылатуы әбден ықтимал. Оған ықпал етіп отырған хабарламалардың эмоционалды бояуы. Ол, әрине, оқырманның аялық біліміне, өскен және қарым-қатынас ортасына, сондай-ақ, оқырманның эмоционалдығына (сезімге берілгіштік қасиетіне), сын тұрғысынан ойлай білу қабілетінің болу-болмауына байланысты болады. Жалпы, медиамәтіндік манипуляциялардың қоғамдық пікірге әсер ету тетіктері әртүрлі болады. Белгілі журналист, саясаткер және әлеуметтанушы У.Липпман (2010) өзінің «Қоғамдық пікір» деген монографиясында біржақты пікір қалыптастыру және фактілерді қабылдау манипуляциясының «модельдері» қалай құрылатынын сипаттай келе, **қоғамдық пікірге әсер ету тетіктеріне мыналарды жатқызады:**

- когнитивті бұрмалаулар;
- эмоционалдық тұрғыдан ықпал ету;
- әлеуметтік дәлел [18].

Қоғамдық пікірдің қалыптасуына әсер ететін манипуляциялар бұрмаланған танымды, түсінікті тудырары сөзсіз. Ұсынатын тақырыптарды таң-

дау, дәйексөздер мен визуалды эмоционалды бейнелерді қолдану ақпаратты (оқиғаны) қабылдауды айтарлықтай өзгерте алатындығын көруге болады. Мысалы, теріс коннотациясы бар тақырып оқырманның көтеріп отырған мәселеге деген үрейін тудыруы немесе ұнатпау, жек көру сезімдерін оятуы әбден ықтимал. Медиамәтінде (хат-хабарламаларда) авторлар әдейіден бірнеше жалған (ойдан жасалған) әлеуметтік дәлелдер келтіруі әбден ықтимал. Мәтінде әлеуметтік дәлелдер, көпшіліктің пікірі берілген кезде оқырманның ақпаратқа деген сенімін арттырады. Соның негізінде оқырман, иә тыңдарман манипулятордың «қармағына» қалай ілігіп қалғанын өзі де сезбей қалады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, әлеуметтік желі тек уақытты ғана ұрлап қоймайды, оның пайдалы жағымен қатар зиянды жағы да көп екендігін естен шығармау қажет. Әлеуметтік желі уақытты ұрлайтынын біле тұра одан бас тарта алмасымыз да анық. Дегенмен де, ішкі ділі мықты адам оның құрбаны болмайтынын да білсек қажет. Алайда ондай адамдар салыстырмалы түрде әзірше аз. Ондай дәрежеге жету үшін не істеу қажет? Біріншіден, адамның алдына қойған мақсаты болуы тиіс. Екіншіден, ертеңгі күнін жоспарлауы қажет. Мақсатына жетуге бекінген адам жоспарға сай әрекет етеді, оның әлеуметтік желіде отыруға уақыты болмайды. Көптеген адамдар әлеуметтік желілерде көп уақытын босқа өткізіп, шынайы міндетін ұмытып кетеді немесе кейінгіге шегеріп жатады. Одан сақтану үшін «Әрекет түбі – берекет» деген мақалды өзіне ұран ету қажет. Қазақ қоғамында адамдар әлеуметтік желі арқылы өзінің байлығын, керемет өмір сүріп жатқанын жариялауды сәнге айналдырған. Ішкен асы мен киген киімінен бастап, мінген көлігі, тұрып жатқан зәулім үйлерін жарнамалап жатады. Әрине, мұның жақсы жағы да жоқ емес. Ол, бір жағынан, жастарымыздың жақсы өмірге ұмтылуына себепші болып жатса, екінші жағынан, олардың рухани баю жолынан алшақтауына, оқып жатқан білімін тереңдетуден гөрі табыс табуды бірінші орынға қоюына себепкер болып отыр. Жоғары оқу орнында оқып жатқан жастарымыздың көбі кітапханаға, қоғамдық шараларға, олардың рухани баюы жолында ұйымдастырылып жатқан шараларға қатысудан қашқақтап, жұмыстарына барады. Студенттік шақтың бір-ақ рет берілетінін, енді ондай мүмкіндіктің болмайтынын қаперіне де алмайды. Екіншіден, әлеуметтік желіден көрген кереметі көріп өзін бақытсыз сезініп, өзін төмен бағалап, ішкі күйзеліске түсіп жатқандар қаншама.

Жалпы адам санасын билеу, қоғамдық пікір қалыптастыру жолында әлеуметтік желелердің рөлі жоғары. Медиамәтіндік манипуляциялар ақпараттың объективтілігіне күмән тудырып, қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал етіп, ел арасында алауыздық болып, бірлік жоғалары анық. Сондықтан да цифрлық техника мен технологиялар қарқынды дамып отырған қазіргі ақпараттық

қоғамда медиамәтіндерді және медиамәтіндік манипуляцияларды зерттеу өзекті тақырып болып қала бермек. Ал ұлағатты ұрпақ, ұлттық мүддені дұрыс айқындау мақсатында төмендегедей ұсыныстар ұсынамыз:

• әлеуметтік желелерді мақсатты, саналы қолдану мәдениетін қалыптастыру (өзіңізге «болды», «жеткілікті» деп айта білу);

• білім беру мекемелерінде ақпаратты талдау дағдыларын дамытуға бағытталған бағдарламалар негізінде «Медиа сауаттылық курстарын өткізуді одан әрі жалғастыру;

• балалар мен жастарға интернет этикасын үйрету;

• манипуляциялық әсерлерден қорғану мақсатында ақпаратты саналы түрде сыни ой арқылы қабылдауды үйрену (әсіресе, егде жастағыларға әлеуметтік желіде берілген әр ақпаратқа сене бермеу қажеттігін айту);

• манипуляцияларға қарсы тұру үшін ақпараттың ашықтығы мен сенімділігін қамтамасыз ететін медианы қолдау;

• позитивті контентті көбейту.

Әдебиеттер

1. Gnatik, Ekaterina N. Digital Transformation of Socio-Technological Reality: Problems and Risks / RUDN Journal of Philosophy, Open Access. Volume 28, Issue 1, Pages 168-180.– 2024. URL: https:// www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85189949448&origin= resultslist&sort=plf-f&src=s&sid=d5975fef9692ed0272aec8f6de7e8836&sot=b&sdt=b&s= TITLE-ABS%20KEY%28The+influence+of+social+net works+on+public+consciousness%29& sl=71&sessionSearchId=d5975fef9692ed0272aec8f6de7e88%2036&relpos=1(Accessed:1.06.26)

2. Қалдыбаева, Т. Әлеуметтік сана – қоғамды жаңғыртып дамытудың басты қозғаушы күші// Ақиқат. 17 мамыр, 2018.

3. Ақабаева, М.О. Медиамәтін – әлемнің медиабейнесін жасаушы негізгі фактор// file:///C:/Users/banu0/Downloads/421 -2632-1-10-20221228%20(3).pdf

4. Әшірбекова, Г., Берекетова А., Жақсылық А. Әлеуметтік желілердің қоғамдық санаға әсері//Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы ISSN: 2616-7174. eISSN: 2663-2500 12 №2(147)/2024. -9-23 б.

5. Тоффлер, Э. Третья волна. -Астана: ООО «Фирма «Издатетьство АСТ», 2004. - 261 с.

6. Кастельс, М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура. – Москва: «ГУ ВШЭ», 2000. – 606 с.

7. Маклюэн, М. Понимание медиа: внешние расширения человека. –Москва: «Канон-Пресс», 2003. - 464 с.

8. Уоллейс, П. Интернет психологиясы. – Астана: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, [Электронды ресурс]. – 2019. -356 б. URL: https://openu.kz/kz/process/internet-psihologiyasy/ guest/lesson/1884. (қаралған күні: 05.06.2026).

9. Бейнбриж, Ж., Гок Н., Тайнан Л. Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. -592 б.

10. Бондарев, Н.С. Социальные медиа в современных политических процессах: технологии и ресурсы влияния /Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата политических наук. – М., 2014.

11. Шапкина, Е.В. Интернет в системе массовой информации о особенности его восприятия вобщественном сознании//Вестник Кемеровского государственного университета, – 2015. -№2 (62). – Т. 2. – С.95.

12. Ли, Энн Пек, Гай С. Рилл Медиаэтика. Жас мамандар тәжірибесінен. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы», 2018. -304 б.

13. Чэнь, Ди Социальные медиа в решении актуальных общественно-политических проблем//Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата политических наук, – СанктПетербург, 2015.

14. Протасов, С.Ю. Влияние социальных сетей массовое сознание и роль психоанализа как философскометодологического решения проблемы и их взаимоотношений / Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидаты философских наук. – Улан-Удэ, 2022.

15. Вартанова, Е.Л. Теория СМИ: Актуальные вопросы. – М.: МедиаМир, 2009.

16. https://cyberleninka.ru/article/n/massmedia-i-blogi-traditsionnaya-i-grazhdanskaya-zhurnalistika-vzaimodeystvie-i-dopolnenie-drug-druga

17. Левина, О.М. Межкультурная коммуникация в условиях манипулятивного воздействия: адекватное восприятие скрытого содержания адресанта /О.М. Левина//Язык и коммуникация в контексте культуры. – Киров: Изд-во МЦИТО, 2019. – С. 124-128. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://elibrary.ru/item.asp?id =3853132.

18. Липпман, У. Общественное мнение/Пер. с англ. Т.В. Барчуновои Редакторы перевода К.А. Левинсон, К.В. Петренко. – М.: Институт Фонда «Общественное мнение», 2004. – 384 с.

Г.К. РЕЗУАНОВА[1], В.А. ШНАЙДЕР[2], М.К. ЕРТАЕВА[3]
Международный университет Астана [1, 2]
Университет «Туран-Астана» [3]

РОЛЬ МЕДИАТЕКСТОВ В ФОРМИРОВАНИИ ОБЩЕСТВЕННОГО МНЕНИЯ

Аннотация. В этой статье речь пойдет об информации, распространяемой через социальные сети, как о современном информационном пространстве. Рассматривается влияние, то есть манипулятивная роль информации, текста, распространяемого через социальные сети, на сознание человека, общественное мнение. Анализируются основные виды манипуляций и механизмы их влияния на общественное мнение, а также возможности и способы их противодействия.

Цель исследования – анализ механизмов воздействия медиатекстов на сознание и психику человека, а также классификация основных видов медиаманипуляции (лексическая, синтаксическая, контекстная, визуальная, эмоциональная). В ходе работы применялись методы сбора и анализа статистических данных, сравнительный анализ традиционных СМИ и социальных медиа, а также социологический опрос среди респондентов разных возрастных категорий. Результаты опроса показали, что молодежь проявляет более высокий уровень критического мышления при восприятии информации, тогда как старшее поколение более склонно к эмоциональному реагированию на медиатексты. В заключении авторы предлагают практические рекомендации по противодействию манипуляциям: внедрение курсов медиаграмотности в учебных заведениях, обучение интернет-этике и увеличению позитивного контента в цифровом пространстве.

Ключевые слова: социальные сети, текст, медиа манипуляция, воздействие, формирование общественного мнения.

G.K. REZUANOVA[1], V.A. SCHNEIDER[2], M.K. YERTAEVA[3]
Astana International University [1, 2]
Turan-Astana University[3]

THE ROLE OF THE SOCIAL NETWORK IN SHAPING PUBLIC OPINION

Annotation. This article will focus on information disseminated through social

media as a modern information space. The influence, that is, the manipulative role of information, text distributed through social networks, on human consciousness and public opinion is considered. The main types of manipulation and the mechanisms of their influence on public opinion are analyzed, as well as the possibilities and ways to counter them.

The aim of the study is to analyze the mechanisms through which media texts influence human consciousness and psychology, as well as to classify the main types of media manipulation (lexical, syntactic, contextual, visual, and emotional). The methodology incorporates statistical data collection and analysis, a comparative analysis between traditional mass media and social media, and a survey conducted across different age groups (17–20 and 50–60 years old). The survey findings reveal that younger audiences demonstrate a higher degree of critical thinking when processing information, whereas older respondents are more susceptible to emotional reactions to media texts. In conclusion, the authors provide recommendations to counter media manipulations, including the integration of media literacy programs in educational institutions, promoting digital ethics, and encouraging the generation of positive online content.

Keywords: social network, text, media manipulation, impact, formation of public opinion.

References

1. Gnatik, Ekaterina N. Digital Transformation of Socio-Technological Reality: Problems and Risks / RUDN Journal of Philosophy, Open Access. Volume 28, Issue 1, Pages 168-180.– 2024. URL: https:// www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85189949448&origin= resultslist&sort=plf-f&src=s&sid=d5975fef9692ed0272aec8f6de7e8836&sot=b&sdt=b&s= TITLE-ABS%20KEY%28The+influence+of+social+net works+on+public+consciousness%29& sl=71&sessionSearchId=d5975fef9692ed0272aec8f6de7e88%2036&relpos=1(Accessed:1.06.26)

2. Qaldybaeva, T. Äleumettık sana – qoğamdy jañğyrtyp damytudyñ basty qozğauşy küşı// Aqiqat. 17 mamyr, 2018.

3. Aqabaeva, M.O. Mediamätın - älemnıñ mediabeinesın jasauşy negızgı faktor// file:///C:/Users/banu0/Downloads/421 -2632-1-10-20221228%20(3).pdf 4. Äşırbekova, G., Bereketova A., Jaqsylyq A. Äleumettık jelılerdıñ qoğamdyq sanağa äserı//L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ūlttyq universitetınıñ Habarşysy. Jurnalistika seriasy ISSN: 2616-7174. eISSN: 2663-2500 12 №2 (147) /2024. -9-23 b.

5. Toffler, E. Tretä volna. -Astana: OOO «Firma «İzdatetstvo ACT», 2004. - 261 s.

6. Kastels, M. İnformasionnaia epoha: ekonomika, obşestvo i kültura. – Moskva: «GU VŞE», 2000. – 606 s.

7. Maklüen, M. Ponimanie media: vneşnie rasşirenia cheloveka. –Moskva: «Kanon-Pres», 2003. - 464 s.

8. Uolleis, P. İnternet psihologiasy.- Astana: «Ūlttyq audarma bürosy» qoğamdyq qory, [Elektrondy resurs]. – 2019. -356 b. URL: https://openu.kz/kz/process/internet-psihologiyasy/ guest/lesson/1884. (qaralğan künı: 05.06.2026).

9. Beinbrij, J., Gok N., Tainan L. Media jäne jurnalistika: teoria men praktikağa jaña közqaras. – Almaty: «Ūlttyq audarma bürosy» qoğamdyq qory, 2019. -592 b.

10. Bondarev, N.S. Sosiälnye media v sovremennyh politicheskih prosesah: tehnologii i resursy vliania /Avtoreferat disertasii na soiskanie uchenoi stepeni kandidata politicheskih nauk. - M., 2014.

11. Şapkina, E.V. İnternet v sisteme masovoi informasii o osobenosti ego vospriatia vobşestvennom soznanii//Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta, - 2015. -№2 (62). - T. 2. - S.95.

12. Li, Enn Pek, Gai S. Rill Mediaetika. Jas mamandar täjıribesınen. - Almaty: «Ūlttyq audarma bürosy», 2018. -304 b.

13. Chen, Di Sosiälnye media v reşenii aktuälnyh obşestvenno-politicheskih problem//Avtoreferat disertasii na soiskanie uchenoi stepeni kandidata politicheskih nauk, - SanktPeterburg, 2015.

14. Protasov, S.İu. Vlianie sosiälnyh setei masovoe soznanie i röl psihoanaliza kak filosofskometodologicheskogo reşenia problemy i ih vzaimootnoşeni / Avtoreferat disertasii na soiskanie uchenoi stepeni kandidaty filosofskih nauk. - Ulan-Ude, 2022.

15. Vartanova, E.L. Teoria SMİ: Aktuälnye voprosy. – M.: MediaMir, 2009.

16. https://cyberleninka.ru/article/n/massmedia-i-blogi-traditsionnaya-i-grazhdanskaya -zhurnalistika-vzaimodeystvie-i-dopolnenie-drug-druga

17. Levina, O.M. Mejkülturnaia komunikasia v usloviah manipulätivnogo vozdeistvia: adekvatnoe vospriatie skrytogo soderjania adresanta /O.M. Levina// İazyk i komunikasia v kontekste kültury. – Kirov: İzd-vo MSİTO, 2019. – S. 124-128. [Elektronnyi resurs]. – Rejim dostupa: https://elibrary.ru/item.asp?id =3853132.

18. Lippman, U. Obşestvennoe mnenie/Per. s angl. T.V. Barchunovoi Redaktory perevoda K.A. Levinson, K.V. Petrenko. -M.: İnstitut Fonda «Obşestvennoe mnenie», 2004. -384 s.

Авторлар туралы мәлімет:

Резуанова Ғалияпану Қабиевна – ф.ғ.к., Астана халықаралық университетінің профессоры;

Резуанова Галияпану Кабиевна – к.ф.н., профессор Международного университета Астана;

Rezuanova Galiyapanu Kabievna – The candidate of philological sciences., Professor at Astana International University.

Шнайдер Владимир Александрович – ф.ғ.к., Астана халықаралық университетінің профессоры;

Шнайдер Владимир Александрович – к.ф.н., профессор Международного университета Астана;

Schneider Vladimir Aleksandrovich – The candidate of philological sciences, Professor at Astana International University.

Ертаева Марал Қабдрашевна – филология магистрі, «Тұран-Астана» университетінің аға оқытушысы;

Ертаева Марал Кабдрашевна – магистр филологии, старший преподаватель университета «Туран-Астана»;

Yertaeva Maral Kabdrashevna – Master of Philology, Senior Lecturer at Turan-Astana University.

ҒТАХР 16.21.55
DOI

А.Б. ТОЛЕУОВА[1], А.Б. ТӨЛЕУ[2]
Үштерек ауылындағы №2 орта мектебі[1],
«Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ,[2]
(e-mail: toleuainur@gmail.com[1], ziyaly.03.03@mail.ru[2])

ҚАЗАҚ ЫМ-ИШАРА ТІЛІ МЕН ДАКТИЛЬ ӘЛІПБИІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ: ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тіліндегі ым-ишара тілі мен дактиль әліпбиінің лингвистикалық және әлеуметтік ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – ым-ишара тілінің табиғатын, оның кинетикалық тілден айырмашылығын және дактиль әліпбиінің коммуникациялық жүйедегі орнын ғылыми тұрғыдан сипаттау. Мақалада ым-ишара тілінің визуалды кеңістіктегі тілдік жүйе екені, оның грамматикалық құрылымы, лексикалық қоры және синтаксистік ерекшеліктері бар толыққанды тіл екені талданады. Сонымен қатар ым-ишара тілі мен кинетикалық тілдің айырмашылығы салыстырмалы түрде көрсетіліп, олардың функциялық ерекшеліктері анықталады. Зерттеу

барысында дактиль әліпбиінің ым-ишара тіліндегі рөлі, яғни дыбыстық тілдің әріптік жүйесін қол қимылдары арқылы бейнелейтін орфографиялық құрал ретіндегі қызметі сипатталады. Мақалада шетел мемлекеттеріндегі ым-ишара тілінің қолданылу тәжірибесі, оны заңнамалық тұрғыдан мойындау үрдістері және инклюзивті білім беру жүйесіндегі маңызы қарастырылған. Сонымен қатар Қазақстандағы есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдардың ым-ишара тілі мен дактиль әліпбиін қолдану тәжірибесіне талдау жасалады. Зерттеу нәтижесінде қазақ ым тілін ұлттық тілдік жүйе ретінде ғылыми тұрғыдан зерттеу, қазақ тілінің фонетикалық және мәдени ерекшеліктеріне сәйкес дактиль әліпбиін жетілдіру және білім беру мен қоғамдық коммуникация салаларында оның қолданылуын кеңейту қажеттілігі айқындалады.

Түйін сөздер: ым-ишара тілі, дактиль әліпбиі, кинетикалық тіл, есту қабілеті бұзылған адамдар, инклюзивті коммуникация, тілдік құқықтар, қазақ ым тілі.

Кіріспе

Ым-ишара тілі (Sign Language) – есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдар арасында қарым-қатынас жасау үшін қолданылады. Ол қол қимылдары, дене қозғалысы, бет мимикасына мағына дарытқан толыққанды визуалды-кинетикалық тілдік жүйе. «Дыбыстық тілдер секілді ым-ишара тілін де грамматикалық құрылым (синтаксис, морфология) бар».[1] Сонымен қатар, ым-ишара тілінің әр халыққа тән ұлттық немесе аймақтық ерекшеліктері бар. (мысалы: American Sign Language – ASL, Қазақ ым тілі – ҚЫТ). Ым-ишара тілі – аудитивті (есту) каналының орнына визуалды-кеңістіктік каналын пайдаланатын табиғи тіл. «Бұл тіл “ым (gesture)”, “ишара (gesture)”, “мимика (facial expression)”, “кеңістікті пайдалану (spatial grammar)” элементтерінің жиынтығынан тұрады» [2]. Дыбыссыз болса да, ым-ишара тілі қол, дене, бет мимикасы арқылы сөйлейтін нақты тілдік жүйесі бар коммуникация құралы. Ым тілі мен кинетикалық тілдің айырмашылығы бар. Сондықтан екі ұғымды бір деп қабылдауға болмайды. Ым-ишара тілі – кинетикалық тіл элементтерін жүйеге келтіріп, тіл дәрежесіне дейін дамыған ерекше форма. Ал, кинетикалық тіл – табиғи, бейсаналы қимыл-қозғалыс арқылы мағына білдіру. Сондықтан ғылыми термин ретінде түсінікті болуы үшін ым-ишара тілі деп қолданылады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, қазіргі таңда әлем халқының 5%-дан астамы (шамамен 430 миллион адам, оның ішінде 34 миллион бала) есту қабілетінің бұзылуымен өмір сүруде [3].

Қазіргі ақпараттық қоғамда еститін адамдар мен саңыраулар қауымдастығы арасындағы қарым-қатынастың негізгі екі жолы бар: олар мәтін және ым-ишара тілі. Ым-ишара тілін жүйелі түрде меңгеру және оның мемлекет

тарапынан ресми мойындалуы мынадай мүмкіндіктерге жол ашады: есту қабілеті төмен адамдарға білім алу, олардың еңбекке және мәдени өмірге тең құқылы түрде қатысу.

Қазақстандағы жағдайға келсек, қазақ ым-ишара тілі (ҚОЫТ) тарихи тұрғыдан кеңестік кезеңде қалыптасқан орыс ым тіліне негізделгендіктен, жиі соның диалектісі немесе нұсқасы ретінде қарастырылып жүр. Алайда қазақ тілінің өзіндік фонетикалық табиғаты (артикуляциясы, үндестік заңдылығы), агглютинативті грамматикалық құрылымы және ұлттық-мәдени ерекшеліктері орыс тілінен мүлдем бөлек. Осыған орай, ұлттық ым тілін дербес лингвистикалық жүйе ретінде ғылыми тұрғыдан негіздеу және қазақ тілінің заңдылықтарына сай келетін дактиль әліпбиін жетілдіру – отандық ғылым мен инклюзивті қоғамның алдында тұрған кезек күттірмейтін маңызды міндеттердің бірі.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу барысында сапалық зерттеу әдістері қолданылды. Атап айтқанда, ым-ишара тілі мен дактиль әліпбиіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге, халықаралық ұйымдардың есептері мен нормативтік-құқықтық құжаттарына контент-талдау жүргізілді. Зерттеу материалы ретінде лингвистика, арнайы педагогика, дефектология және инклюзивті білім беру салаларындағы ғылыми еңбектер, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (WHO), Біріккен Ұлттар Ұйымының (UN), Дүниежүзілік саңыраулар федерациясының (World Federation of the Deaf) ресми деректері, сондай-ақ әртүрлі мемлекеттердің ым-ишара тілін құқықтық тұрғыдан тану тәжірибесіне қатысты жарияланған материалдар пайдаланылды.

Зерттеу логикалық тұрғыдан бірнеше сатыға бөлініп жүргізілді. Бірінші кезеңде сипаттамалық әдіс негізінде ым-ишара тілінің лингвистикалық табиғаты, оның грамматикалық және коммуникативтік ерекшеліктері талданды. Екінші кезеңде салыстырмалы-талдамалық әдіс арқылы ым-ишара тілі мен кинетикалық тілдің құрылымдық және функционалдық ерекшеліктері сараланды. Бұл әдіс сондай-ақ қазақ тіліндегі дактиль әліпбиінің қазіргі жай-күйін халықаралық тәжірибедегі ұлттық ым тілдері мен дактиль жүйелерімен салыстыру үшін де маңызды болды. Үшінші кезеңде жүйелеу және жинақтау әдістері арқылы халықаралық тәжірибеде қалыптасқан инклюзивті тілдік саясаттың негізгі бағыттары анықталды. Алынған мәліметтерді кешенді талдау нәтижесінде қазақ ым-ишара тілін ұлттық тілдік жүйе ретінде дамытуға, қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне бейімделген дактиль әліпбиін жетілдіруге және оның қолданылу мүмкіндіктерін кеңейтуге қатысты ғылыми негізделген қорытындылар жасалды. Бұл әдіснамалық кешен зерттеу нысанын жан-жақты әрі объективті бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу материалдарын іріктеу барысында соңғы отыз жылдағы (1995 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі) отандық және шетелдік жарияланымдарға, нормативтік актілерге басымдық берілді. Бұл хронологиялық шеңбер халықаралық тәжірибеде ым-ишара тілдерінің ресми мойындалу үрдісінің басталуы мен қазіргі жай-күйін толық қамтуға мүмкіндік берді. Дереккөздерді таңдау критерийлеріне инклюзивті білім берудегі визуалды-кеңістік тілдердің рөлі, ұлттық дактиль жүйелерінің құрылымы және есту қабілеті бұзылған адамдардың тілдік құқықтарын қорғау мәселелері жатты. Сапалық әдіснаманы таңдау себебі – ым-ишара тілінің грамматикалық, морфологиялық және визуалды-кинетикалық табиғатын тек статистикалық сандармен емес, терең лингвистикалық және әлеуметтік талдау арқылы ғана ашып көрсетуге болатындығына негізделді.

Салыстырмалы-талдамалық әдісті қолдану аясында қазақ дактиль әліпбиінің 42 саусақ конфигурациясы мен орыс дактиль жүйесінің графикалық және артикуляциялық ерекшеліктеріне кросс-лингвистикалық сараптама жасалды. Сонымен қатар халықаралық деңгейде қабылданған тіл саясаты үлгілері (мысалы, Финляндия, Ирландия, Норвегия елдерінің тәжірибесі) Қазақстандағы қазіргі білім беру нормаларымен салыстырыла отырып, ұлттық инклюзивті ортаның мүмкіндіктері мен кемшіліктері анықталды. Бұл қадам қазақ ым-ишара тілінің тек коммуникациялық құрал ғана емес, заңнамалық тұрғыда қорғалуы тиіс ұлттық тіл жүйесі екенін дәлелдеу үшін маңызды рөл атқарды.

Зерттеудің объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында жиналған мәліметтер триангуляция (әртүрлі дереккөздерін өзара қиылыстыра тексеру) әдісімен жүйеленді. Атап айтқанда, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының және Дүниежүзілік саңыраулар федерациясының ресми статистикасы мен макродеректері жергілікті білім беру мекемелерінің (мысалы, Қазақстандағы ым тілін үйрететін 17 жоғары оқу орнының) тәжірибелік және тарихи мәліметтерімен ұштастырылды. Бұл тәсіл мақалада көтерілген мәселелердің тек теориялық шеңберде қалмай, қоғамдағы нақты инклюзивті қажеттіліктерді, соның ішінде әлеуметтік оқшауланудың алдын алу мен қос тілде білім беру жүйесін объективті бағалауға толыққанды жағдай жасады.

Талқылау

Ым-ишара тілін меңгеру мен оның ресми мойындалуы – есту қабілеті төмен адамдарға білім, еңбек пен мәдениетке тең қатысу құқығын беріп, қоғамға толық интеграциялануға жол ашады.

1. Кесте. Ым-ишара тілі мен кинетикалық тілдің салыстырмалы кестесі

Категория	Ым тілі (Sign Language)	Кинетикалық тіл (Kinesics)
Анықтама	Есту немесе сөйлеу қабілеті бұзылған адамдар үшін арнайы қалыптасқан толыққанды тіл. Өзінің грамматикасы, морфологиясы, синтаксисі бар.	Адамдар арасындағы вербалды емес (сөзсіз) қарым-қатынастың бір түрі. Оған қимыл-қозғалыс, мимика, дене тілі жатады.
Мысал	Американдық ым тілі (ASL), Қазақ-орыс ым тілі (ҚОЫТ), Француз ым тілі (LSF).	Бас изеу (келісуді білдіреді), иық көтеру (білмейтінін білдіреді), қабақ түю.
Функциясы	Тілдік мағынаны беру – ауызша тілдің толыққанды баламасы ретінде қызмет етеді.	Вербалды тілді толықтырып, сезім, эмоцияны білдіреді. Бірақ ол тіл ретінде емес, қарым-қатынас құралы ретінде қарастырылады.
Ресми түрде мойындалуы	Кейбір елдерде мемлекеттік/ресми тіл ретінде заңмен бекітілген.	Ресми тіл ретінде мойындалмайды, күнделікті қарым-қатынас деңгейінде қолданылады.
Ғылыми негіз	Лингвистика аясында зерттеледі, Чарльз Уилканд, Пэтти Смит, Уильям Стокое сынды ғалымдар зерттеген.	Психология мен антропология аясында зерттеледі. Эдвард Холл, Рэй Бёрдуистелл сынды зерттеушілер осы бағытта еңбек еткен.

Осы ым-ишара тілінің құрамдас бір бөлігі – дактиль әліпбиі. «Дактиль әліпбиі – дыбыстық тілдердің әріптік символдарын қол қимылдары арқылы бейнелейтін ым тілі ішіндегі жүйе. Ол көбінесе жалқы есімдер, терминдер және арнайы белгілер үшін қолданылады.» [4]. Дактиль әліпбиі ым тілінің лексикасы мен дыбыстық тілдердің жазба түрлері арасындағы көпір қызметін атқаратынын байқауға болады. Нақтырақ айтсақ, ақпаратты дыбыстық тіл арқылы қабылдап, есту каналдары арқылы дыбыстарды таңбаға айналдыратын адамдар мен кинетикалық ақпаратты қабылдап оны таңбаға айналдыратын адамдардың ортақ орфографиялық жүйесі – осы дактиль әліпбиі. Дактиль әліпбиі ым-ишара тілінің құрамында қолданылатын арнайы жүйе болғандықтан, онда әрбір әріп немесе дыбыстық таңба қолдың белгілі бір пішінімен көрсетіледі. Сондықтан қазақ тіліндегі дактиль әліпбиі саусақтардың 42 конфигурациясынан құралған, бұл – кирилл графикасындағы қазақ әріптерінің визуалды бейнеленуі. Төмендегі № 2 кестеде қазақ әліпбиінің дактиль әріптері көрсетілген.

2. Кесте. Қазақ тіліндегі дактиль әліпбиі



Қазақ тілінің дактиль әліпбиі (саусақпен әріптерді көрсету жүйесі) негізінен орыс тіліндегі дактиль әліпбиімен бірдей. Бұған бірнеше тарихи және практикалық себептер бар:

Қазақ ым-ишара тілі (ҚОЫТ) Кеңес Одағы кезінде қалыптасқан орыс ым тілі жүйесіне негізделген. Дактиль әліпбиі де сол кезеңде бірыңғай стандарт ретінде енгізілді.

Қазақ тілі мен орыс тілінің графикалық жүйесі (кириллица) бір болғандықтан, дактиль белгілері де ортақ.

Қазақ тіліндегі: ә, ө, ү, і, ң, ғ, қ, h дыбыстары үшін арнайы дактильдік-белгілер жасалмаған, олар орыс дактилінде жоқ, сондықтан бұл дыбыстарды көрсету үшін қосымша белгілер немесе сөздік түрде түсіндіру қолданылады. Лингвистер мен дефектологтар арасында бұл мәселе қызу талқыланады. Себебі мамандар қазақ тіліндегі дактиль әліпбиінің қазақтың дыбыстық ерекшелігін толық қамтымауы – ым-ишара тілін ресмилендірген кезде мәселелер туындатуы мүмкін.

Қазақстаннан тыс, шетелде ым-ишара тілдері мен дактиль әліпбилерін қолдану тәжірибесіне назар аударғанда, ғалымдар ақпарат ағыны көбейген ғасырда есту қабілеті бұзылған адамдардың қоғамнан оқшаулану мәселесі бұрынғыдан да өзекті бола түскенін айтады. Қазіргі кезде есту қабілеті бар адамдар мен саңырау қауымдастықтары арасындағы қарым-қатынастың екі-ақ жолы бар. Олар: мәтін және ым-ишара тілі. «Дүниежүзілік денсаулық

сақтау ұйымының есебіне сәйкес, бүкіл әлем халқының 5%-дан астамы нашар есту қабілетімен өмір сүреді. Бұл шамамен 430 миллион адам, оның ішінде 34 миллион бала бар» [3]. Сонымен қатар «әлем халқының жалпы саны шамамен 1 млрд адам есту қабілеті төмен деңгейде өмір сүрсе, шамамен 466 млн адамда жоғары деңгейлі саңырау мүгедектігі анықталған. 2050 жылға қарай 700 млн-нан астам адамға дейін, яғни әр 10-адамға есту қабілеті төмен болуы мүмкін деген болжам бар [5]. Бұл жай ғана дерек емес, әлемдегі қаншама адамның әртүрлі салада: мүмкіндігі мен құқықтық әлеуеті, әлеуметтік жағдайына байланысты шектеулер мен мәселелерге тап болатынын көрсетеді. Себебі есту қабілеті бұзылған адамдарда әлеуметтік оқшаулану, жұмыспен қамтылу жағдайының төмен деңгейі, психологиялық және тілдік дамудың тежелуі байқалады. Олардың ортамен байланысқа түсіп, қоғамның мүшесі екенін сезінуіне мүмкіндік беретін жобаларды жүзеге асыру мәселесі күн тәртібінен түспеу керек. «БҰҰ-ға мүше елдердің ішінде 81 ел ым-ишара тілі заңмен немесе нормативтік актімен мойындалған» [6]. Бұл елдердің кейбірі ым-ишара тілін конституция негізінде ресми тіл деп таныса, біразы арнайы заң қабылдаған. Дүниежүзілік есту қабілеті бұзылған адамдар федерациясының (World Federation of the Deaf) дерегінде ым-ишара тілін 1995 жылы ресми түрде конституцияға енгізіп, заңды тіл мәртебесіне қойған ең алғашқы ел – Уганда деп көрсетілген. Ресми деректер өткен ғасырдың соңғы шенінде әлемде ым-ишара тілін заң негізінде бекіту үрдісі жүргенін көрсетеді. Бұл үрдіс әлі де жалғасып жатыр. «Португалия 1997 жылы Конституцияда ым тілін мәдени тіл ретінде бекітті» [7], Конституцияға сәйкес ым тілін 1995 жылы Финляндия да құқықтық негізде мойындайды [8]. Осы жылы Литва және Словакия да ым тілін заңмен ресми тіл ретінде бекітеді [9]. 1995 жылы Финляндия фин ым тілін ресми мойындаған соң, есту қабілеті шектеулі балалар үшін билингвалды (қос тілде) білім беру бағдарламалары енгізілді. Сарапшылар финдердің бұл шешімі есту қабілеті шектелген балалардың тілдік дамудан артта қалмауына, білім алуда тең мүмкіндікке ие болуына және қоғамға тиімді интеграциялануына жол ашты деп бағалайды. Ым тілін қабылдаған елдер тізімін жалғастыра беруге болады: «Жаңа Зеландия (2006), Норвегия (2021), Панама (1992), Папуа Жаңа Гвинея (2015), Филиппин (2018), Аргентина, Парагвай, Перу, Ирландия (2017), Ұлыбритания (2022), Оңтүстік Африка (2023), Жаңа Зеландия (2006), Норвегия (2021), Чехия, Словакия, Греция, Латвия сияқты елдер 1998–2000 жылдары заңдар қабылдаған» [7]. Ғалымдар ым тілін заң негізінде бекіткен елдердегі салалық өзгерістеріне сараптама жасай отырып, алты саладағы оң өзгерістерді бөліп көрсеткен:

1. Білім беру мен лингвистикалық құқықтар. Норвегияда norvegian sign language (NSL) мойындалғаннан кейін, білім жүйесінде ым тілінде білім беру

кеңейтіліп, есту қабілеті төмен балалар жергілікті мектептерде білім алу мүмкіндігіне ие болды. 1990-жылдардан бастап, барлық арнайы мектептер жабылған, балалар орта мектептерге ауысқан [8].

2. Қоғамдық қызметтер. Ирландия 2017 жылғы Irish Sign Language Act арқылы барлық мемлекеттік орган қызметтерінде ым тілін қолдануды міндеттеді. Құқық қорғау органдары, азаматтық және сот жүйесінде ым тіліндегі аударма қызметтерін заңдастыру, мемлекеттік қызметтерді дербес ым тілінде өткізу мүмкіндігін қамтамасыз етті [9].

3. Денсаулық сақтау мен ақпаратқа қолжетімділік. Коронавирус пандемиясы кезеңінде ым тілінде ақпарат берудің маңызы артып, заңды мойындау салдарынан теледидардағы жаңалықтар мен мемлекеттік хабарламаларда ым тілінде субтитр немесе аударма енгізілді. Бұл ақпараттық теңсіздіктің азаюына ықпал етті.

4. Әлеуметтік және психологиялық әсер. Инклюзивті білім беру тәжірибесінде, мысалы Sharjah университетінде (БАӘ) жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қолжетімді ортада оқитын есту қабілеті төмен студенттерде өз-өзіне сенім, коммуникативті қабілеттер және әлеуметтік интеграция айтарлықтай жақсарған [10] .

5. Қоғамдық көзқарас өзгерді. Қоғамдық орындарда, мектептер мен әділет саласында ым тілінің қолданыс аясы кеңи түскен. Медиа мен өнер саласындағы ым тілі кәсіби коммуникация құралы ретінде қабылдана бастаған. Сонымен қатар, мылқаулар мен есту қабілеті төмен адамдар қауымдастықтары мен қоғамының жұмыстары белсенді бола бастаған.

6. Құқықтық нормалар. 2006 жылғы Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы бойынша, мемлекеттерді өз ұлттық ым тілін заңға енгізуге және оны білім беру мен мәдени салада жұмылдыруға міндеттеді. Бұл көптеген елдердің заңнамалық реформаны тездетуіне ықпал етті.

Нәтижелер

Интернет ресурстардағы деректердің көбінде қазақ ым тілі – Kazakh Sign Language (KSL) негізінен Ресей ым тілінің диалектісі ретінде қарастырылады. «Ол Ресей ым тілінің негізінде құрылып, Қазақстанда қолдану ерекшеліктері бар нұсқа. Бұл тілге арналған өзге дербес зерттеулер мен академиялық еңбектер өте шектеулі» [11]. Ым-ишара тілінің ресми тұрғыда заңдық негізде бекітілген елдердің тәжірибесіне үңілгенде, ол мемлекеттерде өз мемлекеттік тілінің негізінде ресми ым тілі бекітілгені анық байқалады. Атап айтқанда, норвег ым тілі, фин ым тілі, ирланд ым тілі деп жалғастыра беруге болады. Тіпті британ ым тілін Шотландия Англия мен Уэлстен бұрын 2015 жылы ресми тіл ретінде бекіткен. Қалған екеуі британ ым тілін 2022 жылы заң жүзінде қабылдаған. Бұл бөлімде де халықаралық тәжірибеге қайта ора-

лудың себебі бар. Интернет ресурстардағы шетелдік ақпарат қазақ ым тілін Ресей диалектісі деп көрсеткенімен, екі тілдің табиғаты, тарихының бөлек екені түсінікті. Сондықтан Қазақстанның мемлекеттік тіліне негізделген ым тілі зерттелуі тиіс. Орыс тілінің дыбыстарымен салыстырғанда, қазақ тілінің өзгеше, өзіне ғана тән дыбыстары бар. Сол дыбыстарға дербес қол икемі (конфигурациясы) керек. Кейбір деректерде: «Қазақстанда 1998 жылы Қазақ дактиль әліпбиі алғаш рет мектептерде («Әліппе» оқулығында) бекітілген. 2007 жылы Үміт қоғамдық қоры қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне арналған ым тілінің сөздігін шығарған (әліпбилерді қамтиды» [12] деген ақпарат бар. Сонымен қатар «Қазақстанда 17 жоғары оқу орны ым тілін үйретіп, есту қабілеті төмен балаларға арнайы мұғалім даярлайды» [13]. Қазақ ым тіліне қатысты ақпараттық технологиялар мен жасанды зерде тұрғысынан бірталай жобалар жасалған. Атап айтқанда, 2024 жылы QAZAQ SIGN LANGUAGE: Bridging Communication Barriers атты веб қосымша жасалған. «Бұл қосымша қазақ, орыс және ағылшын тілдерін Қазақ Ресей ым тілдеріне аудару мүмкіндігін ашқан» [14]. Қазақ дактиль әліпбиінің орыс тілінің негізінде құрылуы және қазақ ым тілін Ресей ым тілінің диалектісі деп қарастыру ғылыми тұрғыдан үлкен талқылауды қажет етеді. Себебі: *біріншіден,* қазақ тілінің дыбыстық табиғаты мен фонетикасы бөлек. Қазақ тіліндегі дыбыстар мен орыс тіліндегі дыбыстардың артикуляциясы, үндестік заңдылығы өзгеше. Дактиль әліпбиі мен ым қимылдар да осы тілдің табиғатына бейімделуі тиіс. *Екіншіден,* лексикалық және грамматикалық құрылымы бөлек. Қазақ тілі агглютинативті (жұрнақ, жалғау арқылы сөз түрлендіру) тіл, ал орыс тілі флективті тіл (сөз түбірінің өзгеруі арқылы түрлендіру). Ым тіліндегі сөз құрылымы да осыған сай бейімделуі қажет. *Үшіншіден,* ұлттық мәдени ерекшеліктер бар. Қазақ халқының салт-дәстүріне, мәдениетіне тән ұғымдар, түсініктер ым тілінде де көрініс табуы керек. Төртіншіден, ұлттық ым тілі қажет. Қазақ тілін ана тілі ретінде меңгерген есту қабілеті бұзылған азаматтар үшін қазақ тілінің морфологиясына, синтаксисіне сай, мәдени ерекшеліктерін ескеретін дербес Қазақ Ым Тілі (QSL немесе KSL) ғылыми тұрғыдан негізделуі тиіс.

Осылайша, зерттеу нәтижелері қазақ ым тілін тек Ресей ым тілінің диалектісі немесе көшірмесі ретінде қарастырудың ғылыми тұрғыдан негізсіз екенін айқын көрсетеді. Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстық табиғаты мен артикуляциясы, агглютинативті грамматикалық құрылымы және халықтың ұлттық-мәдени танымы дербес лингвистикалық жүйені талап етеді. Осыған орай, қазіргі дактиль әліпбиін ұлттық тілдің заңдылықтарына сәйкестендіріп қайта қарау және толыққанды дербес қазақ ым тілін (QSL) ғылыми айналымға енгізу – инклюзивті білім беру жүйесінің кезек күттірмейтін міндеті. Бұл қадам есту қабілеті төмен азаматтардың ана тілін-

де сапалы білім алуына, қоғамдық процестерге тең құқылы мүше ретінде толыққанды араласуына және халықаралық стандарттарға сай тіл құқықтарының қорғалуына берік негіз қалайды.

Қорытынды

Ым-ишара тілі қол қимылы, дене қозғалысы, бет мимикасы және кеңістікті пайдалану сияқты визуалды-кинетикалық элементтерге негізделген табиғи коммуникациялық құрал ретінде қалыптасқан. Дыбыстық тілдер сияқты ым-ишара тілінің де өзіндік грамматикалық құрылымы, лексикалық қоры және синтаксистік жүйесі бар. Сондықтан оны вербалды емес қарым-қатынас формасы ретінде ғана емес, дербес тілдік жүйе ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан негізді. Зерттеу барысында ым-ишара тілі мен кинетикалық тілдің айырмашылығы анықталып, олардың қызметтік және құрылымдық ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылды. Ым-ишара тілі жүйелі лингвистикалық құрылымы бар тілдік құрал болса, кинетикалық тіл көбінесе вербалды коммуникацияны толықтыратын бейсаналы қимыл-қозғалыстар жүйесі ретінде сипатталады. Қазақ ым тілін зерттейтін ғылыми жобаларды дамыту, қазақ тіліне бейімделген жаңа дактиль әліпбиін жасау, білім беру мен БАҚ саласында ұлттық ым тілін жүйелі түрде енгізу, Қазақстандағы есту және сөйлеу қабілеті бұзылған азаматтардың ұлттық тілдік құқықтарын қорғау механизмдерін жетілдіру қажет. Сонымен қатар ым-ишара тілінің құрамдас бөлігі болып саналатын дактиль әліпбиі дыбыстық тілдердің әріптік жүйесін қол қимылдары арқылы бейнелейтін маңызды орфографиялық құрал екені анықталды. Ол есту қабілеті бұзылған адамдар мен еститін адамдар арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін тиімді коммуникациялық механизм қызметін атқарады. Халықаралық тәжірибеге талдау жасау ым-ишара тілінің көптеген елдерде заңнамалық деңгейде мойындалып, білім беру, әлеуметтік қызмет, құқықтық жүйе және ақпараттық қолжетімділік салаларында кеңінен қолданылып жатқанын көрсетті. Бірқатар мемлекеттерде ым-ишара тілінің ресми түрде бекітілуі есту қабілеті бұзылған адамдардың білім алу, қоғамдық өмірге қатысу және ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңейткен. Бұл тәжірибе инклюзивті қоғам қалыптастыру жолында ым-ишара тілінің маңыздылығын айқындайды. Қазақстандағы жағдайды қарастырғанда, қазақ ым тілі негізінен Ресей ым тілі жүйесіне сүйене отырып қалыптасқаны байқалады. Дактиль әліпбиінің де кирилл графикасына негізделуі осы тарихи үдерістің нәтижесі болып табылады. Алайда қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық ым тілін дербес ғылыми тұрғыдан зерттеу қажеттілігі туындайды. Бұл мәселе тек лингвистикалық тұрғыдан ғана емес, есту қабілеті бұзылған азаматтардың тілдік құқықтары мен

әлеуметтік интеграциясын қамтамасыз ету тұрғысынан да маңызды. Осыған байланысты қазақ ым тілін жүйелі түрде зерттеу, қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне бейімделген дактиль әліпбиін жетілдіру, сондай-ақ білім беру мен бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттық ым тілін қолдану аясын кеңейту маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Мұндай ғылыми және практикалық шаралар Қазақстандағы инклюзивті тілдік саясатты дамытуға, есту қабілеті бұзылған азаматтардың қоғам өміріне толыққанды қатысуына және олардың тілдік құқықтарының қорғалуына ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Stokoe, W. C. (1960). Sign Language Structure: An Outline of the Visual Communication Systems of the American Deaf. Buffalo: Department of Anthropology and Linguistics, University of Buffalo (Studies in Linguistics: Occasional Papers, No. 8).

2. Brentari, D., Goldin Meadow, S. және Coppola, M. (2012). When does a system become phonological? Handshape production in gesturers, signers, and homesigners. Natural Language & Linguistic Theory, 30(1), 1–31. DOI: 10.1007/s11049-011-9145-1

3. World Health Organization. Deafness and hearing loss: Key facts [Электрондық ресурс]. – Geneva: WHO, 2021. – Қолжетімді: https://www.who.int/news-room/fact-sheets/detail/deafness-and-hearing-loss (қол жеткізілген күні: 04.08.2025).

4. Brentari, D. (Ed.). (2011). Sign Languages. Cambridge University Press. DOI: 10.1017/CBO9780511977691

5. World Health Organization. 1 in 4 people projected to have hearing problems by 2050 [Электрондық ресурс]. – Geneva: WHO, 2021. – Қолжетімді: https://www.who.int/news/item/02-03-2021-who-1-in-4-people-projected-to-have-hearing-problems-by-2050 (қол жеткізілген: 04.08.2025)

6. World Federation of the Deaf. Legal recognition of national sign languages – world map [Электрондық ресурс]. – Geneva: WFD, 2025. – Қолжетімді: https://wfdeaf.org/resources/world-map-legal-recognition-of-national-sign-languages/ (қол жеткізілген: 04.08.2025).

7. Deaf History Europe. (n.d.). Portugal Recognises Portuguese Sign Language (LGP) in its Constitution (1997). Retrieved August 2025, from https://deafhistory.eu/index.php/component/zoo/item/portugal-recognises-portuguese-sign-language-lgp-in-its-constitution-1997

8. World Federation of the Deaf. (n.d.). Legal Recognition of National Sign Languages. Retrieved from https://wfdeaf.org/our-work/focus-areas/sign-language-rights/

9. Deaf History Europe. (n.d.). Lithuania Recognises Lithuanian Sign Language (1995). Retrieved from https://deafhistory.eu/index.php/component/zoo/item/lithuania-recognises-lithuanian-sign-language-1995

10. pmc.ncbi.nlm.nih.govwfdeaf.org

11. Kazakh Sign Language. (2024). Wikipedia, the free encyclopedia. Retrieved August 5, 2025, from https://en.wikipedia.org/wiki/Kazakh_Sign_Language

12. Sign language in Kazakhstan: How dactyl alphabet was created and how it is being developed [Электрондық ресурс] // Tengrinews.kz. – 2022. – 13 шілде. – Қолжетімділік режимі: https://en.tengrinews.kz/show_and_style/sign-language-kazakhstan-how-dactyl-alphabet-created-how-470208/ (қол жеткізілген күні: 05.08.2025).

13. Курсив Media. Special schools and universities in Kazakhstan are training teachers for students with hearing impairments [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: https://kursiv.media/en/2023/04/24/education-for-deaf-in-kazakhstan/ (қол жеткізілген күні: 05.08.2025).

14. QAZAQ SIGN LANGUAGE: Bridging Communication Barriers [Электрондық ресурс]. – Назарбаев Университеті, 2024. – Режим доступа: https://nur.nu.edu.kz/handle/123456789/7678 (қол жеткізілген күні: 05.08.2025).

А.Б.ТОЛЕУОВА[1], А.Б.ТОЛЕУ[2]

Средняя школа №2 села Уштерек[1],

НАО «Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова»[2]

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ КАЗАХСКОГО ЖЕСТОВОГО ЯЗЫКА И ДАКТИЛЬНОГО АЛФАВИТА: ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ

Аннотация. В данной статье рассматриваются лингвистические и социальные особенности казахского жестового языка и дактильного алфавита. Цель исследования заключается в научном описании природы жестового языка, его отличий от кинетического языка, а также роли дактильного алфавита в системе коммуникации. В статье анализируется жестовый язык как визуально-пространственная языковая система и доказывается, что он представляет собой полноценный язык со своей грамматической структурой, лексическим составом и синтаксическими особенностями. Кроме того, в сравнительном аспекте рассматриваются различия между жестовым и кинетическим языком, определяются их функциональные характеристики.

В ходе исследования описывается роль дактильного алфавита в жестовом языке, в частности его функция как орфографического средства, позволяющего передавать буквенную систему звучащего языка посредством движений рук. Также в статье рассматривается международный опыт использования жестовых языков, процессы их законодательного признания в различных странах и значение жестового языка в системе инклюзивного образования. Особое внимание уделено анализу практики использования жестового языка и дактильного алфавита людьми с нарушениями слуха и речи в Казахстане.

Результаты исследования свидетельствуют о необходимости дальнейшего научного изучения казахского жестового языка как национальной языковой системы, совершенствования дактильного алфавита с учетом фонетических и культурных особенностей казахского языка, а также расширения сферы его применения в образовании и общественной коммуникации.

Ключевые слова: казахский жестовый язык, дактильный алфавит, кинетический язык, люди с нарушениями слуха, инклюзивная коммуникация, языковые права.

A.B. TOLEUOVA1, A.B. TOLEU2

Secondary School No. 2 of Ushterek Village[1],.

NAO "National Scientific and Practical Center "Til-Kazyna" named after Sh. Shayakhmetov"[2]

THE LINGUISTIC POTENTIAL OF KAZAKH SIGN LANGUAGE AND THE DACTYL ALPHABET: INCLUSIVE EDUCATION AND INTERNATIONAL EXPERIENCE

Abstract. This article examines the linguistic and social characteristics of Kazakh Sign Language and the dactyl alphabet. The aim of the study is to provide a scholarly description of the nature of sign language, its distinction from kinetic language, and the role of the dactyl alphabet within the communication system. The article analyzes sign language as a visual–spatial linguistic system and demonstrates that it represents a fully developed language with its own grammatical structure, lexical resources, and syntactic features. In addition, the differences between sign language and kinetic language are presented from a comparative perspective, and their functional characteristics are identified. The study also describes the role of the dactyl alphabet in sign language, particularly its function as an orthographic tool that represents the letter system of spoken language through hand movements. Furthermore, the article reviews international practices of sign language use, the processes of its legal recognition in different countries, and its significance within

inclusive education systems. Special attention is given to the analysis of the use of sign language and the dactyl alphabet by people with hearing and speech impairments in Kazakhstan. The findings of the study highlight the necessity of further scholarly research on Kazakh Sign Language as a national linguistic system, the improvement of the dactyl alphabet in accordance with the phonetic and cultural characteristics of the Kazakh language, and the expansion of its application in education and public communication.

Keywords: Kazakh Sign Language, dactyl alphabet, kinetic language, people with hearing impairments, inclusive communication, language rights.

References

1. Stokoe, W. C. (1960). Sign Language Structure: An Outline of the Visual Communication Systems of the American Deaf. Buffalo: Department of Anthropology and Linguistics, University of Buffalo (Studies in Linguistics: Occasional Papers, No. 8).

2. Brentari, D., Goldin Meadow, S. және Coppola, M. (2012). When does a system become phonological? Handshape production in gesturers, signers, and homesigners. Natural Language & Linguistic Theory, 30(1), 1–31. DOI: 10.1007/s11049-011-9145-1

3. World Health Organization. Deafness and hearing loss: Key facts [Электрондық ресурс]. – Geneva: WHO, 2021. – Қолжетімді: https://www.who.int/news-room/fact-sheets/detail/deafness-and-hearing-loss (қол жеткізілген күні: 04.08.2025).

4. Brentari, D. (Ed.). (2011). Sign Languages. Cambridge University Press. DOI: 10.1017/CBO9780511977691

5. World Health Organization. 1 in 4 people projected to have hearing problems by 2050 [Электрондық ресурс]. – Geneva: WHO, 2021. – Қолжетімді: https://www.who.int/news/item/02-03-2021-who-1-in-4-people-projected-to-have-hearing-problems-by-2050 (қол жеткізілген: 04.08.2025)

6. World Federation of the Deaf. Legal recognition of national sign languages – world map [Электрондық ресурс]. – Geneva: WFD, 2025. – Қолжетімді: https://wfdeaf.org/resources/world-map-legal-recognition-of-national-sign-languages/ (қол жеткізілген: 04.08.2025).

7. Deaf History Europe. (n.d.). Portugal Recognises Portuguese Sign Language (LGP) in its Constitution (1997). Retrieved August 2025, from https://deafhistory.eu/index.php/component/zoo/item/portugal-recognises-portuguese-sign-language-lgp-in-its-constitution-1997

8. World Federation of the Deaf. (n.d.). Legal Recognition of National Sign Languages.

Retrieved from https://wfdeaf.org/our-work/focus-areas/sign-language-rights/

9. Deaf History Europe. (n.d.). Lithuania Recognises Lithuanian Sign Language (1995). Retrieved from https://deafhistory.eu/index.php/component/zoo/item/lithuania-recognises-lithuanian-sign-language-1995

10. pmc.ncbi.nlm.nih.govwfdeaf.org

11. Kazakh Sign Language. (2024). Wikipedia, the free encyclopedia. Retrieved August 5, 2025, from https://en.wikipedia.org/wiki/Kazakh_Sign_Language

12. Sign language in Kazakhstan: How dactyl alphabet was created and how it is being developed [Электрондық ресурс] // Tengrinews.kz. – 2022. – 13 шілде. – Қолжетімділік режимі: https://en.tengrinews.kz/show_and_style/sign-language-kazakhstan-how-dactyl-alphabet-created-how-470208/ (қол жеткізілген күні: 05.08.2025).

13. Курсив Media. Special schools and universities in Kazakhstan are training teachers for students with hearing impairments [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: https://kursiv.media/en/2023/04/24/education-for-deaf-in-kazakhstan/ (қол жеткізілген күні: 05.08.2025).

14. QAZAQ SIGN LANGUAGE: Bridging Communication Barriers [Электрондық ресурс]. – Назарбаев Университеті, 2024. – Режим доступа: https://nur.nu.edu.kz/handle/123456789/7678 (қол жеткізілген күні: 05.08.2025).

Авторлар туралы мәлімет:

Толеуова Асель Болатовна – Үштерек ауылындағы 2 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Алматы, Қазақстан;

Толеуова Асель Болатовна – Учитель казахского языка и литературы средней школы № 2 села Уштерек, Алматы, Казахстан;

Toleuova Assel Bolatovna – Teacher of Kazakh Language and Literature, Municipal State Institution Secondary School No. 2 of Ushterek Village, Almaty, Kazakhstan.

Төлеу Айнұр Болатқызы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Абай институты жетекшісі, Астана, Қазақстан;

Толеу Айнур Болаткызы – докторант КазНУ имени Аль-Фараби, руководитель Института Абая Национального научно-практического центра «Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова, Астана, Казахстан;

Toleu Ainur Bolatkyzy – PhD Doctoral Student at Al-Farabi KazNU, Head of the Abai Institute of NAO "National Scientific and Practical Center "Til-Kazyna" named after Sh. Shayakhmetov", Astana, Kazakhstan.

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ
Мақалалардың мазмұны мен стиліне
авторлар жауапты.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«ТІЛ-ҚАЗЫНА» ұлттық
ғылыми-практикалық орталығында
теріліп, беттелді.

Бас редактор **А. Қожахмет**
Жауапты редактор **Ж. Искакова**
Дизайнын және электронды нұсқасын дайындаған
С.Баубек

Редакцияның мекенжайы:
Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7А,
til.qogam@tilqazyna.kz

Беттеуге берілген күні: 20.07.2026
Электронды нұсқаға қол қойылған күні:23.07.2026
Пішімі 70х100 1/16 Шартты баспа табағы 9.1